

**"Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 164 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 6 мамырда № 10971 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 16 қарашадағы № ҚР ДСМ-197/2020 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 16.11.2020 № ҚР ДСМ-197/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6 тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика

министри

**"КЕЛІСІЛГЕН"**

Е. Досаев

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау және  
әлеуметтік даму министрі  
\_\_\_\_\_ Т.Дүйсенова  
2015 жылғы 6 сәуір

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрінің  
2015 жылғы 28 ақпанды  
№ 164 бұйрығымен  
бекітілген

**"Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық талаптар"  
санитариялық қағидалары**

**1. Жалпы ережелер**

1. Осы "Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабының 6-тармағына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының заңнамасында өндіруге және қайта өндеуге қойылатын өзге де талаптар белгіленген тамақ өнімдерін коспағанда, тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге (бұдан әрі – объектілер) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

2. Осы Санитариялық қағидалар:

- 1) жобалау, салу, реконструкциялау, қайта жабдықтау және пайдалануға беру;
- 2) үй-жайлар мен жабдықты күтіп-ұсташау және пайдалану;
- 3) тамақ өнімдерін өндіру, өлшеп-ораяу, сақтау, тасымалдау, байыту;
- 4) өндірістік бақылауды ұйымдастыру;

5) персоналға тұрмыстық қызмет көрсету кезінде объектілерге, сондай-ақ медициналық қарап тексеруге және персоналды гигиеналық оқытуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтиды.

3. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылды:

1) азық-түлік (тамақ) шикізаты – тамақ өнімдерін өндіру кезінде одан әрі қайта өндеуге арналған жануардан, өсімдіктен, микробиологиялық, минералдық, жасанды немесе биотехнологиялық жолдармен алынатын шикізат және ауыз су;

2) балалар сүт ас үйі – еметін және жас сәбілерге арналған сүт өнімдері мен емдік тамақтану өнімдерін дайындауға арналған объект;

3) балалар тағамы қоспасы – сапалық және сандық қатынасында емшек сүтінің құрамына барынша жақындатылған, баланың жасанды және аралас тамақтануы кезінде қалыпты дене бітімінің дамуын қамтамасыз ететін сүт қоспасы;

4) бастыру машинасы – дәндердің бетін шаңнан құрғақтай тазалауға, жеміс қабықтарын, шашақтарын және тұқымдарын ішінара бөліп алуға және дәнді алдын ала қабыршақтауға арналған қамшы түріндегі жұмыс органды бар дән тазалайтын машина;

5) бастундар – ұзын макарон бұйымдары ілінетін және кептірілетін жабдықтың қосалқы бөлігі;

6) бункер, силос – ысырмамен және қоректендірушімен жабдықталған тәменгі бөлігі арқылы тиелетін дәнді уақытша сақтауға арналған ыдыстар;

7) бураттар – ұнды елеуге және металл магнитті қоспаларды ұстап қалуға арналған технологиялық жабдық;

8) бүріккіш пистолет (форсункалар) – сауу алдында сиырдың желініне өндеу жүргізуге арналған құрылғы;

9) ветеринариялық құжаттар – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау объектілеріне республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары беретін ветеринариялық сертификат; мемлекеттік ветеринариялық дәрігерлер беретін ветеринариялық-санитариялық қорытынды; жергілікті атқарушы органдар құрган мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы маманы малға, малдан алынатын өнімге және шикізатқа, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы эпизоотиялық ахуал туралы, сондай-ақ өндірістік бақылау бөлімшесінің аттестатталған ветеринариялық дәрігері беретін малдың, малдан алынатын өнім мен шикізаттың ветеринария саласындағы уәкілетті орган бекіткен тәртіппен ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі ветеринариялық анықтама;

10) гомогенизация – май түйіршіктерін ұсақтау жолымен сүттің құрамын біркелкі қалыпқа келтіруге арналған технологиялық процесс;

11) дайындалған күні – тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) процесінің (сатысының) аяқталған күні;

12) дайындалатын сүт – дені сау малдан алынған және стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар мен ветеринариялық-санитариялық қағидалардың талаптарына сай келетін сүт;

13) дайындаушиның техникалық құжаттары – сәйкестендіру белгілерін көрсете отырып, тамақ өнімдерінің атауы, тамақ өнімдерінің ингредиенттік құрамы, қолданылу саласы, физикалық-химиялық және органолептикалық көрсеткіштері, сондай-ақ тамақ өнімдерінің қауіпсіздік көрсеткіштері, таңбалауға және қаптауға қойылатын талаптар, жарамдылық мерзімі мен сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату шарттарын, технологиялық операцияларды және оларды тамақ өнімдерінің тиісті түрлеріне қолдану жүйелілігін, тамақ өнімдерінің немесе импорттық тамақ өнімдерінің өнеркәсіптік өндірісі жүзеге асырылатын өндірістік бақылау бағдарламасын қамтитын өндіріс процестерінің тізбелері мен сипаттамасы бар тамақ өнімдерін дайындау, сақтау, тасымалдау және өткізу жүзеге асырылатын дайындаушы бекіткен құжаттар (ұйым стандарттары, техникалық шарттар, технологиялық регламенттер, технологиялық нұсқаулықтар, ерекшеліктер);

14) дәнді ылғалды қабыршақтауға арналған машина – дәнді ылғалдандыруға және қабығын ішінара алу үшін қолданылатын машина;

15) дәннің зиянды қоспасы – адам мен жануарлардың денсаулығына қауіпті есімдікten алынған қоспа;

16) дезинфекциялау кедергісі – автокөлік дөңгелектерін дезинфекциялауға арналған дезинфекциялау ерітіндісімен толтырылған, объект аумағына кіреберіс жердегі шұнқыр;

17) дезинфекциялау-жуу пункті (бұдан әрі – дезжуу пункті) – малды тасымалдайтын көлік құралын жуу және дезинфекциялау жүргізілетін орын;

18) есептік нөмір – өндіру объектісінің қызмет түрі мен нөмірін қамтитын код ;

19) етті дефростациялау – етті бұлышық еттің қалың жерінде плюс (бұдан әрі – "+") 1 градус Цельсий (бұдан әрі –  ${}^0\text{C}$ ) төмен емес температурага дейін жібіту;

20) жанышылған ет – сүйегінен ажыратылған тұтас еттің бұлышық еттерінен, майынан және дәнекер тіндерінен тұратын ет өнімі;

21) жарамдылық мерзімі – тамақ өнімдерін өндіру (дайындау), айналымы процестерінің (сатыларының) шарттарын сақтаған кезде тамақ өнімдерін мақсаты бойынша пайдалану қауіпсіз деп саналатын және аяқталған кезде мақсаты бойынша пайдалану үшін тамақ өнімдері жарамсыз болатын уақыт кезеңі;

22) жарма өнімдері – дәнді жармаға өндіреу нәтижесінде алынған өнімдер;

23) жетілдіру камерасы – дайын өнімнің тиісті органолептикалық көрсеткіштерін және сақтау кезінде төзімділігін қамтамасыз ету үшін етке созылмалы түр беру, ылғал ұстағыш қабілетін сақтау мақсатында етті ұстауға арналған үй-жай;

24) жоғары температурада пастерлеу –  $+77^0\text{C}$  бастап  $+125^0\text{C}$  дейінгі температура диапазонында, сілтілі фосфатазаны және пероксидазаны инактивациялау қоса жүретін термиялық өндеу процесі;

25) зеер камерасы – шнектің және дәндер ядросының ортасынан алынатын майдаланған жарманың пресс пластиналары арасындағы кеңістік;

26) крахмал-сірне өнімдері – құрамында крахмалы бар шикізаттан крахмал мен крахмал өнімдерін дайындау нәтижесінде алынған өнім. Крахмал-сірне өнімдеріне мыналар жатады: крахмал сірнесі, кристалды глюкоза, түрлі көмірсутекті құрамдағы сироптар, жасанды және түрлендірілген крахмалдар, декстриндер, крахмал сагосы және крахмал негізіндегі басқа да өнімдер;

27) қабық – күнбағыс дәнінің жеміс қабығы;

28) қайнатпа – әртүрлі жемістер мен жидектердің езбесін қоса отырып, пісірілген қант массасы;

29) қамырды ашытып қою – стандарттау жөніндегі нормативтік

құжаттарға сәйкес ауаның температурасы мен ылғалдылығы жағдайында қамырды ұстау;

30) қарқынды ылғалдау шнегі – дәнді ылғалдауға арналған транспортер түріндегі жабдық;

31) қатты мұздатылған ет – бұлшық еттің қалың жерінде минус (бұдан әрі – "-")  $18^0\text{C}$  аспайтын температураға дейін мұздатқаннан кейінгі ет;

32) қауіпті тамақ өнімдері – пайдалану кезінде адам өмірі мен денсаулығы және қоршаған орта үшін жол берілмейтін қатер төнетін өнімдер;

33) қуаттылығы аз объектілер (шагын өндіріс) – етті, сұтті, нан және нан-тоқаш бұйымдарын, балықты қайта өндеу бойынша өндірісі тәулігіне 3,0 тоннаға дейін; кремі бар кондитерлік бұйымдар өндірісі тәулігіне 0,1 тоннаға дейін, кремі жоқ кондитерлік бұйымдар өндірісі тәулігіне 0,3 тоннаға дейін; макарон бұйымдары өндірісі тәулігіне 0,1 тоннадан кем, алкоголь және алкогольсіз өнімдер өндірісі жылына жұз мың декалитрге дейінгі объектілер;

34) құрғақ ашытқылар – құрамында 90 пайыз (бұдан әрі – %) құрғақ заттары бар ашытқылар;

35) магнитті бөгеуіштер – металл магнитті қоспаларды бөлуге арналған құрылғы;

36) магнит ұстағыш – ұсақ металл заттарды ұстауға арналған қондырғы;

37) май экстракциялау өндірісі – өсімдік майын өндіретін, майларды гидрогенезациялау мен бөлшектеу жүргізетін объект;

38) малдан алынатын азық-түлік (тамақ) шикізаты – тамақ өнімдерін дайындауға арналған және өнеркәсіптік немесе жылумен өндеуге ұшырамаған өнімдер: малдың барлық түрінің тұтас еті (тұтас еттері), олардың бастапқы қайта

өндеу өнімдері (қан мен субөнімдерді қоса алғанда), судың биологиялық ресурстары және уылдырық, шикі сұт, шикі кілегей, ара шаруашылығы өнімдері, жұмыртқа және жұмыртқа өнімдері; өнеркәсіпте дайындалмаған, ауыл шаруашылығы базарларында өткізуге арналған малдан алынатын өнімдер;

39) меланж – жұмыртқаның ақуызы мен сарыуызының мұздатылған қоспасы;

40) меласса – қант қызылшасы өндірісінің қалдығы, ашытқы өндіруде пайдаланылады;

41) мисцелла – шроттың еріткішпен қоспасы;

42) нормативтік құжаттар – тамақ өнімдерінің, олармен жанасатын материалдар мен бұйымдардың қауіпсіздігіне, олардың қауіпсіздігін бақылауға, оларды дайындау, сақтау, тасымалдау, өткізу және пайдалану, сапасыз, қауіпті тамақ өнімдерін, материалдар мен бұйымдарды кәдеге жарату немесе жою шарттарына қойылатын талаптарды белгілейтін стандарттар, санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және фитосанитариялық қағидалар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер;

43) өндірістік бақылау – өндіруші тамақ өнімдерін өндіру (дайындау), айналымы және кәдеге жарату процесінде олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағыттаған іс-шаралар; зертханалық зерттеулер мен сынақтар жүргізуді қамтитын жұмыстардың орындалуы және қызметтердің көрсетілуі;

44) өнеркәсіпте дайындалмаған тамақ өнімдері – азаматтар үй жағдайларында және (немесе) жеке қосымша шаруашылықтарында немесе бау, бақша, мал шаруашылығымен айналысатын азаматтар алған және тек ауыл шаруашылығы базарларында өткізуге арналған жануардан және есімдіктен алынған өнімдер;

45) өсімдік майы – сығып алу немесе айырып алу арқылы өсімдіктердің тұқымдарынан немесе жемістерінен алынатын өсімдік майлары;

46) пастерлеу – микроорганизмдердің патогенді және вегетативті жасушаларын өнімдегі бастапқы құрамының кем дегенде 99,0 %-ға жоюды қамтамасыз ететін,  $+65^{\circ}\text{C}$  бастап  $+100^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада термиялық өндеу (бір рет қыздыру арқылы) процесі;

47) престелген ашытқылар – құрамында 25-30 % құрғақ заттары бар ашытқылар;

48) рециркуляция – бастапқы параметрлеріне дейін келтірілген ауаны қайта пайдалану;

49) рұқсат етілген шекті шоғырлану – барлық еңбек өтілі ішіндегі күнделікті жұмыс кезінде ауру немесе денсаулық жағдайында ауытқу тудырмайтын зиянды өндірістік факторлардың деңгейлері;

50) салқындағылған ет – жануарды немесе құсты сойғаннан кейін тікелей және бұлшық еттің қалың жерінде  $0^{\circ}\text{C}$  бастап  $+4^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада салқындағаннан кейін алынатын жас ет;

51) санитариялық өндеу – жабдықты, мүкәммалды, ыдысты жуу және дезинфекциялау сапасын қамтамасыз ететін технологиялық тәсілдердің жиынтығы;

52) санитариялық ақау – технологиялық операциялар, тасымалдау және (немесе) жинау барысындағы бұзушылықтар салдарынан туындаған өнімнің өзгеруі, тікелей мақсаты бойынша пайдалану мүмкіндігін болдырмая әкеп соқтыратын, оның органолептикалық және тұтынушылық қасиеттерінің өзгеруі арқылы өнімнің бүлінуі;

53) санитариялық арнайы киім (бұдан әрі – арнайы киім) – шикізатты, қосымша материалдарды және дайын өнімді механикалық бөлшектермен, микроорганизмдермен және басқа ластанулармен ластанудан қорғауға арналған персоналдың қорғаныш киімінің жиынтығы;

54) санитариялық күн – үй-жайларды күрделі жинауга, жабдықтар мен мүкәммалды жууға, қажет болған жағдайда дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау жүргізу үшін арнайы бөлінген уақыт (кемінде айна бір рет);

55) санитариялық сою орны – ауру малды союға арналған үй-жай;

56) сепаратор – дәндерді ірі, ұсақ және жеңіл қоспалардан тазалауға арналған дән тазалайтын машина;

57) стерилизациялау –  $+100^{\circ}\text{C}$  жоғары температурада микроорганизмдерді, олардың вегетативті жасушалары мен спораларын жоюды қамтамасыз ететін тұмшаланып жабылған ыдыстарда сүтті термиялық өндеу процесі;

58) сүт блогы – сүтті бастапқы өндеуге және уақытша сақтауға, сауу жабдығын санитариялық өндеуге, жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтауға және дайындауға арналған сиыр қорадағы оқшауландырылған үй-жай немесе жеке ғимарат;

59) тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігі куәлігі – тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізатының әрбір партиясына қоса берілетін және оның сапасы мен қауіпсіздігінің нормативтік, техникалық құжаттардың талаптарына сәйкес келуін куәландыратын; оларды қадағалауды қамтамасыз ететін, партияның нөмірі мен көлемін (бар болғанда), жарамдылық мерзімдері мен оларды сақтау шарттарын қамтитын өндірушінің (дайындаушының) құжаты;

60) тамақ өнімдерінің қауіпсіздік көрсеткіші – адамның және малдың денсаулығына қауіп төндіретін химиялық, радиоактивті, уытты заттардың және

олардың қосындылары құрамының, микроорганизмдердің және басқа да биологиялық организмдердің жол берілетін деңгейі;

61) тамақ өнімдері – бұл адамның тағамға тұтынуына (оның ішінде балалар тағамына, диеталық емдік тамақтануға, диеталық профилактикалық тамақтануға, спортшылардың тамақтануына арналған мамандандырылған өнімдер, сергітетін сусындар, өсімдіктен, малдан және микробтан алынатын гендік-инженерлік түрлендірілген (трансгенді) организмдерден алынған шикізаттардан өндірілетін тамақ өнімдері, органикалық өнімдер) арналған табиғи, өнделген немесе қайта өнделген түрдегі жануардан, өсімдіктен, микробиологиялық, минералдық немесе биотехнологиялық жолдармен алынған өнімдер, ауыз су және ыдыстарға өлшеп құйылған минералды ауыз су, алкогольді (оның ішінде сыра) және алкогольсіз сусындар, тағамға биологиялық белсенді қоспалар, сағыздар, ұйытқылар мен микроорганизмдердің бастапқы өсірінділері, ашытқылар, тағамдық қоспалар мен хош иістендіргіштер, сондай-ақ азық-түлік (тамақ) шикізаттары мен тамақ ингредиенттері;

62) тамақ өнімдерінің партиясы – қауіпсіздікті куәландаудыратын бір құжат қоса берілетін, ұксас жағдайларда өндірілген (дайындалған) және (немесе) қапталған біртекті тамақ өнімдерінің жиынтығы;

63) тартылған ұн өнімдері – дәнді ұнға өндеу нәтижесінде алынған өнімдер;

64) тез бұзылатын тамақ өнімдері – қатаң регламенттелген мерзімдерде тасымалдаудың, сақтаудың және өткізуудің арнайы талаптарын қажет ететін тамақ өнімдері;

65) тез мұздатылған өнімдер – бүтін, туралған немесе ұсақталған табиғи тағам компоненттерін қоса отырып немесе оларды қоспай дайындалған, қапталған және сақтау кезінде және тұтынушыға дейін барлық салқынданту тізбегінде сақтау қажет, өнім ішіндегі температуралы -18<sup>0</sup>C дейін жеткізгенге дейін жылдам тәсілмен мұздатылған өнімдер;

66) тез мұздататын камера – -28<sup>0</sup>C және одан төмен температуралық режимдегі жабдықталған үй-жай;

67) тегістеуші машина – дәннің (тұқымның) бетінен қауызы арсылғаннан кейін қалған қабыршақтарды (және ішінара ұрықты) біржола алып тастауға арналған, сондай-ақ жармаларды стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген қалыпқа және қажет етілетін сыртқы түріне дейін өндеуге арналған машина;

68) технологиялық немесе өндірістік ақау – стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарда белгіленген талаптарды қанағаттандырмайтын өнім, оны

ақаулардың болуына байланысты тұтынушыға беруге жол берілмейді. Технологиялық ақау қайта өндөлеледі немесе өзінің қажеттіліктері үшін пайдаланылады;

69) термиялық өндеу – өнімдерді термиялық өндеу процесі (сұту, термизация, пастерлеу, стерилизациялау, ультрапастерлеу, ультражоғары температурада өндеу);

70) термизация – сұтті немесе сұт өнімдерін  $+60^{\circ}\text{C}$  бастап  $+68^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада кейіннен 30 секундқа (бұдан әрі – сек) дейін ұстасу арқылы термиялық өндеу процесі;

71) термограмма – шикізаттарды (өнімдерді) жылумен өндеу режимінің графикалық бейнесі;

72) технологиялық жабдық – өндірістің жұмыс істеуіне қажетті тетіктер, машиналар, құрылғылар, аспаптар жиынтығы;

73) тоңазытылған жұмыртқалар – тоңазытқышта 30 тәуліктен астам уақыт бойы сақталған жұмыртқалар;

74) тоңазытылған ет – жануарды сойғаннан кейін тікелей және еттің қалың жерінде  $-2^{\circ}\text{C}$  бастап  $-3^{\circ}\text{C}$  дейінгі температураға дейін тоңазытқан соң алынған жас ет;

75) тостер – дәндерді кептіруге арналған электрлі қыздыру аппараты;

76) төменгі температурада пастерлеу –  $+76^{\circ}\text{C}$  жоғары емес температурада сілтілі фосфатазаны инактивациялауда сүйемелденетін термиялық өндеу процесі;

77) ультражоғары температурада өндеу (УЖТ, ультрапастерлеу) – сұтті және оның өндеу өнімдерін  $+125^{\circ}\text{C}$  бастап  $+140^{\circ}\text{C}$  дейінгі температура ағынында кемінде 2-5 сек ұстасу арқылы микроорганизмдерді, олардың вегетативті жасушалары мен спораларын жоюды қамтамасыз ететін термиялық өндеу;

78) ультракұлғін сәуле – үй-жайдың ауасын, суды залалсыздандыру үшін қолданылатын 0,4-0,2 микрометр аукымындағы электр магнитті толқындар;

79) үгу машинасы – жеміс қабықтарын (кебегін) дән эндоспермасынан бөлуді жүзеге асыратын ортадан сыртқа тебетін машина;

80) үлестіру пункті – балалар сұт ас үйі құрамына кіретін немесе балалар сұт ас үйінен 40 километрден (бұдан әрі – км) аспайтын арақашықтықта бөлек орналасқан балалар сұт ас үйінде дайындалған балалар тамағын таратуға арналған объект;

81) ұйытқы – тамақ қоспасын сұтқышқылды бактериялармен немесе сұтқышқылды бактериялармен және ашытқылармен ашытумен алынған жартылай фабрикат,

82) ұнтақтағыш – қатты материалды дисперстіліктің белгілі бір дәрежесіне дейін ұсақтауға арналған құрылғы;

83) ұнтақ – жанышқышта ұнтақталған шикізат;

84) фризерлеу – сүт қоспасын бір уақытта араластыра отырып, балмұздақ үшін салқыннатудың технологиялық процесі;

85) фризер – балмұздақ дайындауға арналған жабдық;

86) циклон – ауаны тазалауға арналған құрылғы;

87) шартты жарамды ет – залалсыздандырғаннан кейін тамаққа пайдалануға жол берілген ауру жануардың тұтас еті (уылжытып пісіру, шұжық бұйымдарын әзірлеу, мұздату немесе тұздау арқылы финнозды етті залалсыздандыру);

88) шелдеу – терінің астындағы майлы және бұлшық ет тіндерінің қалдықтарын алып тастайтын технологиялық операция;

89) шрот – майлы дақылдар тұқымдарын престеу және экстракциялаудан кейін алынатын өсімдік майларын өндіру кезіндегі жанама өнім;

90) щеткалы машина – дәннің бетін қабықтан және шанды ластанудан құрғактай тазалауға арналған щетка түріндегі жұмыс органы бар дән тазалайтын машина.

4. Осы Санитариялық қағидаларда осы бөлімде арнайы айқындалмаған терминдер Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 9 желтоқсандағы № 880 шешімімен бекітілген "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінде (021/2011 КО ТР) (бұдан әрі – 021/2011 КО ТР) белгіленген мәндерде пайдаланылады.

## **2. Жобалау, салу, реконструкциялау, қайта жабдықтау және пайдалануға беру кезінде объектілерге қойылатын талаптар**

5. Жобалау, салу және реконструкциялау кезінде объектілерге қойылатын талаптар Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін санитариялық-эпидемиологиялық нормалау құжаттарына (бұдан әрі – нормалау құжаттары) сәйкес белгіленеді.

6. Жер участкерінде:

1) бұрын олар мал қорымдары, уытты қалдықтарды көму орындары, қоқыс үйінділері, ассенизациялау аланы, зираттар ретінде пайдаланылған, сондай-ақ органикалық және химиялық сипаттағы ластанған топырағы бар;

2) радиациялық қауіпсіздік нормативтері жоғары болған;

3) жер участкесінде күйдіргі ауруы бойынша стационарлық қолайсыз пункттердің топырақтық ошактары орналасқан;

4) санитариялық-қорғаныш аймағын, санитариялық ажырауды ұйымдастыру мүмкіндігі болмаған кезде, су басуы ықтимал аймақтарда;

5) сумен жабдықтау көздерінің бірінші санитариялық қорғаныш аймағында орналасқан;

6) қауіпті аймақтарда көмір және басқа шахталар жыныстарының үйінділері орналасқан кезде объектілерді жобалауға және салуға жол берілмейді.

7. Ғимараттарды, құрылыштарды, объектілердің өндірістік үй-жайлары мен құрылғыларын (объектінің қуаты мен бейініне қарамастан) жобалау, реконструкциялау, қайта жабдықтау, қайта бейіндеу:

1) технологиялық процестердің ағымдылығын, шикізат пен дайын өнімді тасымалдау жолдарының қызылсызын болдырмауды;

2) шу мен дірілден қорғауды: үй-жайларды дыбыс оқшаулағыш құрылыш материалдарымен әрлеу; электр қозғалтқыштарды амортизаторларға дыбыс сініретін жұтқыш қаптаманы қолдану арқылы орнату; жабдықтарды діріл сініретін іргетастарға орнатуды қамтамасыз ету мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылуы тиіс.

#### 8. Мыналарды:

1) объектіні тұрғын үй ғимараттарында, тұрғын үй ғимараттарының ішіне салынған, жапсарлас салынған және ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларға және азаматтық мақсаттағы ғимараттарға;

2) балалар сүт ас үйін (бұдан әрі – БСАУ) ғимараттардың жартылай жертөле және жертөле қабаттарына;

3) объектінің өндірістік үй-жайларын ғимараттардың жертөле және цокольдық қабаттарына;

4) объектімен байланысты емес жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге арналған үй-жайларды (объект персоналының тұруына арналған тұрғын үй-жайларды, үй жануарлары мен құстарын жемдейтін пункттерді);

5) өндірістік үй-жайларда персоналға арналған киім ауыстыру орнын орналастыруға жол берілмейді.

#### 9. Мыналарды:

1) БСАУ жапсарлас ғимараттарда, балалардың амбулаториялық-емханалық үй-жайларында және жеке кіретін есігі бар стационарлық медициналық үйлімдарда;

2) әкімшілік және тұрғын үй ғимараттарының бірінші қабаттарында өндірістік қуаты тәулігіне 5 мың порцияға дейін болатын БСАУ;

3) 100 метрден (бұдан әрі – м) артық белгіленген санитариялық-қорғаныш аймағы бар санитариялық сыныптаманың 1-2 қауіптілік класына жатқызылған объектілерді қоспағанда, Кодекстің 7-1-бабының 2) тармақшасына сәйкес нысан бойынша санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар болғанда тамақ

өнімдерін қайта өндеу және өндіру объектілерін көп бейінді өндірістік ғимараттармен бір аумақта;

4) 100 м-ден артық белгіленген санитариялық-қорғаныш аймағы бар санитариялық сыныптаманың 1-2 қауіптілік класына жатқызылған объектілерді қоспағанда, санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар болғанда, тұрғындарға және (немесе) негізгі ғимараттың персоналына зиянды әсер болмаған, технологиялық процестердің оқшаулау принципі сақталған жағдайда қуаттылығы аз объектілерді жеке тұрған адам тұрмайтын ғимараттарда, адам тұрмайтын ғимараттарға жапсарлас, ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда, объектілердің көп бейінді өндірістік ғимараттарында (әкімшілік, өндірістік, сауда);

5) нөл метр деңгейінде санитариялық-қорғаныш аймағын негіздеу жобасына санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды бар болғанда қуаттылығы аз объектілерді тұрғын ғимараттарда, тұрғын ғимараттар мен азаматтық мақсаттағы ғимараттардың ішіне, жапсарлас және ішіне-жапсарлас салынған үй-жайларда орналастыруға жол беріледі.

10. Қуаттылығы аз объектілерді қоспағанда, объектілердің аумағында көліктің кіруіне және шығуна арналған екі бөлек жол көзделеді. Жүк түсіру-тиеу аландарын, теміржол және автомобиль платформаларынан өтпелерді, құрылым материалдарын, отынды, ыдыстарды сақтауға арналған аландарды, автокөлік жолдары мен жаяу жүргінші жолдарын су өткізбейтін тегіс жабынмен жабады.

11. Сұт дайындаумен, құстарды, етті, балықтарды қайта өндеумен айналысадын объектілердің аумағына кіргенде және одан шыққанда қақпа алдында эпизоотиялық ахуалға байланысты дезинфекциялау ерітіндісі бар дезинфекциялау кедергілері орналастырылады. Дезинфекциялау кедергілерінің кюветтері жылдың қыс мезгілінде дезинфекциялау ерітінділерін қыздыруға арналған құрылғымен жабдықталады.

12. Тамақ өнімдерін қабылдау (жөнелту) үшін шикізат пен дайын өнімді тасымалдауға арналған бөлек жүк көтергіштермен жарақталған жүкті тиеу-түсіру тетіктері көзделеді. Тамақ өнімдерін тиеу-түсіру орындарына қалқалар орнатылады.

13. Объект аумағында мынадай негізгі:

1) әкімшілік үй-жайлар ғимараты, бақылау-өткізу пункті және женіл көліктің тұрағына арналған алаң орналасқан әкімшілік;

2) өндірістік үй-жайлар, сондай-ақ өндірістік зертхана, денсаулық сақтау пункті, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар, асхана, қалқасы бар мамандандырылған көлікке арналған автотұрақ орналасқан өндірістік;

3) қосалқы мақсаттағы ғимараттары, қойма үй-жайлары, жөндеу-механикалық шеберханалары, резервтегі құрылыш материалдарын, ыдыстар мен отынды сақтауға арналған құрылыштары, қоқыс жинауға арналған контейнерлер орналасқан алаңдар мен аулалық дәретханалары бар шаруашылық аймақтар бөлінеді.

Шаруашылық аймағы өндірістік аймаққа қарағанда ық жақта орналасады, жасыл желектермен (ағаштармен, бұталармен) бөлінеді.

14. Көмірге арналған ашық қоймалар, мазутты және басқа да мұнай өнімдерін сақтауға арналған резервуарларды жауын-шашын сұы енісімен жоспарланған арнайы сақтауға бөлінген алаңдарда орналастырады.

15. Объект аумағындағы шаруашылық аймақтың арнайы бөлінген жерінде өндірістік аймаққа қатысты ық жақта қатты тұрмыстық және өндірістік қалдықтарды жинауға арналған қақпағы бар контейнерлерді орнату үшін үш жағынан биіктігі кемінде 1,5 м бүтін қабырғамен қоршалған алаң көзделеді.

16. Үй-жайлардың жиыны мен аудандарын бейінді объектілердің типіне, қуатына, шығарылатын өнімдердің ассортиментіне, технологиялық жобалау нормаларына сәйкес белгілейді.

17. Тұрмыстық үй-жайлар санитариялық өткізгіш типі бойынша ұйымдастырылады, олардың құрамына сыртқы, жеке және арнайы киімдерге және аяқ киімдерге арналған бөлек киім іletін орын, таза киімдерді сақтауға арналған киім-кешек қоятын орын, кір арнайы киімді қабылдауға арналған үй-жай, себезгі бөлмесі және қол жууға арналған раковиналар, киімдер мен аяқ киімдерді кептіретін орын, кір жуатын бөлме (кір жуу орталықтандырылған болмаса) кіреді.

18. Персоналға арналған тұрмыстық үй-жайларды жеке және арнайы киімге, аяқ киімге арналған бөлек шкафтармен жабдықтайды.

Тұрмыстық үй-жайлар жеке ғимаратта орналасқан жағдайда өндірістік үй-жайларға жылы өту жолын көздейді.

19. Етті (оның ішінде құстың етін), балық және сүт өнімдерін өндіру және қайта өндей объектілерінде жұмыс істейтін әйелдер саны 15 және одан көп болғанда әйелдердің жеке гигиенасына арналған бөлме және гигиеналық себезгісі бар арнайы кабина көзделеді.

20. Өндірістік үй-жайлар мен ғимараттарда:

1) тамақ өнімдерін өндіруде пайдаланылатын мүкәммал мен айналымдағы ыдыстарды сақтауға, жууға және дезинфекциялауға арналған үй-жайлар және жинау мүкәммалы мен жабдықтарын сақтауға, оларды жууға және дезинфекциялауға арналған үй-жайлар;

2) санитариялық-тұрмыстық суагарлар үшін жұмыс істеп тұрған су бұрумен қосылған жуғышпен жабдықталған, есіктері өндірістік үй-жайға тікелей

шықпайтын, тамақ өнімдерінің барлық өндірістік цехтарынан бөлек үй-жайда орналасқан санитариялық торап;

3) цехтарда 500 шаршы метрге (бұдан әрі –  $m^2$ ) шаққанда бір кран, бірақ бір үй-жайға кемінде біреу есебінен жинауға арналған жуғыш крандар. Шлангілерді сақтау үшін ұштық клапандармен жабдықталған кронштейндер көзделеді;

4) ыстық және суық ағынды су келтірілген, араластырыштармен, қол жууга арналған құралдармен және бір рет қолданылатын сұлгілермен немесе электр сұлгілермен (кемінде біреу) жаракталған, әрбір өндірістік үй-жайда, санитариялық торапта, тұрмыстық үй-жайда қол жууга арналған қолжуғыштар көзделеді.

21. Объекті персоналы үшін тамақ ішетін орын бөлінеді (буфет, асхана немесе ас ішетін үй-жай).

22. Объекті аумағы қоршалады, абаттандырылады, қатты жабынмен қамтамасыз етіледі, атмосфералық, еріген суды және аумақты шайған су ағындарын жинауға арналған жауын-шашын кәрізімен жабдықталады, тазалықта ұсталады.

23. Объектілер орталықтандырылған ыстық және суық сумен жабдықтаумен, су бұру жүйесімен қамтамасыз етіледі. Объектіге сумен жабдықтау жүйесін енгізген кезде су сынамасын алуға арналған құрылғы және сарқынды суға арналған жол көзделеді. Объектілердің өндірістік үй-жайлары ағынды суық және ыстық сумен қамтамасыз етіледі.

24. Елді мекенде орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі болмаған кезде объектіде су құбырының ішкі жүйесін орната отырып, жергілікті су көздерінің суын пайдалануға жол беріледі. Орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау және бұжүйесі болмаған кезде жылудың жергілікті көздері, су ысытқыштар орнатылады.

25. Су беру тоқтатылған кезеңде объектілерде талдауға су сынамасын алуға арналған құрылғымен жабдықталған суды өндірістік және ауыз су мақсатына сақтауға арналған жинау резервуарлары көзделеді.

26. Су қорына арналған резервуардың конструкциясы су қауіпсіздігін жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етеді.

27. Объектілерде ауыз су емес суды техникалық мақсат үшін пайдаланған кезде ауыз сумен және техникалық сумен жабдықтаудың бөлек жүйелері көзделеді. Ауыз су мен ауыз су емес судың айналым жүйесіне айыратын таңба қойылады.

28. Мыналарға:

1) жұмыс орындарының және технологиялық жабдықтың үстінен технологиялық және тұрмыстық су ағатын аспалы көріз құбырларын орнатуға;

2) өндірістік үй-жайлар арқылы тұрмыстық ағындарды бұруға арналған бағандар өткізуге;

3) объектілердің қойма үй-жайларының, өндірістік цехтарының және салқыннататын камераларының үстінен санитариялық тораптарды, себезгі бөлмелерін, кір жуу бөлмесін және қолжуғышты орналастыруға;

4) тоқазыту камераларының қоршau конструкцияларында, сондай-ақ осындай камералар мен тамбурлар арқылы су құбыры мен кәрізді орнатуға;

5) сарқынды суды еденге ағызуға, сондай-ақ ашық науаны орнатуға;

6) өндірістік және тұрмыстық суды ашық су қоймаларына тиісінше тазартпай ағызуға, сондай-ақ сініретін құдықты орнатуға;

7) ашық технологиялық процестер жүретін технологиялық жабдық үстіне шамшырақтарды орнатуға;

8) ғимараттардың, құрылыштар мен объектінің үй-жайларында объектінің персоналарының тұруына арналған тұрғын ғимараттарды немесе тұрғын үй-жайларды, объектімен байланысы жоқ жұмыстар мен қызметтер көрсетуге арналған үй-жайларды, үй жануарлары мен құстарды тамақтандыру пункттерін орналастыруға;

9) өндірістік үй-жайларда персоналға арналған киім шешетін бөлмелерді орналастыруға жол берілмейді.

29. Объектіде шаруашылық-тұрмыстық және өндірістік кәріз жалпы қалалық (кенттік) су бұруға қосылған бөлек болуы тиіс, ол болмаған жағдайда жергілікті кәріз жүйесі жабдықталады.

30. Объектінің кәрізденбеген және ішінара кәрізденген елді мекендерге орналастырган кезде жергілікті кәріз жүйесі және шығаратын тазарту жүйесі көзделеді. Сарқынды суды қабылдауға арналған су өтпейтін сыйымдылық (шұнқыр) қақпақпен жарапталады, шаруашылық аймағына орналастырылады және оның үштен екі көлемі толған жағдайда тазартылады.

31. Сарқынды су кәрізге немесе жергілікті тазарту құрылыштарына шығару алдында механикалық тазаланады, ішіндегі майы май ұстағыштар арқылы өткізіледі. Объектінің карантиндік бөлімшесінен шыққан сарқынды су залалсыздандырылады.

32. Өндірістік үй-жайлар шайынды суды жинауға арналған диаметрі кемінде 10 сантиметр (бұдан әрі – см) траптармен және торлармен жабдықталады. Технологиялық жабдықтың және машиналардың өнделген сүйн ағызуға арналған құбырлар гидравликалық қақпак (сифон) құрылғысы бар су бұруға қосылады.

Жабдықтан аққан сарқынды суды кәрізге ағызу жабық әдіспен жүргізіледі.

33. Санитариялық тораптардағы, себезгі бөлмелері мен көріз және су құбыры бағаналары өтетін орындардағы еден объекті үй-жайларының үстінде гидроокшаулау төсемі бар жабындар арқылы орнатылады.

34. Өндірістік және қойма үй-жайларындағы көріз бағандарын сыланған қораптарда тексерусіз, объектінің тек түрмистық үй-жайлары арқылы өткізеді.

35. Объектінің үй-жайларында өндірістің технологиялық талаптарына сәйкес табиғи және (немесе) жасанды жарық көзделеді.

36. Жарықтандыру көздері арнайы жарық беретін арматурамен, шаң, ылғал бөлүмен байланысты өндірістерде ылғал-шаңнан қорғайтын арматурамен жабдықталады. Жұмыс орындарында шағылышуды болдырмайтын қосымша жарықтандыру көздерін орнатады.

37. Өндірістік, қосалқы және түрмистық үй-жайлар табиғи және (немесе) жасанды іске қосылатын сору-сыртқа тарату желдету жүйесімен жабдықталады.

38. Желдету жүйелерінің конструкциясы мен орындалуын үй-жайға ластанған ауаның кіру мүмкіндігін болдырмау және тазалауды немесе ауыстыруды қажет ететін сұзгілерге және басқа бөліктерге қолжетімділікті қамтамасыз ету арқылы жасайды.

39. Егер технологиялық процеспен жол берілген болса, өндірістік үй-жайларда табиғи желдету көзделеді.

40. Жылу, ылғал және зиянды заттарды қарқынды бөлетін көз болып табылатын жабдық барынша тұмшаланады және жергілікті сорғы құрылғысы бар сору-сыртқа тарату желдеткішімен, ұн шаңын бөлу көздері (үйінді шұнқырлар, қап қағушы машиналар, ұн елеуіштері, қысқа кесілген бұйымдарды төгуге арналған іріктеу үстелдері) аспирациялық қондырғылармен жабдықталады.

41. Өндірістік үй-жайларға арналған сырттан келетін ауаны жинау жердің деңгейінен 2 м төмен емес аймақтан жүзеге асырылады. Ашық технологиялық процестері бар цехтарда жеңіл тазарту сұзгілерінде сырттан берілетін ауаны тазалау көзделеді.

42. Аммиакты компрессорлық қондырғылардың машина және аппараттық бөлімшелеріндегі сору желдеткішінің ауа жинау құрылғыларын үй-жайдың жоғарғы және төменгі аймақтарында орнатуға жол беріледі.

43. Егер оның дөңесіне дейінгі арақашықтық кемінде 10 м болса, жергілікті сору жүйесінің шығарындыларын ғимараттың ең жоғары бөлігінің жабынынан кемінде 2 м биіктікте шығарады.

44. Желдету жүйесі шығаратын, құрамында уытты заттар бар ауа атмосфераға шығару алдында тазартылады.

45. Технологиялық жабдықтың орнын ауыстыру немесе алмастыру кезінде желдеткіш жүйелеріне реконструкциялау жүргізіледі.

46. Үйтты және тітіркендіретін заттарды қолдануға байланысты технологиялық процестерді сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған бөлек үй-жайларда немесе оқшауланған арнайы участекелерде жүргізеді.

47. Жұмыс орындарында шығатын ыстық будан және газдан қорғау үшін тыныс алу аймағы деңгейінде ауа себезгісі орнатылады. Қысқы уақытта ауа қозғалысының жылдамдығы сек 0,5-1,0 метр (бұдан әрі – м/с) болған кезде себезгілеу ауасының температурасы +18  $^{\circ}\text{C}$  шегінде, ал жазғы кезеңде ауа қозғалысының жылдамдығы секундына 1-2 м/с болған кезде +22  $^{\circ}\text{C}$  қамтамасыз етіледі. Ауаның рециркуляциясына жол берілмейді.

48. Бөтелкені үрлеу бойынша қондырғыны негізгі өндірістен оқшаулайды және жергілікті желдеткіш қондырғымен жабдықтайды.

49. Тұрмыстық үй-жайларда, санитариялық тораптарда, себезгі бөлмелерінде және зертханаларда жалпы алмасу және жергілікті желдеткіштің автономды (тәуелсіз) жүйелері, тұрмыстық үй-жайларда көбіне табиғи іске қосылатын желдеткіш орнатылады.

50. Өндіріс технологиясын есепке ала отырып, технологиялық ауа баптау құрылғысы көзделеді.

51. Микроклиматқа, өндірістік үй-жайларды жарықтандыруға, шу, діріл, аспаптардың және жабдықтың электр магниттік сәулеленуіне, жұмыс аймағының ауасындағы зиянды қоспалардың болуына қойылатын талаптар Кодекстің 144-бабының 6-тармағына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін "Қалалық және ауылдық елді мекендердегі атмосфералық ауаға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар", "Адамға әсер ететін физикалық факторларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" гигиеналық нормативтеріне сәйкес қамтамасыз етіледі.

52. Өндірістік және қойма үй-жайларына кіреберісте тамбурлар болмаған жағдайда, ауаны жылтытатын "ауа" шымылдығы құрылғысы көзделеді.

53. Объектінің орталықтандырылған жылтыту жүйесімен жабдықтайды, ол болмаған жағдайда, жергілікті жүйеге жол беріледі. Жинау, тексеру және жөндеу жүргізу үшін жылтыудың барлық түрлері жағдайында жылтықты аспаптардың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

54. Температуралық-ылғалдылық режимдері бойынша ерекшеленетін және өзара қатынасатын үй-жайлар осы параметрлердің шұғыл өзгеруіне жол бермейтін жабдықпен және (немесе) құралмен бөлінеді.

55. Үй-жайды ішкі әрлеу пайдаланылып отырған өндіріс технологиясына конструктивті сәйкес келетін, қолдануға рұқсат етілген үйтты емес әрлеу материалдарын пайдалану арқылы өндіріс технологиясын ескере отырып,

орындалады. БСАУ-ның өндірістік цехтарының, сүт өндейтін, ет өндейтін, тез мұздатылған жартылай фабрикаттарды, тұзды, тамақ концентраттарын, тамақ қышқылдарын өндіру объектілерінің, себезгі бөлмелерінің қабырғалары барлық биіктігі бойына қапталады; басқа өндірістердің өндірістік цехтарының, зертханалардың, тұрмыстық үй-жайлардың қабырғалары жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді материалдармен кемінде 2 м биіктікке дейін қапталады.

56. Төбенің (немесе төбе болмаған жағдайда, шатырдың ішкі беті), өндірістік үй-жайлардағы технологиялық жабдықтардың үстінде орналасқан жерүсті конструкцияларының беті тамақ өнімдеріне бөгде бөлшектердің түсінеге, конденсаттың, зеңнің пайда болуы мен түсінеге жол бермейтіндей жасалады.

57. Технологиялық жабдықтардың жұмыс істеуі кезінде конденсат пен зеңнің пайда болуын болдырмау қамтамасыз етіледі. Қабырғалар, төбелер және еден жылтыр, тегіс, ақаусыз бетті қамтамасыз ететін, жуу және дезинфекциялау құралдарымен жеңіл санитариялық өнделетін материалдардан орындалады.

58. Өндірістік үй-жайлардың, себезгі бөлмелерінің едені су өтпейтін, сінірмейтін және уытты емес, тайғанамайтын, оларды санитариялық өндеуге мүмкіндік беретін, беті тегіс, шұңқырсыз, жарықшақсыз материалдардан, жұмыс орындары мен жолдардан алыс орналасқан траптарға ылди, сорғытууды қамтамасыз ете отырып, жасалады. Агрессивті ағыны бар үй-жайларда едендерді әрлеу үшін қышқылға, сілтіге және майға төзімді жабындарды пайдаланады. Цехішілік көлікке арналған жолдағы еден участеклері соққыға төзімді плиталармен әрленеді. Сулы процестермен, маймен молынан ластанумен байланысты өндірістік үй-жайлар еденінің участеклері тормен жабдықталады.

### **3. Үй-жайларды және жабдықты күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын талаптар**

59. Жұмыс істеп тұрган объектілерге Кодекстің 7-1-бабының 35) тармақшасына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен тамақ өнімдері өндірісі обьектісіне есептік нөмір берілуге тиісті.

60. Өнім айналымын жүргізу процесінде пайдаланылатын үй-жайларды, жабдықты, мұкәммалды, ыдысты, көлік құралдарын санитариялық өндеудің, дезинсекциялаудың және дератизациялаудың пайдаланылатын тәсілдері мен мерзімділігі олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және дайын өнімнің қайта ластануына мүмкіндік бермейді.

61. Өндірістік үй-жайларды жинау күнделікті ылғал тәсілімен жүргізіледі. Еден жұмыс процесінде және ауысым аяқталғаннан кейін сабын-сілті ерітіндісін

пайдалана отырып, жуылады. Өндірістік үй-жайлардағы панельдердің, есіктердің беті кемінде аптасына бір рет жуылады.

62. Барлық үй-жайлар мен жабдық тазалықта ұсталады. Өндірістік үй-жайларда ағымдағы және күрделі жөндеу жүргізу қажеттілігіне қарай немесе халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствоның үйғарымы бойынша жүзеге асырылады.

63. Зең пайда болған кезде қабырғалар, төбелер, бұрыштар ағарту алдында Қазақстан Республикасының және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында тамақ өнеркәсібі объектілерінде қолдануға рұқсат етілген арнайы препараттармен өнделеді.

64. Үй-жайларды, жабдықтарды және мүкәммалды күрделі жинау, дезинфекциялау арқылы кемінде айына бір рет санитариялық құн жүргізіледі.

65. Жинау мүкәммалын, жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтау үшін лас суға арналған суағармен, суық және ыстық су келтірілген раковинамен, шүберектерді кептіруге арналған құрылғымен жабдықталған жеке үй-жай бөлінеді. Жинау мүкәммалы таңбаланады. Жинау мүкәммалын өндірістік үй-жайларда сақтауға, сондай-ақ оны мақсаты бойынша пайдаланбауға жол берілмейді.

66. Дезинфекциялау кілемшелері өндірістік корпусқа, өндірістік үй-жайларға кіреберісте төселеді және әрбір ауысымда дезинфекциялау ерітіндісіне малынады .

67. Мүкәммалды, ыдыстарды және көлік құралдарын жуу және дезинфекциялау су өткізбейтін едені, бу, ыстық және суық су келтірілген, сарқынды суды ағызында арналған суағары, желдеткіші, оқытылған персоналды бар арнайы жуу үй-жайларында жүргізіледі. Қолмен жуу кезінде жылжымалы 3 секциялы жуу ваннасы көзделеді.

68. Жабдықты, мүкәммалды, үй-жайларды жуу және дезинфекциялау үшін технологиялық нұсқаулыққа, дайындаушының қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес Қазақстан Республикасының және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарын пайдаланады.

69. Жуу, дезинфекциялау құралдарын сақтау дайындаушының техникалық күжаттамасына сәйкес құрғак, желдетілетін, стеллаждармен жабдықталған үй-жайда сақталады.

70. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған үй-жайлар, оның ішінде тоңазыту камералары, көлік құралдарының жүк бөлімшесі және тасымалдауға арналған контейнерлер өндірістік бақылау шегінде шаруашылық етуші субъект белгілеген жиілікпен жүйелі санитариялық өнделеді, дезинсекцияланады және дератизацияланады.

71. Объектілерде шикізаттар мен дайын өнімдерді кеміргіштердің ластауынан және бұлдіруінен қорғау бойынша іс-шаралар жүргізіледі, оларды жүргізу жиілігін шаруашылық етуші субъект кеміргіштердің, жәндіктердің қоныстануын есепке ала отырып белгілейді.

72. Ійдистар, құрылымы және шаруашылық материалдары қоймаларда сақталады, ыдистарды асфальтты аландарда қалқаның астында жинауға және уақытша сақтауға жол беріледі.

73. Жабдық пен мүкәммал оларға қызмет көрсету, санитариялық өндегеу және жөндеу үшін еркін қол жеткізу мүмкіндігін ескере отырып орнатылады.

74. Тамақ өнімдерімен тікелей жанасатын технологиялық жабдық, мүкәммал, ыдис-аяқ, ыдистар және қаптама, жабдық пен аппаратураның барлық бөліктері Қазақстан Республикасының және Кеден одағына қатысуши мемлекеттердің аумағында тамақ өнімдерімен жанасу үшін қолдануға рұқсат етілген материалдардан пайдаланылады.

75. Тамақ өнімдерін өндіру, сақтау және тасымалдау үшін Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандарғы № 823 шешімімен бектілген "Машиналар мен жабдықтардың қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының техникалық регламентінде (010/2011 КО ТР) белгіленген талаптарға сай келетін жабдық, аппаратура және ыдистар пайдаланылады, тамақ өнімдерінің ластану қаупінің алдын алу үшін жеткілікті жиілікпен жуылады және дезинфекцияланады.

76. Тамақ өнімдерімен тікелей жанасатын жабдық пен мүкәммалдың беті тегіс, су өткізбейтін, сінірмейтін және уытты емес, тоттану өсеріне төзімді, жуу және дезинфекциялау құралдарымен жеңіл санитариялық өндөлетін материалдардан көзделеді.

77. Тамақ өнімдерімен жанасатын металл конструкциялар тот баспайтын материалдардан дайындалады.

78. Тамақ өнімдерін өндірудің технологиялық процесінің параметрлерін бақылауды талап ететін барлық жабдық, аппараттар мен мүкәммал тиісті бақылау-өлшеу аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Технологиялық жабдықтың жұмысын бақылауды "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң), техникалық регламенттердің талаптарына сәйкес шаруашылық етуші субъектілер ұйымдастырады.

79. Жарықтандыру аспаптары, арматура, терезе мен ойықтардың шыныланған беті таза ұсталады және ластануына қарай тазартылады.

80. Ашылатын барлық ойықтар (терезелер, фрамугалар, есіктер) жәндіктер кірмес үшін алмалы-салмалы қорғаныш торлармен жабдықталады.

81. Желдегу жүйелерін профилактикалық тексеру жылына кемінде екі рет жүргізіледі. Айна кемінде бір рет сұзгілерді тексеру, оларды тазарту және ауыстыру жүргізіледі.

82. Ая өткізгіштер, торлар, желдегу камералары және басқа да құрылғылар тазалықта ұсталады, оларда механикалық бұзылу, тоттану ізі, тұмшалануының бұзылуы болмауы тиіс.

83. Су құбырындағы және кәріздегі апattар мен жөндеу жұмыстары, судың, будың және сұықтың болмауы осы Санитариялық қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша су құбырындағы және кәріздегі апattы және жөндеу жұмыстарын анықтауды және жоюды есепке алу журналына тіркеледі.

84. Апattық жағдайларды жойғаннан, жөндеу жұмыстарын жүргізгеннен кейін су құбыры мен резервуар суды кейіннен зертханалық зерттеу арқылы жуылады және дезинфекцияланады.

85. Жұмыс орындарында жылулық сәулеленумен, ұнды, қант ұнтағын және басқа да сусымалы өнімдерді елеумен байланысты барлық жұмыстар сору-сыртқа тарату желдеткіші немесе жергілікті сыртқа тарату желдеткіші қосылған күде жүргізіледі.

86. Тұрмыстық үй-жайлар күн сайын жұмыс аяқталған соң жиналады. Тұрмыстық үй-жайларды басқа мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

87. Санитариялық тораптар өздігінен жабылатын есіктермен, арнайы киімге арналған ілгіштермен, қол жууға арналған құралдармен және бір рет қолданылатын сұлгілермен немесе электрлі сұлгілермен жарақталған, ыстық және сұық су көлтірілген қол жууға арналған раковиналармен жабдықталады. Санитариялық торапқа кіреберісте дезинфекциялау ерітіндісіне малынған дезинфекциялау кілемшесі көзделеді.

88. Дәретханаларды жинауға және дезинфекциялауға арналған мүкәммал таңбаланады, әрбір жинаудан кейін дезинфекциялау ерітіндісінде өнделеді, басқа үй-жайлардың жинау мүкәммалынан бөлек арнайы бөлінген орында сақталады. Дәретханаларды жинау тамақ өнімімен жана спайтын және ыдысты өндемейтін техникалық персоналға бекітіледі.

89. Қалдықтарды шығару контейнерлердің толуына қарай шығарудың белгіленген қағидаларына сәйкес арнайы көлікпен жүзеге асырылады.

90. Қалдықтарды сақтау және жою шарттары дайын өнімнің ластану мүмкіндігін, адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруін, сондай-ақ қоршаған ортандың ластану мүмкіндігін болдырмайтындей етіп көзделеді.

91. Мыналарға:

1) кәдеге жаратылуы тиісті, істен шыққан газды разрядты шамдар мен сынап толтырылған өлшеу аспаптарын сақтауға;

2) сору-сыртқа тарату желдеткіші жүйесі сөніп тұрганда жұмыс жүргізуге және ашық технологиялық сыйымдылықтары мен процестері бар өндірістік үй-жайларда ауа рециркуляциясына жол берілмейді.

#### **4. Тамақ өнімдерін өндіруге, өлшеп-орауға, сақтауға, тасымалдауға және байытуға қойылатын талаптар**

92. Тамақ өнімдерін өндіру шарттары мен процестерін ұйымдастыру осы Санитариялық қағидалардың, Заның, техникалық регламенттердің талаптарына қайшы келмеуі тиіс.

93. Цехішілік көліктік (айналым) ыдыс және ыдыс жабдықтары таза, құрғак, берік, бөтен иіссіз пайдаланылады. Айналымдағы ыдысты пайдалану алдында объектіде міндетті түрде өндейді.

Цехішілік ыдыс технологиялық процестің кезеңдері бойынша таңбаланады, шикізат пен дайын өнімнің жеке түрлеріне бекітіледі, қатаң түрде мақсаты бойынша пайдаланылады.

94. Мыналарға жол берілмейді:

1) өнімді өндіру кезінде жөндеу жұмыстарын жүргізуге және дезинфекциялауға жол берілмейді. Өндірістік цикл уақытында жабдықты қоршаған жағдайда оған жөндеу жүргізуге жол беріледі;

2) өндірістік үй-жайларда қосалқы бөлшектерді, ұсақ тетіктерді, шегелерді сақтауға;

3) өндірістік үй-жайларда тамақ өнімдерін ластау көзін жоюды қынданатын аймақтарды ұйымдастыруға;

4) өндірістік үй-жайларда және тоңазытқыштарда тамақ өнімдерін өндіру кезінде пайдаланылмайтын өндірістік қалдықтарды, басқа да заттар мен материалдарды, оның ішінде жуу және дезинфекциялау құралдарын сақтауға;

5) жәндіктер мен кеміргіштердің болуына;

6) өндірістік үй-жайларда сынаптық бақылау-өлшеу аспаптарын пайдалануға, қорғаныш жиегі жоқ шыны өлшеу аспаптарын қолдануға;

7) көлік (айналым) ыдыстарын өндірістік цехке алдын ала өндеусіз кіргізуге, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келмейтін ыдыстар мен көліктерде бұйымдарды сатуға және тасымалдауға;

8) дайын өнімдерді қаптауға арналған ыдысты өндірістік үй-жайлар арқылы тасымалдауға жол берілмейді;

9) обьектілердің әкелінетін сумен жұмыс істеуіне;

10) технологиялық процестер, жабдықтарды және үй-жайларды санитариялық өндеу үшін сумен жылдыту жүйесінің ыстық суын пайдалануға;

11) өнімді анық таңбаланбаған, пломбасы бұзылған, ластанған, бүлінген қаптамада сақтауға және өткізуге;

12) технологиялық операцияларға көсіптік дайындығы (біліктілігі, мамандығы) жоқ, гигиеналық оқытудан өтпеген персоналды тартуға;

13) мынаған:

тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласында қолданыстағы санитариялық-эпидемиологиялық талаптар мен тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне қойылатын техникалық регламент талаптарына сәйкес келмейтін;

дайындаушының техникалық құжаттарында көрсетілген тамақ өнімдерінің белгілерінен ерекшеленетін сапасыздықтың айқын белгілері бар;

тамақ өнімдерінің шығарылған орнын және қадағаланатындығын растайтын, олардың сапасын және қауіпсіздігін куәландаудыратын мәліметтерді қамтитын ілеспе құжаттары жоқ;

таңбасында көрсетілген, тұтынушыға дайындаушы ұсынған ақпаратқа сәйкес келмейтін;

таңбасында жарамдылық және (немесе) сақтау мерзімі немесе жарамдылық (сақтау) мерзімі өтіп кеткен немесе сақтау жағдайлары таңбасында және (немесе) ілеспе құжатында көрсетілген сақтау жағдайларына сәйкес келмейтін;

таңбасы жоқ немесе тамақ өнімін таңбалау бөлігінде оған қойылатын талаптарда белгіленген техникалық регламенттер талаптарына және (немесе) тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне арналған техникалық регламенттер талаптарына сәйкес келмейтін;

ветеринариялық сәйкестендіру белгілері жоқ (заңнамада осындай сәйкестендіру көзделген тұтас етке, тұтас еттің жартысына, төрттен бір бөлігіне, малды сойғаннан алынған өнімдерге арналған таңба);

құрамында заңнамаға сәйкес қайда шығарылғаны және қауіпсіздігі расталмаған тамақ ингредиенттері бар;

жалған өнім болып табылатын азық-түлік шикізатын қабылдауға, қолдануға, сақтауға, тасымалдауға және тамақ өнімдерін өндіруге жол берілмейді;

14) бояғыштарды, хош иістендіргіштерді, тамақ қышқылдарын және басқа қоспаларды басқа ыдысқа қайта салуға, қайта құюға;

15) мамандандырылған тамақ өнімдерін өндіру үшін мұздатылғаннан басқа құс етін, механикалық жанышылған құс етін және құс етінен алынған құрамында коллаген болатын шикізатты пайдалануға;

16) тамақ өнімдері өндірісінде йодталмаған тұзды пайдалануға жол берілмейді. Өндірісінде йодталмаған тұзды пайдалануға жол берілетін тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің тізбесі осы Санитариялық қағидаларға 2-косьымшада көзделген;

17) шикізатты және дайын тамақ өнімдерін сақтауға арналған үй-жайда өнімнің өндірісіне қатысы жоқ тағамдық емес материалдарды, қалдықтарды, тамақ өнімдерін және шикізатты бірге сақтауға жол берілмейді;

18) тоңазыту жабдығының төбесінде, қабырғаларында, еденінде, есіктерінде, тамақ өнімдерінің қаптамаларында қар мен мұздың жиналудына жол берілмейді;

19) шикі өнімдерді (ет, құс еті, балық, көкөніс, жеміс, жұмыртқа және басқаларын) тұтынуға дайын тамақ өнімдерімен, дайын қапталмаған өнімдермен бірге сақтауға, қауіпті тамақ өнімдерін басқа тамақ өнімдерімен сақтауға, сондай-ақ оларды су құбырына және кәріз құбырларына, жылдыту құралдарына жақын жерде сақтауға;

20) тамақ өнімдерін тікелей еденге жинауға жол берілмейді.

95. Техникалық су компрессорларды сұытуға, аумақты суаруға, санитариялық тораптағы жуғыш бөшкелерге және писсуарларға келтіруге, автомашиналардың сыртын жууға пайдаланылады.

96. Объектілерде шығарылатын өнімдердің ассортиментін шаруашылық етуші субъектілер объектінің қуаты, типі, үй-жайлар жынтығы, тоңазыту және технологиялық жабдықпен жарақталудына сәйкес әзірлейді.

97. Өндірісте пайдаланылатын мұз ауыз су сапасына және қауіпсіздігіне қойылатын талаптарға сәйкес келетін ауыз судан жасалады. Мұзды ластанудан қорғайтын жағдайларда дайындаиды, орналастырады және сақтайды, оның сапасының сақталудың қамтамасыз етеді.

98. Тамақ өнімдерімен немесе тамақ өнімдерімен жанасатын беттермен тікелей жанасатын бу зиянды заттарды қоспастан ауыз судан өндіріледі.

99. Тұтыну ыдысында пайдаланатын материалдан басқа, сусымалы барлық қосалқы материалдар пайдалану алдында магнит ұстағыштар арқылы өткізіледі.

100. Тамақ ингредиенттері мен тамақ қоспалары дайындаушы зауыттың қаптамасында сақталады және пайдалануға жеке үй-жайда дайындалады. Оларды сақтау жеке жабық шкафттарда жүргізіледі, пайдалануға жеке үй-жайда дайындалады.

101. Шикізаттың, дайын өнімнің және қосалқы материалдардың әрбір партиясына олардың сапасын, қауіпсіздігін күәландыратын құжаттар және олардың қадағаланудың қамтамасыз ететін құжаттар қоса жүреді.

102. Өсімдіктен алынған азық-түлік шикізаттың партиясына ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу кезінде пайдаланылған пестицидтер, азық-түлік қорларының зиянкестерімен құресу мақсатында сақтауға арналған үй-жай мен ыдыс фумигациясы туралы өндірушінің (өнім берушінің) ақпараты қоса жүреді.

103. Жануарлардан алынған азық-түлік шикізаты ветеринариялық құжаты бар болғанда өндөлмеген және қайта өндөлмеген түрде тағамдық мақсаттағы тамақ өнімдерін өндіру үшін пайдаланылады.

104. Жануарлардан тікелей немесе оларды сою кезінде алынған жануарлардан алынған азық-түлік шикізатына ветеринариялық ілеспе құжаттар қоса жүреді.

105. Тамақ өнімдерін байыту (фортификациялау) Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы талаптарға сәйкес жүргізіледі.

106. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін және сақтау шарттарын өндіруші (дайындаушы) рецептуралық құрамына, қаптамалау материалының түріне, нормалау құжаттарының талаптарында көзделген сақтау шарттарын сақтаған кезде барлық жарамдылық мерзімі ішінде тамақ өнімінің қасиеттері мен қауіпсіздігін сақтауды қамтамасыз ететін қаптау тәсіліне және өнімді өндеу түріне байланысты белгілейді.

107. Тамақ өнімдерін өндіруші (дайындаушы) өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді және тұтынушыға өніммен бірге тамақ өнімдерінің, материалдар мен бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігінің куәлігін немесе өнімнің объектіде шыққан күні мен сағатын (технологиялық процесс аяқталған сэттен бастап), сақтау температурасы мен сақтау мерзімінің аяқталуын (күнін, сағатын) көрсете отырып, жүккұжатты ұсынады.

108. Қойма үй-жайлары, шикізатты сақтауға және өндіріске дайындауға арналған үй-жайлар шикізатты, дайын өнімдерді бөлек сақтауға арналған тоқазыту жабдықтарымен жарақталады, санитариялық өндеуді қамтамасыз ететін материалдардан жасалған сөрелермен, стеллаждармен, тауар қойғыштармен және контейнерлермен, салқыннату камералары конденсатты жинау және бұру жүйелерімен жабдықталады.

109. Дайын өнімдерді тоқазыту камерасына және (немесе) қоймалық үй-жайға орналастыру партияны шығару күнін, ауысымын және нөмірін көрсете отырып, партиялармен жүзеге асырылады.

110. Қойма үй-жайлары, тоқазыту камералары массаны, температураны, ауаның салыстырмалы ылғалдылығын және уақытын өлшеуге арналған бақылау-өлшеу аспаптарымен жарақталады, олар жөніндегі мәліметтер шығарылған өнімнің жарамдылық (сақтау) мерзімі ішінде сақталады. Камералардың, үй-жайлардың температурасы мен ылғалдылығы сақталатын өнімнің нормативтік-техникалық құжаттамасының талаптарына сәйкес ұсталады.

111. Дайын өнімдерді сақтайтын тоқазыту камералары мен қоймалардың температурасы мен ылғалдылығын өндірістік бақылау шенберінде шаруашылық етуші субъектілер ауысымына кемінде 2 рет бақылайды. Бақылау нәтижелері объектінің есепке алу құжаттамасына тіркеледі.

112. Тоңазыту жабдығы, тоңазыту камералары ластану шамасына қарай жуылады және дезинфекцияланады.

113. Ерекше иісі бар тاماқ өнімдері (дәмдеуіштер, балық, ірімшік және басқаларды) бөгде иісті өзіне тартатын өнімдерден (шикі ет, сары май, жұмыртқа, шай, түз, қант және басқаларынан) бөлек сақталады.

114. Тамақ өнімдерінің жекелеген түрлері үшін ерекше сақтау шарттарын сақтау қамтамасыз етіледі:

1) салқындастылған және тоңазытылған етті (тұтас етті, тұтас еттің жартысын, төрттен бір бөлігін) сақтау ілгектерге асып қойған қүйінде, тұтас еттің өзара, үй-жайдың қабырғасымен және еденімен жанасуына жол бермей жүргізіледі. Блоктардағы (немесе ыдысқа салынған) етті стеллаждарда, тауар қойғыштарда және контейнерлерде сақтауға жол беріледі. Еттің жартылай фабрикаттары, субөнімдер, тоңазытылған және салқындастылған құс еті өнім берушінің ыдысында сақталады, қатарластырып жинап қойған кезде ауа айналымы қамтамасыз етіледі;

2) салқындастылған балық өнім берушінің ыдысында, сақтау температурасы 0-ден минус 2<sup>0</sup>C дейін кемінде екі тәуліктен асырмай сақталады;

3) сусымалы өнімдерді сақтау құрғақ, таза, жақсы желдетілетін, қамба зиянкестерімен ластанбаған үй-жайларда жүргізіледі;

4) иерсиноздың және жалған туберкулездің алдын алу мақсатында көкөністер сақтау процесінде мезгіл-мезгіл тексеріледі және қайта өндөледі және тазаланады ;

5) азық-түлік картобын қаранды үй-жайларда және (немесе) оны күннің тікелей немесе шашыранды сәулесінің әсерінен қорғайтын ыдысты, қаптау материалдарын пайдалана отырып сақтайды.

115. Сақтау температурасы және ылғалдылық параметрлері регламентtelген тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған мамандандырылған көлік құралдары мен көлік жабдықтары қажетті тасымалдау температурасын ұстап тұратын жабдықтармен және температуралық режим мен ылғалдылық деңгейінің тиісті параметрлерін өлшейтін бақылау құралдарымен жабдықталады.

116. Тамақ өнімдерін, ыдысты, өнеркәсіптік қаптаманы кәдеге жарату және жою Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесіне (бұдан әрі – Кәдеге жарату және жою ережесі) сәйкес жүзеге асырылады.

## 5. Өндірістік бақылауды ұйымдастыруға қойылатын талаптар

117. Тағам өнімдерін өндіру (дайындау) процестерін жүзеге асыру кезінде осында өнімнің қауіпсіздік талаптарына байланысты өндіруші (дайындаушы) 021/2011 КО ТР көзделген талаптарға сәйкес ХАССП (қауіпті факторларды талдау жүйесі және сындарлы бақылау нұктелері) қағидаттарына негізделген рәсімдерді әзірлейді, енгізеді және қолдайды.

Шығарылатын өнімдердің қауіпсіздігі аспаптық және (немесе) зертханалық зерттеулерді қоса алғанда, өндірістік бақылау жүргізу арқылы қамтамасыз етіледі

118. Объектінің жанында өз күшімен немесе аккредиттелген (аттестатталған) сынақ зертханасын тарта отырып, шикізатты, дайын өнімді қажетті кіру бақылауын, технологиялық процестердің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайын және өндірістік үй-жайларды, жабдықтарды, мүкәммалды дезинфекциялау сапасын зерттеуді жүзеге асыратын өндірістік зертхана жабдықталады, бұл ретте зерттеулер микроорганизмдерді санитариялық-көрсеткіштік топқа зерттеумен және бұлдіру микроорганизмдерін айқындаумен шектеледі. Қуаттылығы аз объектілерде зерттеудің осы түрлерін орындауға құқығы бар өзге аккредиттелген (аттестатталған) зертхананың өндірістік бақылау жүргізуіне жол беріледі.

119. Өндірістік бақылаудың тәртібі мен мерзімділігін өндіруші (дайындаушы) зертханалық зерттеу, санитариялық өндеу, дератизация және дезинсекция жүргізу көлемі мен мерзімділігі белгіленген өндірістік бақылау бағдарламасында айқындаиды. Өндірістік бақылаудың әзірленген бағдарламасы технологиялық процеске, тамақ өнімінің рецептурасына өзгерістер енгізілген кезде мезгіл-мезгіл қайта қаралады.

120. Мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау және бақылау барысында объектілерде "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" 2011 жылғы 6 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңында белгіленген кезеңділікпен және көрсеткіштер бойынша мыналарға:

1) өнімнің түріне байланысты азық-түлік (тамақ) шикізаты, жартылай фабрикаттар, қосалқы материалдар, дайын өнім, су сапасының радиациялық, химиялық, микробиологиялық, токсикологиялық, паразитологиялық қауіпсіздік көрсеткіштеріне;

2) технологиялық процестердің санитариялық-эпидемиологиялық жағдайына және өндірістік үй-жайлар, жабдық, мүкәммалды дезинфекциялау сапасына (микробиологиялық шайындыларды санитариялық-көрсеткіштік микрофлораның – ішек таяқшалары тобы бактерияларының болуына; балық өндеу, ет өндеу, құс өндеу және сүт өндеу объектілерінде, кондитерлік кремді бұйымдар, ұн жартылай фабрикаттарын шығаратын объектілерде патогенді микрофлораның болуына зерттеу);

3) өндірістің санитариялық-гигиеналық режимдерінің, жұмыс істейтін адамдардың еңбек жағдайларына (микроклимат, жарықтандыру, жұмыс аймағының ауасы, шу, діріл, электр магниттік сәулелену) сақталуына зертханалық бақылау жүргізіледі.

121. Санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін мемлекеттік бақылау және қадағалау барысында қоршаған орта объектілерінен тамақ өнімдерінің үлгілерін алу Кодекстің, оны жүргізу үшін қажетті көлемнен аспайтын және жеткілікті мөлшерде өнімдерге арналған нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

122. Үлгілердің мөлшері (көлемі) халықаралық және өңірлік стандарттарға сәйкес айқындалады, ал олар болмаған жағдайда зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулер тәртібі мен әдістерін, оның ішінде өнімнің санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға, техникалық регламенттерге сәйкестігін бағалау (растай) мақсатында қолданылатын үлгілерді алу тәртібін қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттармен, техникалық құжаттамамен, әдістермен (әдістемелермен) айқындалады.

123. Өндіруші (дайындаушы) шығарылатын тамақ өнімдерінің 021/2011 КО ТР белгіленген қауіпсіздік көрсеткіштеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді.

124. Жаңа технологиялық жабдықта, сондай-ақ жөндеуден, реконструкциялаудан кейін жұмыс санитариялық өндеу, дезинфекциялау сапасына және шығарылатын өнімдердің қауіпсіздігіне микробиологиялық бақылау жүргізген соң жүргізіледі.

125. Өнімдерді зертханалық зерттеудің қанағаттанарлықсыз нәтижесі кезінде үлгілердің екі еселенген мөлшері қайта зерттеледі, технологиялық процесс барысы бойынша өндіріске, шикізатқа, жартылай фабрикаттарға, қосалқы материалдарға, суға, барлық жұмыс үй-жайларының санитариялық-гигиеналық жағдайына қосымша бақылау жүргізіледі және тиісті санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізіледі.

126. Егер тамақ өнімдерінің қауіпті қасиеттерге ие болуына әкеп соқтырған бұзушылыққа жол берілген болса, өндіруші (дайындаушы) тамақ өнімдерін өндіру (дайындау), айналымы және кәдеге жарату процестерін (сатыларын) шүғыл тоқтатады, оны ішкі сауда объектілерінен кері қайтарып алуды және тиісті сараптама жүргізуді қамтамасыз етеді, содан соң Кәдеге жарату және жою ережесіне сәйкес оны кәдеге жаратуды немесе жоюды ұйымдастырады.

127. Объектілерде мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау барысында және шығарылатын тамақ өнімдерін өндіру, тасымалдау және сақтау сатыларында қауіпсіздігін өндірістік бақылау кезінде технологиялық жабдықтың, мүкәммалдың, қосалқы материалдардың шайындыларында ағымдағы дезинфекциядан кейін 60 минуттан (бұдан әрі – мин) кешіктірмей алынған

шайындыларда 2 %-дан аспайтын санитариялық-көрсеткіштік микроорганизмдердің (ішек таяқшалары тобы бактерияларының) болуына жол беріледі, бұл дезинфекциялау режимін қанағаттанарлық бағалау туралы күәландырады. Микробиологиялық шайындыларда патогенді микрофлораға зерттеу мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау кезінде және көрсеткіштер бойынша жүзеге асырылады. Сыртқы ортаның жоғарыда аталған объектілерінен алынған шайындылардағы патогенді микрофлораның болуына жол берілмейді.

128. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің сұраулары бойынша өндіруші (дайындаушы) өндірістік бақылау нәтижелері туралы ақпаратты береді.

## **6. Персоналға тұрмыстық қызмет көрсетуге, медициналық қарап тексеруге және гигиеналық оқытуға қойылатын талаптар**

129. Шаруашылық етуші субъектілер персоналды санитариялық киімнің кемінде үш жиынтығымен қамтамасыз етеді. Өндірістің ерекшелігіне байланысты санитариялық киімнің жиынтығына қосымша резенке етік, қолғап, сондай-ақ жеке қорғаныш құралдары кіреді.

130. Арнайы киіммен өндірістік үй-жайлардың шегінен шығуға, оның үстінен сыртқы жеке киімді киуге жол берілмейді.

131. Арнайы киімді жуу және дезинфекциялау орталықтандырылып жүргізіледі, үйде жууға жол берілмейді.

132. Тамақ өндірісінде тамақ өнімдерін тасымалдаумен, тиеумен, түсірумен айналысатын қызметкерлер жұмысқа кіру алдында, сондай-ақ арнайы оқу орындарының оқушылары өндірістік тәжірибеден өту алдында Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10634 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндеттін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығымен бекітілген Міндетті медициналық қарап-тексеруді өткізу қағидаларына сәйкес медициналық қарап тексеруден өтеді . Жұмысқа тұратын және зиянды еңбек жағдайларымен, қолайсыз өндірістік факторлардың әсерімен байланысты өндірістер мен кәсіптерде жұмыс істейтін жұмысшылар мен инженерлік-техникалық қызметкерлер жұмысқа тұру алдында алдын ала және мерзімдік міндетті медициналық қарап тексеруден өтеді.

133. Шаруашылық етуші субъекті обьектіде персоналдың жеке медициналық кітапшаларының сақталуын қамтамасыз етеді.

134. Төңірегіне және тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне қауіп төндіретін, инфекциялық аурулармен ауыратын адамдар немесе инфекциялық аурулар

қоздырғыштарын тасымалдаушылар, сондай-ақ осындай ауруларға күмән келтірген адамдар жұмысқа жіберілмейді. Өнім өндіру процесінде жұмыс істейтін кез келген адам өзінің ықтимал ауыруы туралы немесе ауру белгілері туралы тікелей басшысына шүғыл хабарлайды. Науқас адаммен немесе осындай ауру тасымалдаушылармен байланыста болған адамдар медициналық зерттең-қараудан өткен соң жұмысқа жіберіледі.

135. Тамақ өнімдерін тасымалдаумен, тиеумен және түсірумен айналысатын адамдар жеке және өндірістік гигиенаны сақтайды. Жұмыс басталу алдында шаштарын қалпақ немесе үшкіл орамал астына жинайды, зергерлік әшекейлерін, сағаттарын және басқа да сынатын заттарды шешеді, тырнақтарын қысқартып қырқады және лакпен боямайды. Шикізатқа және дайын өнімге бөгде заттардың түсуін болдырмау үшін өндірістік үй-жайларға ұсақ шыны және металл заттарды (технологиялық мүкәммалдан басқа) әкелуге және сақтауға, арнайы киімді түйреуішпен, инемен түйреуге және халаттардың қалтасында жеке тұтыну заттарын сақтауға жол берілмейді.

136. Қосымша өндеусіз тұтынуға арналған тамақ өнімдерін өндіру кезінде құнделікті жұмыс ауысымының басында медицина қызметкері немесе басқа жауапты адамдар жұмыскерлер денесінің ашық беті тері қабаттарының бүтіндігін тексереді. Терінің ірінді аурулары бар адамдар, сондай-ақ инфекциялық ауруларға құдікті адамдар жұмысқа жіберілмейді. Қарап тексеру нәтижелері осы Санитариялық қағидаларға З-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Цех қызметкерлерін медициналық қарап тексеру нәтижелерінің журналына енгізіледі.

137. Темекі бұйымдарын тұтынуға арнайы бөлінген орындарды қоспағанда, объектілерде темекі бұйымдарын тұтынуға жол берілмейді.

## **7. Сұтті, сұт өнімдерін, балалар сұт қоспаларын өндіруге қойылатын талаптар**

138. Қабылданған салқындағылған сұтті обьектіде сақталған салқындағылған сұтпен араластыруға жол берілмейді.

139. Объектінің өндірістік зертханасы инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз шаруашылық сұтінің немесе кілегейлерінің әрбір партиясын пастерлеу тиімділігіне тексереді.

140. Кешенді технологиялық желі құрамына кірмейтін сұтті тазалау, қосалқы шикізатты дайындау, өнімді қайта өндеу, қаптау бойынша қондырғыларды ластануды болдырмау мақсатында бір-бірінен оқшауландырылған үй-жайларға, сондай-ақ қойма үй-жайларынан жеке ғимараттарға орналастырады.

141. Сүт және сүт өнімдерін өндіруге және сақтауға арналған жабдықты өңдеу ол әрбір босағаннан кейін жүргізіледі.

142. Сұтті қабылдау алдында сүт шлангілері мен цистерналардың штуцерлерін дезинфекциялайды және ауыз сумен шаяды. Сұтті қабылдау аяқталғаннан кейін шлангілер жуылады, дезинфекцияланады, тығынмен немесе су өткізбейтін тыспен жабылады және кронштейндерге ілінеді.

143. Қабылданған сүт пен кілегей сүзгіден өткеннен кейін және  $+4\pm2^{\circ}\text{C}$  температураға дейін салқындалтылғаннан кейін пастерлеуге жіберіледі.  $+4^{\circ}\text{C}$  температурада салқындалтылған сүт кемінде 6 сағат (бұдан әрі – сағ),  $+6^{\circ}\text{C}$  температурада салқындалтылған сүт кемінде 4 сағ сақталады.

144. Шикі және пастерленген сұтті сақтау және өндіріске беру кезінде бөлек таңбаланған танкілер мен сүт құбырлары бөлінеді.

145. Сүт өнімдері (сүзбеден басқа) дайындалатын және сақталатын ыдыстар тығыз жабылатын қақпақтармен жабдықталады.

146. Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігін, өнеркәсіптік стерилділігін қамтамасыз ету және сақтау мерзімін ұзарту үшін оларды термиялық өңдеуден - термизациялаудан, пастерлеуден, стерилизациялаудан, ультрапастерлеуден немесе ультражоғары температурада өңдеуден өткізеді.

147. Сұтті тарту, сұтті және кілегейді қалыпқа келтіру және гомогендеу пастерлеу алдында жүргізіледі. Пастерленген сұтті тартқан жағдайда алынған кілегей, майсыз сүт және қалыпқа келтірілген қоспа қосымша пастерлеуге жатады.

148. Пастерлеу-салқыннату қондырғыларын іске қосу алдында жабдықтардың дайындығын және пастерлеу температурасын автоматты түрде реттеу жүйесін тексереді.

149. Жабдықтар техникалық ақау салдарынан немесе су, бу, электр қуаты берілмегендіктен екі және одан да көп сағатқа үзіліске тоқтауға мәжбүр болған жағдайда, ыдыстардағы пастерленген сүт немесе қалыпқа келтірілген қоспалар құйып алынады және қайта термиялық өңдеуге жіберіледі. Босатылған жабдық жуылуға және дезинфекциялауға жатады.

150. Сүт құйған танкіні қолмен жууды арнайы персонал жүргізеді. Танкілерді жуатын жұмыскерлер басқа үй-жайларды, санитариялық тораптарды жууға тартылмауы тиіс. Танкіні жуу үшін жеке арнайы киім және аяқ киім пайдаланылады. Резенке етіктерді дезинфекциялағаннан кейін танкінің жанындағы резенке, алдын ала дезинфекцияланған кілемше үстінде киеді. Жуатын жұмыскерлердің арнайы киімі және мүкеммал бөлек таңбаланған шкафтарда сақталады.

151. Сұзгілеу материалдары әрбір пайдаланғаннан кейін жуылады және дезинфекцияланады. Сүтті автоматты есептеуіштер арқылы үздіксіз қабылдау кезінде сұзгіні жуу және дезинфекциялау бір ауысымда бір реттен жиі емес жүргізіледі.

152. Сұзбені престеу үшін пайдаланылған көп рет пайдаланылатын материал технологиялық процесс аяқталғаннан кейін жедел тазартылады, жуылады және 10-15 мин ішінде қайнатылады. Материалды бөлінген орында (кептіру камерасында, шкафында немесе ауада) кептіреді. Материалды өндеу жеке үй-жайда жүргізіледі, оларды ортақ кір жуатын орында жууға жол берілмейді.

153. Тамак өнімдерімен жанасатын транспортерлер, конвейерлер ауысым аяқталғаннан кейін тазартылады, кальцийленген соданың немесе жуу құралының ыстық ерітінділерімен өнделеді, содан кейін ыстық сумен шайылады.

154. Сұт автоцистерналары сүттен әрбір босағаннан кейін жуылады, дезинфекцияланады және пломбаланады.

155. Жуылғаннан және дезинфекцияланғаннан кейін 6 сағ астам уақыт пайдаланылмайтын жабдықтар жұмыс басталар алдында кейіннен жуу және дезинфекциялау сапасын микробиологиялық бақылау арқылы қайта дезинфекцияланады. Сұт өнімдеріне арналған ыдыс тазалығының микробиологиялық көрсеткіштері осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшада айқындалған.

156. Жас (0-ден 3 жасқа дейінгі) балаларға арналған сұт өнімдерін өндіретін объектілерде және цехтарда жабдықтарды жуу және дезинфекциялау, пайдаланылатын жуу және дезинфекциялау құралдарының концентрациясын бақылау автоматты режимде жүзеге асырылады.

157. Пастерлеудің әрбір циклі ішінде термограммада:

- 1) пастерлеу жүргізетін қызметкердің тегі;
- 2) пастеризатордың типі және номірі;
- 3) пастерленіп жатқан сүттен дайындалатын өнімнің күні, атауы;
- 4) жұмыстың басталу және аяқталу уақыты белгіленеді.

Пастерлеу режимі өзгерген жағдайда, белгіленген режимнен ауытқу себебі тіркеледі. Термограммалар зертханада бір жыл ішінде сақталады.

158. Автоматты бақылау-тіркеу аспаптары болмаған кезде пастерлеу режимін бақылау журналға (ерікті нысанда) деректерді енгізе отырып, әрбір 15-20 мин сайын температуралы өлшеу арқылы жүзеге асырылады. Өндірістік зертхананың мамандары ауысымда кемінде 3-4 рет пастерлеу температурасын және өнеркәсіптік стерилдікке зерттеу арқылы аптасына екі рет стерилизациялау желісінде жылумен өндеу тиімділігін іріктең бақылау жүргізеді.

159. Қайта өндеуге немесе құюға сүт пастерлеудің қолданылған режиміне байланысты фосфатазаға немесе пероксидазаға теріс нәтиже алғаннан кейін жіберіледі.

160. Пастерлегеннен кейін сүт немесе кілегей  $+4\pm2$  0С температураға дейін салқындастылады және құюға жіберіледі. Пастерленген сүт ыдысқа құйылғанға дейін 6 сағ. асырмай сақталады. Пастерленген сүтті танкіде сақтау уақыты ұзартылған жағдайда, ыдысқа құю алдында сүт қайта пастерленуге жатады.

161. Өндірістік қажеттілік болған жағдайда, пастерленген сүтті немесе қоспаны ыдысқа құю алдында  $+2^0$ С-тан  $+4^0$ С-қа дейінгі температурада кемінде 6 сағ, ал  $+6^0$ С-тан  $+8^0$ С-қа дейінгі температурада кемінде 3 сағ сақтауға жол беріледі.

162. Сүт қышқылы өнімдерін өндіру кезінде сүт немесе кілегей пастерлеуден кейін ашу температурасына дейін салқындастылады және дереу ашытуға жіберіледі. Ашыту температурасы кезінде сүтті ұйытқы салынбаған қүйінде ұстауға жол берілмейді.

163. Өндірістік қажеттілік болған жағдайда пастерленген сүтті  $+4^0$ С-тан  $+6^0$  С-қа дейінгі температурада салқындатуға және пайдаланғанға дейін 6 сағ сақтауға жол беріледі. Ұзағырақ сақтаған кезде сүт ашыту алдында қайта пастерлеуге жатады.

164. Қымыз жылқы сүтінен таза болгар, ацидофиль таяқшаларының өсірінділерімен және ашытқымен ашыту арқылы алынады. Қымызды сақтау  $+6^0$  С аспайтын температурада жүргізіледі.

165. Қаймақ өндіруде жаңадан алынған кілегей пайдаланылады, қышқылдығы жоғары кілегейді ашытуға жол берілмейді. Қаймақтың толық жетілуі тоңазыту камераларында 0-ден  $+8^0$ С температурада жүргізіледі. Флягаларға және бидондарға құйылған қаймақтың жетілуі 12-48 сағ ішінде, ұсақ тұтынушы ыдыстарына құйылған қаймақтың жетілуі 6-12 сағ ішінде жүзеге асырылады.

166. Балаларға арналған сүт өнімдерін өндіру үшін жоғары немесе 1-сұрыпты пастерленген,  $+2 - +6^0$ С температураға дейін салқындастылған сүт пайдаланылады, содан кейін оларды ыдысқа құюға немесе кейіннен жоғары температурада өндеуге жібереді.

167. Сүт қышқылы өнімдерін бір құйып-тығындастын автоматпен ыдысқа құю кезінде қүюдің мынадай:

- 1) лакто, бифидобактериялармен дайындалған өнімдер;
- 2) сүт қышқылы бактерияларының таза өсірінділерімен;
- 3) пропинді қышқылды бактериялармен;
- 4) ацидофильді таяқшалармен және айранның өңезінде реттілігі сақталады.

168. Пастерленген немесе стерилизацияланған сүт немесе кілегейі бар сынған, толық құйылмаған бөтелкедегі және пакеттердегі өнім сұзгі материалының қабаты арқылы, сүт қышқылы сусындары екі қабатталған дәке арқылы құйылады. Сүт немесе кілегей қайта пастерлеуге немесе стерилизацияға, сүт қышқылы өнімдері өнеркәсіптік қайта өндөуге жіберіледі.

169. Ұн және қант пайдалану алдында електен өткізіледі, мейіз тазаланады және жуылады, какао, кофе және ванилин механикалық қоспалардың болуына тексеріледі.

170. Қатты және жұмсақ ірімшік пастерленген сүттен жасалады. Жетілу мерзімінен өтпеген ірімшікті өткізуге шығаруға жол берілмейді.

171. Сүт және сүт өнімдері +8 °С-тан аспайтын температураға дейін салқындастылған күйде өткізуге жіберіледі.

172. Балмұздақ өндіру жөніндегі объектілер үй-жайларының жиынтығы осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес көзделеді.

Куаттылығы аз объектілерде салқындастаптын қойманы ыдыс сақтайтын және қаптамасын шешу бөлімшесімен біріктіруге жол беріледі, олар үшін жеке участекер бөлінеді. Дайындау және аппарат бөлімшелерін біріктіруге жол беріледі.

Өндірістік химиялық және микробиологиялық зертханалардың жиынтығы мен ауданы қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес зерттеулердің көлемі мен түрлеріне байланысты айқындалады.

173. Балмұздақ өндірісінде:

1) сірке қышқылын, инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз шаруашылықтардан алынған үйректің, қаздың, сондай-ақ тауықтың жұмыртқаларын қолдануға;

2) сауда желісінен қайта өндөу үшін сұйық қоспа түріндегі еріген және механикалық ластанған балмұздақты қабылдауға;

3) эмальданған ванналарды, мырышпен қапталған темірден және қалайыланбаған мыстан жасалған ыдыстарды пайдалануға жол берілмейді.

174. Балмұздақ өндірісінің барлық сатысында мынадай талаптарды сақтау қамтамасыз етіледі:

1) шикізаттың қаптамасын шешу және қоспаны дайындау жеке үй-жайда жүргізіледі;

2) қоспаны пастерлегеннен кейін сұйық жартылай фабрикаттарды беру жабық құбыр жүйесі бойынша жүргізіледі. Жартылай фабрикаттарды жабық алюминий немесе қалайыланған тот баспайтын болаттан жасалған ыдыстарда тасымалдауға жол беріледі;

3) балмұздақ қоспасы, қант шәрбаты және басқа тамақ қоспалары ластануына қарай ауыстырылып отыратын арнайы сүзгілер немесе стерилденген дәке арқылы сүзіледі;

4) қоспаны пастерлеу  $+70^{\circ}\text{C}$  температурада 30 мин ішінде;  $+75^{\circ}\text{C}$  температурада 20 мин ішінде;  $+80^{\circ}\text{C}$  температурада 10 мин ішінде;  $+85^{\circ}\text{C}$  температурада 5 мин ішінде жүргізіледі;

5) пастерлеу сапасын бақылау бақылау-өлшеу аппаратуrasesы (манометриялық өздігінен жазатын термометрлер немесе металл оправалы термометрлер) көмегімен жүргізіледі. Температуралың ауытқуымен толтырылған термограммалар үш ай ішінде балмұздақ цехында немесе өндірістік зертханада сақталады;

6) пастерлегеннен кейін қоспа  $+6^{\circ}\text{C}$  температураға дейін салқындалады және 24 сағ асырмай сақталады;

7) фризерлегеннен кейін балмұздақ температуrasesы  $-3^{\circ}\text{C}$  жоғары емес, мұздатқаннан және сақтағаннан кейін  $-12^{\circ}\text{C}$  жоғары емес, балмұздақтың жеміс-жидекті және хош иісті түрлері үшін  $-14^{\circ}\text{C}$  жоғары емес болуы тиіс;

8) мұздатылмаған өлшенетін балмұздақтың фризерленгеннен кейінгі температуrasesы  $-5^{\circ}\text{C}$  жоғары емес;

9) балмұздақты дайындау және сақтау процесінде құжаттау арқылы күнделікті өндірістік зертханалық бақылау жүзеге асырылады.

175. Балмұздақ мұздатылған балмұздақта  $-12^{\circ}\text{C}$  жоғары емес, мұздатылмаған күйде  $-5^{\circ}\text{C}$  жоғары емес температуралың қамтамасыз ететін жағдайларда тасымалданады.

176. Ұйытқыны және пробиотикалық өсірінділерді дайындау басқа үй-жайлардан оқшауланған және сүт қышқылы өнімдерінің өндірісіне барынша жақын үй-жайларда жүргізіледі. Бөлімшеге кіреберісте арнайы киімді ауыстыруға арналған тамбур көзделеді.

177. Өндірістік микробиологиялық зертханада зертханалық ұйытқыны дайындау және таза өсірінділермен жұмыс жасауға арналған бокс көзделеді. Ұйыту бөлімшесінде айран және ацидофиль ұйытқыларын дайындауға, ыдыстар мен мүкәммалды жууға, дезинфекциялауға және сақтауға арналған аймақтар бөлінеді.

178. Ұйытқының шағын мөлшерін дайындау кезінде ұйытқыны бір үй-жайда дайындауға жол беріледі. Айран және ацидофиль ұйытқыларын дайындау және тасымалдау үшін бөлек таңбаланған резервуарлар мен құбырлар пайдаланылады.

179. Пайдалануға дайын ұйытқы құйылған құтыны ашқаннан кейін оны одан әрі сақтауға және пайдалануға жол берілмейді.

180. Ұйыту үй-жайлары мен тамбурдағы ауаны стерилизациялау үшін бактерицидті шамдар орнатылады. Тамақ өнімдерін қайта өндіру жөніндегі объектілерде бактерицидті шамдарды қолдану тәртібі осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшада айқындалады. Бөлімшеге тек ұйытқы дайындаумен және үй-жайларды жинаумен айналысатын жұмыскерлердің ғана кіруі көзделеді.

181. Ұйытқыны дайындауға және сақтауға арналған термостаттар мен тоқазытқыштарды басқа мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

182. Қайта өндірілетін зертханалық ұйытқыны дайындау үшін сұтті стерилизациялау ұйыту бөлімшесінде немесе микробиологиялық зертханада жүргізіледі.

183. Пастерленген сұтпен ұйытқыны дайындау кезінде сұтті пастерлеу, ашыту температурасына дейін салқыннату, ашыту және ұйытқыны салқыннату бір ыдыста жүргізіледі.

184. Ұйытқылар нормалау құжаттарына сәйкес берілетін Мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен сүйемелденеді. Сақтау мерзімі өткен және (немесе) қышқылдығы жоғары ұйытқыны (құрғақ зертханалық немесе өндірістік) пайдалануға жол берілмейді.

185. Зертханалық, қайта өндірілетін және өндірістік ұйытқыны дайындауды және оның сапасын бақылауды өндірістік зертхана жүзеге асырады.

186. Май мен ірімшікті сақтау камераларында ірімшікті тұздау, кептіру және үлбірмен қаптау үй-жайларындағы ауаны стерилдеу үшін осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес бактерицидті шамдар орнатылады.

187. Сұт және сұт өнімін өндіру жөніндегі қуаттылығы аз объектілердің үй-жайларының жиынтығы және олардың ең аз ауданы осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес көзделеді.

188. Өндіру процесінде келіп түскен шикізаттың, дайын өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес сұт және сұт өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерде микробиологиялық бақылауды ұйымдастыру сызбасына сәйкес өндірістік технохимиялық және микробиологиялық бақылау жүзеге асырылады.

Қуаттылығы аз объектілерде дайын өнімнің әр түрін айына 1 реттен сиретпей микробиологиялық көрсеткіштер бойынша нормативтік құжаттама талаптарына сәйкестігіне зерттейді. Стандартқа жатпайтын өнім анықталған жағдайда жоғарыда келтірілген сызба бойынша технологиялық процестің барысы бойынша бақылау жүргізіледі.

189. БСАУ үй-жайларының және тарату пункттері үй-жайларының құрамы мен ең аз ауданы осы Санитариялық қағидаларға 9 және 10-қосымшаларда белгіленген.

190. БСАУ-нің негізгі өндірістік үй-жайларында осы Санитариялық қағидаларға сәйкес бактерицидті шамдар орнатылады. Бактерицидті шамдардың жұмыс режимі осы Санитариялық қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндірістегі бактерицидті шамдардың жұмысын тіркеу журналында белгіленеді.

191. 10 жұмыс күнде бір реттен сиретпей барлық үй-жайларға, жабдыққа және мүкеммалға күрделі жинау және дезинфекция жүргізіледі.

192. Қуаттылығы үлкен БСАУ-де (5 мың порциядан астам) бөтелкелерді жуу үшін бөтелке жуатын машиналар орнатылады.

193. Балалар тамағына арналған сүт және басқа қоспалардың ассортиментіне қаймағы айырылмаған сүт, кілегей, қайнатпалар бар сүт, сүт қышқылы қоспалары, сұзбе, ботқалар, кисель, витаминделген тұнба мен сусындар кіреді.

194. Балалар тамағына арналған сүт тікелей жеткізу бойынша фермерлік шаруашылықтардан (шаруа қожалықтарынан) табиғи, қалыптандырылмаған күйінде жеткізіледі және шаруашылықтың инфекциялық аурулар бойынша қолайлығын растайтын ветеринариялық ілеспе құжаты болған жағдайда қабылданады. Сүт өндейтін объектілерден сүт пастерленген және қалыптандырылған, майлылығы кемінде 3,2 % күйінде жеткізіледі.

195. Құрамында бейтараптандырушы (сода, аммиак) және консервілеуші заттар бар жалған сүтті (көксүт, сұйылтылған немесе майсыздандырылған сүтті), сондай-ақ химикаттар және мұнай өнімдерінің иісі және дәмі немесе бөгде дәмі мен иісі бар сүтті қабылдауға және өндеуге жол берілмейді.

196. Сүтті бірден пайдалану мүмкін болмаған жағдайда, ол +4<sup>0</sup>C жоғары емес температурада салқыннату камерасында сақталады.

197. Балаларға арналған сүт өнімдері және қоспалар өндірушінің рецептурасына және технологиялық нұсқаулықтарына және (немесе) нормалау құжаттарына сәйкес өндіріледі.

198. Келіп түсетін сүт лавсан сұзгілер немесе дәкениң бірнеше қабаттары (3-4 қабат) арқылы сұзіледі. Сұзгінің жұмыс жасау ұзақтығы сүттің тазалығымен және температурасымен айқындалады. Сүттің температурасы төмен болған жағдайда, сұзгіштерді жиі ауыстырып отыру қажет. Сұзгілеуден соң сұзгілер жуылады, қайнатылады және кептіріш шкафттарда кептіріледі.

199. Сұзгіден өткізілген сүт стерилизацияланады, қайнатылады немесе пастерленеді. Сүтті және қоспаларды өндеудің температуралық режимдері өндірілетін өнім түріне байланысты.

200. Сүт пен сүт қоспаларын салқыннату "мұзды су" арнайы қондырғысы болған жағдайда стерилизаторларда, пастеризаторларда, тоңазыту камераларында (шкафттарда) жүргізіледі.

201. Сүт ұйытқысын дайындауға арналған үй-жай оқшауланады және автоклавпен (термостатпен), тоңазыту шкафымен немесе камерасымен жабдықталады. Айран өңезі, сүт ашытқысы, тұтынуға дайын өнім зертханалық бақылаудан өтеді.

202. Тығындау материалы стерилдененді. Мақта-дәке тығындарын пайдалануға жол берілмейді.

203. Балаларға арналған сүт өнімдеріне балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балаларға арналған нәрлі қоспалардың нақты түріне арналған нормативтік-техникалық құжаттамамен регламенттелетін, Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген витаминдерді, минералдық заттарды, қант пен басқа тамақ ингредиенттерін қосуға жол беріледі.

204. Барлық тамақ қоспалары мен басқа тамақ ингредиенттері өндіріске қапталған қүйінде түседі және қолдану алдында стерилизацияланады. Қант қант шәрбаты, тұз – ерітінді түрінде қосылады.

205. Өнімнің әр порциясында ас үй атауы мен өнім түрі, оның құрамы, көлемі, дайындалған күні мен сағаты, өткізу мерзімі мен сақтау жағдайлары көрсетілген заттаңба (таңба) көзделеді.

## **8. Ет өндеу объектілеріне қойылатын талаптар**

206. Сарқынды суды көрізге немесе жергілікті тазалау жүйесіне шығару алдында сарқынды суды механикалық жолмен тазалайды, май аулағыштардан өткізеді, карантиндік бөлімшеден шыққан және аумақты жуған сарқынды суды қи ұстағыш арқылы өткізеді және залалсыздандырылады.

207. Барлық өндірістік қатты қалдықтар, оның ішінде малдың қызы арнағы жинағыштарға жиналады және залалсыздандыру немесе кәдеге жарату орындарына шығарылады.

208. Малды бағып ұстауға арналған алаң (үй-жай) биіктігі 2 м тұтас қоршаумен қоршалған оқшауланған участкеде орналастырылады.

209. Карантиндік үй-жай, оқшаулағыш, санитариялық сою орны бір ғимаратта орналасқан жағдайда, ауру мал мен ауырмаған малға арналған оқшауланған жол көзделеді.

210. Санитариялық сою орнында ауру малдарға арналған көлікпен бөлек кіру жолы және оны қабылдауға арналған алаң көзделеді.

211. Карантиндік бөлімшениң едендері, қабырғалары, астаушалары, қоқыс жинағыштары және басқа да жабдығы дезинфекцияланатын материалдардан дайындалады. Ағаштан жасалған астаушаларды, мал суаратын орындарды және мұкәммалды пайдалануға жол берілмейді.

212. Малдың қалдық сүйек-саяқ-құйқасын жинау және жинақтау үшін қақпағы тығыз жабылатын, кемінде үш тәулікке қалдық сүйек-саяқ-құйқаларды жинауға есептелген су өткізбейтін қабылдағыштар жабдықталады. Қабылдағыштың айналасындағы алаң бетондалады. Қалдық сүйек-саяқ-құйқалар малдың қыын сақтайтын орынға күнделікті жуылатын және дезинфекцияланатын арнайы көлікпен шығарылады.

213. Малдың қыын биотермиялық залалсыздандыру арнайы жабдықталған алаңдарда жүргізіледі.

214. Малдарды алып келген көлік құралдары оларды түсіргеннен және малдың қыынан тазартылғаннан кейін дезжүү пунктінде немесе базаның аумағынан шығар жолда жабдықталған жуу алаңында жуылуға және дезинфекциялануға жатады.

215. Малды союға арналған үй-жайлар:

1) мал сойғанда оның асқазанын немесе ішектерінің ішін тазарту және терісін шелдеу процестеріне арналған, таза аймақ пен ластану қауіптілігі жоғары аймақтың арасындағы ластанулардың түйісуін болдырмайтындей жағдайда қыстырылған жеке үй-жаймен қамтамасыз етіледі. Тұтас еттің терісі мен ішкі мүшелерін алып тастағаннан кейінгі жануарларды сою жүйесінің участкесі таза аймақ болып табылады;

2) малдың тұтас еті мен мүшелеріне ветеринариялық-санитариялық сараптама жасауға арналған жабдықталған орындармен (нұктелермен);

3) қажетті аспаптармен және құрал-жабдықтармен жабдықталған трихинеллезге тексеру жүргізуғе арналған жеке үй-жаймен;

4) ауруға күдікті жануарлардан алынған тұтас етке қосымша ветеринариялық-санитариялық қарап тексеру жүргізуғе және қайта ветеринариялық-санитариялық сараптама жасауға арналған жабдықталған жеке үй-жаймен немесе қосымша аспалы жолмен;

5) шектеулі пайдалануға ветеринариялық қызмет рұқсат еткен, сойылған мал өнімдерін мұздату арқылы залалсыздандыруға арналған оқшауландырылған мұздатқыш камерамен (санитариялық қасапхана болмаған жағдайда) қамтамасыз етіледі.

216. Бір ауысым ішінде 30 басқа дейін мал соятын объектілерде арнайы бөлінген күні немесе дені сау жануарларды сойғаннан және ғимараттан дені сау жануардың өнімдерін алғаннан кейін ауысым соңында мал союға арналған үй-жайда ауру және ауруға күдікті жануарларды союға жол беріледі. Ауру және ауруға күдікті жануарларды сойып болғаннан кейін үй-жай, жабдықтар, мүкәммал (ыдыстар, көлік құралдары) санитариялық өндеуден өткізіледі және дезинфекцияланады.

217. Санитариялық блоктың сарқынды сүйін көріз жүйесіне ағызу алдында залалсыздандырады.

218. Карантиндік бөлімшениң бірынғай блогына орналастыру кезінде оқшаулағыштың алдына жұмысшылардың арнайы киімдеріне арналған шкафтар, қол жууға арналған жабдық, аяқ киімді дезинфекциялауға арналған дезинфекциялаушы кілемше орнатылған тамбур немесе санитариялық модуль жабдықталады.

219. Цехтың малды алғашқы өндеуден өткізетін аспалы жолы мен конвейер жүйесі малдың тұтас етінің еденге, қабырғаларға және технологиялық жабдықтарға жанасу мүмкіндігін болғызбайды. Тұтас етті қаннан тазарту, тазалау және жуу участкерінде сұйықтықтың ағуына арналған траптарға енісі бар су өтпейтін науа орнатылады.

220. Мал союға арналған үй-жайда бір-бірінен биіктігі кемінде 3 метр (бұдан әрі - м) қалқамен бөлінген және тұтас ет қойылған жерден кемінде 3 м арақашықтықта арнайы участке бөлуге және мынадай технологиялық процестерді жүргізуге:

1) асқазанның (асқазан алдының) ішін тазарту (ылғалды әдіспен);

2) тағамдық қанды жинау, сақтау (малды сойғаннан кейінгі ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелерін алғанға дейін) және өндеу ;

3) субөнімдерді өндеу (жұнді субөнімдерді қоспағанда); терілерден бұлшық ет пен май ұлпаларының сою барысындағы кесінділерін алып тастауға. Субөнімдерді жеке үй-жайда өндеу процесін жүргізгенде жұнді субөнімдерді де осы үй-жайда өндеуге жол беріледі.

221. Мал союға арналған үй-жайдағы арнайы участкер сүйк және ыстық сумен, технологиялық жабдықтар мен мүкеммалды санитариялық өндеуге және дезинфекциялауға арналған құрылғылармен, қол жууға арналған құрылғылармен жарақталады.

222. Жануарлардың аса қауіпті аурумен ауырғанына күмәнданған немесе анықтаған жағдайда "Тоқтату" деген батырманың көмегімен ветеринариялық мамандардың жұмыс орнынан малды сою желісін шүғыл тоқтату көзделеді.

Малды сойғаннан кейін оның тұтас еті және басқа да сою өнімдері міндетті түрде өндеуден, ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткізіледі және таңбаланады.

223. Тамақ шикізатын (майды, ішектің жиынтықтарын, шикізат қанын, субөнімдерді) жинауға және тасымалдауға арналған ыдыстар, түсірuler, арбалар және басқа да көлік құрылғылары әрбір цех және өнімнің түрі үшін таңбаланған, бөлек болуы тиіс. Оларды басқа цехтарда және басқа мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

224. Тұтас еттің қанын сорғытатын участекелер, техникалық қанды жинауға арналған аспалы жолдардың асты трапқа еңісі бар табандықпен, тұтас етті тазарту және өндеу участекелері ағынды жинауға арналған науамен және кесіп алынғандарды жинауға арналған ыдыстармен (жинағыш) жабдықталады.

225. Тағамдық қанды жинау участекесі қуыс пышақтарды шлангімен жуу және дезинфекциялау құрылғыларымен, флягамен, мүкеммалмен және жабдықпен жарақталады.

226. Қан, оған өндеу жүргізетін орынға дейін оның ластануын болдырмайтын жағдайда тасымалданады. Қан өндеу өнімдері техникалық альбуминді және басқа да тамақтық емес өнімдерді сақтауға арналған үй-жайлардан оқшауланған үй-жайларда қапталады және сақталады. Тағамдық альбуминді кептіруге арналған жабдық өзіндік желдеткіш құрылғысымен пайдаланылады.

227. Тағамға жатпайтын қалдықтар ажыратылатын түспен боялған және таңбасы бар жеке ыдысқа жиналады. Конфискаттарды жинау үшін бөлек түсірулер немесе арнайы жабылатын жылжымалы ыдыстар жабдықталады.

228. Ветеринариялық қызмет пайдалануға шектеулермен рұқсат еткен мал сою өнімдерінен алынған шұжық және консерві бұйымдарын өндіруге өндіріс ғимаратында және бөлек ауысымда жол беріледі. Жұмыс аяқталған соң үй-жайды, жабдықтар мен мүкеммалды дезинфекциялау қажет.

229. Ветеринариялық қызмет пайдалануға шектеулермен рұқсат еткен мал сою өнімдерін заарсыздандыруды оқшауланған үй-жайларда, ветеринариялық қызмет пайдалануға шектеу қойған сойылған мал өнімдерімен залалсыздандырылған сойылған мал өнімдерінің қылышқан ағымдарын болдырмай орналастырылған жабдықтарды пайдалана отырып жүргізеді.

230. Ішек өндеуге арналған жабдық пен жұмыс орындары дайын өнімнің және цехтың ішектің ішіндегісімен және оларды жуғаннан кейінгі шайынды сумен ластануын болдырмау мақсатында технологиялық процесс барысында орналастырылады. Ішектің ішіндегісі көрізге қосылған люктер арқылы шығарылады. Ішек тазалайтын жұмыс орындарына ыстық және суық су жүргізіледі, ішектерді сорттау (ұрлеу) қысылған ауамен жүргізіледі.

231. Шұжық бұйымдарын өндіретін қуаттылығы аз объектілерде ішек қабығын шұжық өндіретін үй-жайдағы кемінде 2 м қалқамен бөлінген участекелерде дайындауға жол беріледі.

232. Сүйек ішіндегі майды қайнатып алу үшін сүйекті ұсақтау және кесу май цехының жеке үй-жайында жүргізіледі.

233. Субөнімдерден және қаннан жасалатын бұйымдар жеке үй-жайда дайындалады. Шұжық өндіруге пайдаланылатын субөнімдерді жібіту, сорттау және жуу тоңазытқыштың жібіту камерасында, ол болмаған жағдайда шұжық жасайтын цехтың жеке үй-жайында жүргізіледі.

234. Шартты жарамды етті және субөнімдерді, шұжық дайындауға арналған өндірістік үй-жайларда, аспаздық және консервілеу цехында, ет жартылай фабрикаттарының цехында қайнату арқылы залалсыздандыруға жол берілмейді.

235. Шартты жарамды ет пен субөнімдер ет нанын дайындау үшін пайдаланылады. Шартты жарамды шикі еттің дайын өніммен жанасуына жол берілмейді. Шартты жарамды ет торлы қалқамен қоршалған участкедегі жеке камерада немесе жалпы камерада сақталады.

236. Еттен тартылған фарш және субөнімдерден тартылған фарш арнайы үй-жайларда немесе шұжық цехының тиісті бөлімшелерінде дайындалады.

237. Шұжық жасайтын цехтың термиялық бөлімшесіне өндірістік үй-жайлар арқылы отын беруге жол берілмейді.

238. Жануар шикізаттарынан медициналық препараттарды дайындау үшін жеке өндірістік үй-жайлар бөлінеді. Объектілердің өндірістік үй-жайларын жемдік және техникалық өнімдерді өндіретін үй-жайлармен біріктіруге жол берілмейді. Өндіріс жанынан санитариялық өткізгіш, экспедиция типі бойынша дербес тұрмыстық үй-жайлары бар жеке шикізат бөлімшесі бөлінеді.

239. Жемдік ұн қапталған күйінде сақталады және өткізіледі.

240. Өндіріске келіп түсетін ет құрғақ тазалаудан өтуі, таңбасы кесілуі, қажет болған жағдайда сумен жуылуы тиіс. Тұтас етті үстелдерде шелекке суланған шүберекпен сұртуге жол берілмейді.

241. Жаншуға келіп түсетін еттің температурасы  $+4\text{--}+6$   $^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары болмауы тиіс. Егер ет неғұрлым жоғары температурада тұскен болса, ол 2-3 сағ ішінде өнделеді немесе салқындану үшін тоқазыту камерасына салынады.

242. Шикізат цехында ауаның температурасын  $+12$   $^{\circ}\text{C}$ -тен аспайтын және салыстырмалы ылғалдылықты 70 %-дан аспайтын етіп қамтамасыз етеді.

243. Шұжық бұйымдарын және ет сұрлерін өндіру үшін етті тұздау (жетілдіру)  $+4$   $^{\circ}\text{C}$ -тан аспайтын температурада тұздау камерасында жүргізіледі.

244. Дайын жартылай фабрикаттардың әрбір партиясы тұздалған қуні көрсетіле отырып, таңбаланады.

245. Тағамдық қоспалар технологиялық нұсқаулықтарға сәйкес пайдаланылады. Оларды қоймадан зертханаға және зертханадан жіберуді, объектінің есепке алу құжаттамасында тіркей отырып, жауапты жұмыскер жүзеге асырады.

246. Нитритті-тұзды (тұзды-нитритті) қосындыларды пайдалану, өнімдердегі натрий нитритінің (калийдің) болуы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 9 қазандағы № 68 шешімімен бекітілген "Ет пен ет өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Кеден одағының 034/2013 техникалық регламентіне сәйкес жүзеге асырылады.

247. Тамақ қоспалары (қажет болған жағдайда тамақ қоспаларын өлшеп-орауды) мен етке қоспайтын ингредиенттерді (жармаларды, жас көкөністер мен жемістерді, шикі жұмыртқаларды және т.б.) жеке үй-жайда дайындаиды.

248. Термиялық өндеу үшін пайдаланылатын рамаларды сәйкестендіреді (күнін, уақытын, өнім санын, атауын, жауапты адамның қолын көрсетеді).

249. Шұжық қабығын фаршпен толтыру арнайы шприцтермен жүргізіледі. Батонға фаршпен бірге түскен ауаны қабықты тесу арқылы шығарады. Фаршпен толтырылған батондар цехта үй-жайдың температурасы  $+15 - +20^{\circ}\text{C}$  болғанда 2 сағ асырмай сақталады.

250. Табиғи және жасанды қабықтарды пайдалануға жол беріледі. Жартылай ысталған шұжықтарды дайындауда жасанды қабықтарды пайдалануға жол берілмейді.

251. Жартылай ысталған, пісіріліп-ысталған және шикідей ысталған шұжықтар  $+4 - +8^{\circ}\text{C}$  температурада және 80-85 % салыстырмалы ылғалдылықта сему процесінен өтеді.

252. Шұжықтар мен ет сүрлерін термиялық өндеу стационарлық қуыру немесе қайнату камераларында және термиялық агрегаттарда жүргізіледі. Термиялық өндеуге арналған камералар температура мен салыстырмалы ылғалдылықты бақылауға және реттеуге арналған аспаптармен жабдықталады, өнімді термиялық өндеу режимі объектінің есепке алу құжаттамасында тіркеледі.

253. Шұжық бұйымдарын пісірудің аяқталуы батон ішіндегі температурамен айқындалады ( $+70 - +72^{\circ}\text{C}$ ).

254. Пісірілген шұжықтарды суыту батонның ішкі температурасы  $+30^{\circ}\text{C}$ -тан аспайтын температураға дейін жеткенше суық суда себезгінің астында 7-10 мин аралығында жүргізіледі, содан соң шұжықты температурасы  $+8 - +10^{\circ}\text{C}$  және салыстырмалы ылғалдылығы 85-90 % болатын камераға салады. Пісірілген ет сүрлерін өнімнің қалың жеріндегі температура  $+8^{\circ}\text{C}$  жоғары емес болғанша суытады.

255. Қуаттылығы аз дербес цехтарда ет сүрлерін өндіру кезінде термиялық бөлімшениң алаңдарында салқындану жүргізуге жол беріледі.

256. Технологиялық процесс кезінде өндірістік үй-жайлар арқылы термиялық бөлімшеге отын (үгінді, ағаш) беруге жол берілмейді.

257. Ет және ет өнімдерін өндіру бойынша қуаттылығы аз объектилердің жиыны мен аудандары осы Санитариялық қағидаларға 12-қосымшада айқындалады.

258. Пастерленген консервілерді өндіру үшін ет шикізатын сінірлерді алу процесінен кейін 60-90 сек ішінде  $+120^{\circ}\text{C}$  температурада ыстық ауамен өндейді немесе 15-20 сек ішінде газ қыздырышының жалынында қыздырады.

259. Консервілерді өндіруге арналған тұтынушылар ыдыстарын міндепті түрде ыстық сумен (кемінде  $+80^{\circ}\text{C}$ ), өткір бумен немесе басқа да рұқсат етілген тәсілдермен санитариялық өндеуден өткізеді.

260. Пастерленген консервілерді өндіруге арналған, пергамент қағазға қапталған қақпақтарды алдын ала  $+100^{\circ}\text{C}$  температурада кемінде 20 мин немесе басқа да рұқсат етілген тәсілдермен стерилдейді.

261. Пастерленген консервілерді өндіруге арналған тұтас еттің жартысын, төрттен бір бөлігін және шабылған етті қапталмаған күйде жеткізуге жол берілмейді.

262. Заарсыздандыру немесе пастерлеу параметрлері қатаң есептілік күжаттары болып табылатын ақпарат тасығыштарға жазылады, жазбаны сақтауды өнімнің жарамдылық мерзімінен 3 айдан астам уақыт ішінде қамтамасыз етеді.

263. Консервілерді өндірудің технологиялық процесінің ұзақтығы еттің сінірлерін алу немесе ет блоктарын ұсақтау процесінен жылумен өндеуге дейін, тұздау процесінің уақытын ескермегендегі, заарсыздандырылған консервілер үшін – 2 сағ, пастерленген консервілер үшін – 1 сағ аспайды.

264. Тұтынушылар ыдыстарын тұмшалау сәтінен бастап жылумен өндеудің басталуына дейінгі уақыт стерилденген консервілер үшін 30 мин аспайды және пастерленген консервілер үшін 20 мин құрайды.

265. Тұтынушылар ыдысына өлшеп-орау алдындағы буландырылған шикізаттың жол берілетін температурасы  $+40^{\circ}\text{C}$  төмен болмауы тиіс.

266. Консервілердің әрбір атауына ассортименттік нөмір беріледі.

267. Тұтынушылар ыдыстарының барлық түрлеріндегі стерилденген консервілерді 0-ден  $+20^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада және 75 % жоғары емес ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде; пастерленген консервілерді 0-ден  $+5^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада және 75 % жоғары емес ауаның салыстырмалы ылғалдылығы кезінде сақтайды.

268. Сойылған мал өнімдері мен ет өнімдерін өндіру процесіне қатыспайтын жұмыскерлерге арналған тұрмыстық үй-жайлар соыйылған мал өнімдері мен ет өнімдерін өндірудің технологиялық процесіне тікелей қатысатын жұмыскерлерге арналған тұрмыстық үй-жайлардан бөлек көзделеді.

269. Тұтас етті, тұтас еттің жартысын және тұтас еттің төрттен бір бөлігін тасымалдаған кезде көлік құралдары және (немесе) контейнерлер тұтас еттің, тұтас еттің жартысының және төрттен бір бөлігінің еденмен жанасуына жол

бермейтін, биіктікте орнатылған оларды тік күйінде тасымалдау мүмкіндігін беретін құралдармен жабдықталады.

270. Жануарлар немесе басқа жүктер тасымалданған көлік құралдарын және (немесе) контейнерлерді санитариялық өндеуден және дезинфекциядан өткеннен кейін сойылған мал өнімдері мен ет өнімдерін тасымалдау үшін пайдалануға жол беріледі.

271. Мыналарға:

1) сойылған мал өнімдері мен ет өнімдерін көлікті немесе тұтынушылар ыдыстарын пайдаланбай үйіп тасымалдауға;

2) салқындастылған, тоңазытылған және мұздатылған өнімдерді көлік құралына және (немесе) контейнерге тиегенге дейін салқындастылмаған үй-жайларда сақтауға;

3) бір көлік құралының және (немесе) контейнердің ішінде түрлі термиялық күйдегі сойылған мал өнімдері мен ет өнімдерін, сойылған мал өнімдерін, ет өнімдерін техникалық өнімдердің (мал терісі, сүйектері және тағы басқалары) өндірісіне арналған өнімдермен бірге тасымалдауға жол берілмейді.

272. Сойылған малдан әзірленген салқындастылған тамақ өнімдері 0-ден  $+4^0\text{C}$  дейінгі температурада, тоңазытылғандары  $-1^0\text{C}$ -тан  $-3^0\text{C}$  дейінгі, мұздатылғандары  $-8^0\text{C}$ -тан аспайтын температурада тасымалданады.

## **9. Балық өндеу обьектілеріне қойылатын талаптар**

273. Қуатына және шығарылатын өнімнің ассортиментіне байланысты обьектіде тоңазыту, тұздау, консервілеу, пресервілеу, уылдырық-балық, ыстау, аспаздық, балық майы, ақуыз концентраттары, ақуыз уылдырығы, жемдік және техникалық өнім, мұз өндірісі және басқа да өндірістер қөзделеді.

274. Тағамдық, медициналық және ветеринариялық препараттар өндірісі жеке есіктері мен тұрмыстық үй-жайлары бар оқшауланған үй-жайларға орналастырылады.

275. Техникалық өнім цехтарын тамақ өнімдерінің өндірістік цехтарынан кемінде 100 м қашықтыққа орналастырады және соңғысынан жасыл көшеттер аймағы арқылы бөлінеді.

276. Барлық цехтар мен үй-жайлар күнделікті жиналады, үй-жайлар, жабдықтар мен мүкеммал дезинфекцияланады.

277. Тағам қалдықтарының әрбір түрі тағам қалдықтарын жинақтау үшін таза, таңбаланған, түмшаланған ыдыстарға бөлек жиналады. Қалдықтарды өндірісте сақтау ұзақтығы 4 сағ аспайды.

278. Балық өндеу объектілерінің балық қабылдайтын цехи (айлағы) су бұрумен жабдықталады, едені осы Санитариялық қағидалардың 57 және 58-тармақтарына сәйкес орындалады.

279. Санитариялық айлақта және балық қабылдайтын алаңға суық және ыстық су өткізіледі, балық аулайтын және көліктік кемелердің алаңдары мен трюмдерін дезинфекциялау үшін жағдай жасалады.

280. Балық қабылдайтын алаңдар құнделікті тазартылады, дезинфекцияланады және таза сумен шайылады. Қабылдау алаңының астындағы кеңістік тазалықта ұсталады.

281. Үстелдерді жуу ластануына байланысты жүргізіледі. Балықты жуу үшін пайдаланылатын шлангілер ластануды болдырмайтын жағдайларда оралған күйде еденге тимей сақталады.

282. Мүшелегеннен кейін балықты ағынды сумен мұқият шаяды, салқындастылған бункерлерде сақтайты немесе мұз себеді немесе дереу одан әрі технологиялық өндеуге жібереді.

283. Ұсақ мүкеммалды санитариялық өндеу стерилизаторларда, ірі мүкеммал мен айналымдағы ыдыстар жуу машинасында немесе суық және ыстық су келтірілген жеке үй-жайларда жүргізіледі.

284. Қаптау және айналымдағы ыдыс құрғақ, таза үй-жайларда түпқоймаларда сақталады. Үйдістың қақпақтары цехқа таза, су өтпейтін материалдарға қапталған күйінде келіп түседі.

285. Тұздалған өнімді өндіруде алдын ала тұздау ыдыстарын, мүкеммал мен жабдықтарды дайындау жүзеге асырылады. Әр түсірілгеннен кейін кеспектерді, ванналарды, мүкеммалды тұздық, май, май тұзы қалдықтарынан мұқият тазартып, оларды су өткізбеуге тексереді.

286. Тұздау цехының барлық мүкеммалын (арбаларды, жәшіктерді, тасымалдағыштарды) таңбалайды, күн сайын жуады және дезинфекциялады.

287. Жерге ұнғыланып орнатылған тұздауға, жібітуге, тоназытуға арналған стационарлық күбілер қабырғасын еденнен биіктетіп өнімнің ластануын болдырмайтын биіктікте, ал күбілердің түбі - пайдаланылған тұздықтар мен шайынды судың толық ағып кетуін қамтамасыз ету үшін құйылатын саңылауына қарай еңістетіп орналастырады.

288. Балықты тиегеннен кейін кеспекте қалатын тұздықты өндірісте тазартылған (сүзгіден өткізілген) соң, бұзылған иісі болмаса және қышқылдығы 2-3 бірліктен артпаған жағдайда зертхананың қорытындысы бойынша қайта пайдалануға жол беріледі.

289. Кеспектерде тұздықтарға төзімді, жеңіл тазаланатын және дезинфекцияланатын материалдардан жасалған езгілер пайдаланылады.

290. Тоңазытуға, тұздауға және жібітүге арналған ыдыстарға араластырғыш арқылы ыстық және суық су келтіру қамтамасыз етіледі. Үдыстардың су құбырларын тиек арматурамен жабдықтайды.

291. Балық тұздау үшін тоттануға төзімді металдардан немесе полимер материалдардан дайындалған контейнерлер пайдаланылады.

292. Балықтарды айналымдағы тұздықтарда және соққылап тұздағанда тұздықты тазартуды, қүшеттуді және сұытуды дайындаушының технологиялық нұсқаулықтарына сәйкес жүзеге асырады.

293. Пресервтерді өндіру үшін мынадай үй-жайлар (учаскелер) бөлінеді: орталықтандырылған тұздық үй-жайы, дайын өнімді сақтауға, көкөністер мен жемістерді дайындауға, өңдеуге арналған салқыннататын камера, шикізаттар қорын қысқа мерзімге сақтауға арналған салқыннататын үй-жай, қосалқы материалдарды сақтауға арналған үй-жай, ыдыстарды сақтауға, бос банкілерді, мүкәммалды және цехішілік ыдыстарды жууға және дезинфекциялауға арналған үй-жайлар.

294. Татымды тұздалған құйма сірке су қышқылымен эмальданған ыдыста немесе тот баспайтын болаттан жасалған ыдыста араластырылады.

295. Банкілерге жабылғаннан кейін пресервілер өндірістік үй-жайларда екі сағаттан аспай сақталады және партияның қалыптасуына байланысты жетілуге 0-ден  $-8^{\circ}\text{C}$  температурада тоңазытқышқа жіберіледі.

296. Консервілердің негізгі өндірісі ортақ үй-жайларға орналастырылады және соусты қайнату, автоклавтау, ыдысты, мүкәммалды және участекіні жууға арналған шикізат, қуыру, азықты булау және өлшеп-орау бөлімшелері болады.

297. Консервілерді стерилизациялауға арналған автоклавтар автоматты режимде жұмыс істейтін бақылау-өлшеу аспаптарымен жабдықталады. Термограммалар өндірістік зертханада кемінде бір жыл сақталады. Термограммада консервілердің атауы, автоклавтаудың нөмірі, ауысымы, күні, стерилизациялау режимі, аппаратшының тегі көрсетіледі.

298. Өндірістік бақылау бағдарламасы шенберінде кездейсоқ іріктеу әдісімен стерилдеу процесінің тиімділігін тексеру жүргізіледі (жеті күн ішінде  $+37^{\circ}\text{C}$  немесе он күн ішінде  $+35^{\circ}\text{C}$ -та инкубациялық сынақ, банкілердің сыртқы түрін қарау және объектінің зертханасында немесе аккредиттелген зертханада олардың ішіндегісіне микробиологиялық талдау жасау). Жабудың тиімділігін және банкілерде закымдалудың болуы күн сайын арнайы жабдықта тексеріледі. Бірдей жағдайда жылумен өңдеуден өткен банкілерде партияның айыратын белгісі қойылады.

299. Күн сайын жұмыс аяқталғаннан кейін барлық майлар мен басқа құймалар жүйеден құйылып алынады, жүйелер мен құйма машиналары жуу және

дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып ыстық сумен жуылады, кейіннен ыстық сумен шайылады.

300. Консервілерді объектілерде сақтау құрғақ қойма үй-жайларында жүзеге асырылады. Қақпағы көтерілген және басқа жарамсыз консервілер жеке үй-жайларда сақталады.

301. Аспаздық балық бұйымдарын өндіру цехында шикізатты сақтауға, қаптамасын шешуге, жібітуге және бөлшектеуге, көкөністерді сақтауға және өндеуге, қамыр дайындауға, балықты қуыруға және пісіруге, құйма тағамдарын, фарш бұйымдарын, соус пен ланспигты дайындауға, қосалқы материалдарды сақтауға, өнімді қаптауға, тоңазыту камерасымен жөнелтуге арналған үй-жайлар (учаскелер), қалдықтарды сақтауға арналған тоңазыту камерасы, мүкәммалды, цехішілік ыдыстарды және айналымдағы ыдыстарды жууға арналған үй-жайлар бөлінеді.

302. Балық шұжығын пісіргеннен кейін батон ішіндегі температура  $+80^0\text{C}$ -тан төмен емес, ыстаудан кейін  $+45 - +50^0\text{C}$ -тан төмен болмауы тиіс. Қуыру аяқталған соң өнім  $+20^0\text{C}$  температураға дейін салқындалады және бірден өлшеп-оралады.

303. Балық фаршын дайындау кезінде  $+5^0\text{C}$ -қа дейін салқындалған балық пайдаланылады. Балық фаршы дереу өлшеп-оралады және мұздатылады немесе аспаздық өндіріске беріледі.

304. Тағамдық қоспалары бар фарш 4-7 мин ішінде араластырылады, фарштың температурасы  $+10^0\text{C}$ -тан аспайды.

305. Тұрақтандырығыш қоспалардың қосындысы алдын ала дайындалады және құрғақ, салқын жерде тығыз жабылатын ыдыста сақталады.

306. Ыстау өндірісінде тұзды ерітіндін дайындауға арналған, шикізаттың тәуліктік қорына арналған салқыннататын үй-жай, дайын өнімді қаптауға арналған үй-жай, дайын өнімді уақытша сақтауға арналған тоңазытқыш, айналымдағы ыдысты өндеуге, кептіруге, сақтауға арналған, отынды, үгінділерді және ыстау сұйықтығын сақтауға арналған, қаптау материалын және қосалқы материалдарды сақтауға арналған үй-жайлар (учаскелер) бөлінеді.

307. Ақ амурдан, тұқыдан, жайыннан және дөңмандай балықтан сурленген, қақталған және кептірілген балық өнімдерін тек оларды мүшелеген соң дайындаиды.

308. Ыстау процесі аяқталған кездегі ыстық ысталған балықтың ішіндегі жол берілетін температура кемінде  $+80^0\text{C}$ .

309. Дайын өнім  $+20^0\text{C}$  аспайтын температураға дейін тез суытылады, қаптамаланады және тоңазыту камерасына жіберіледі.

310. Ыстық ысталған балықты өткізгенге дейін +2<sup>0</sup>C-тан -2<sup>0</sup>C-қа дейінгі температурада, салқын ысталған балықты 0-ден -5<sup>0</sup>C-қа дейінгі температурада сақтайды.

311. Ыстыққа ысталған балықты мұздатқанға дейін 12 сағ астам сақтауға болмайды. Ыстыққа және жартылай ыстыққа ысталған балықты қайта қаптауға жол берілмейді.

312. Ысталған балықты қаптауға арналған жәшіктің бүйірінде саңылаулар көздейді.

313. Ысталған балық өнімін ұсақ өлшеп-орауда шығарған уақытта (тілімдер, кішкентай кесектер) барлық мүкеммал таңбаланады. Тілімдерді салу үшін курекшелер немесе шанышқылар пайдаланылады.

314. Табиги жағдайларда балықты қақтау ашық ілгіштерде немесе қалқа астында жүргізіледі. Илгіштердің астындағы алаң атмосфералық жауын-шашынның ағынына арналған еңісі бар түзу қатты жабынмен жабдықталады, тазалықта ұстайды. Алаңдарды басқа мақсаттарға пайдалануға жол берілмейді.

315. Балықты ілгіштерге ілу кезінде төменгі қатарын өнімнің ластануын болдырмайтын биіктікте орналастырылады.

316. Клеттер, сүмбілер, мөлшербағандар, шарбақтар және басқалары әрбір жүк түсіруден кейін тазартылады, жуу құралының ыстық ерітіндісімен жуылады және ыстық сумен шайылады.

317. Дайын қақталған балық биіктігі еденнен өнімнің ластануын болдырмайтын үстелдерге үйіндіге жиналады және брезентпен қапталады. Үйінділерді түнге қалдыруға жол берілмейді.

318. Уылдырық өндірісі (уылдырық цехы) көпбейінді обьектінің құрамында немесе тиісті өндірістік, қосалқы және тұрмыстық үй-жайлары бар жеке өндіріс ретінде көзделеді. Ол қажетті жабдықтармен, аппаратурамен және мүкеммалмен жабдықталған дербес технологиялық цехтарда орналастырылады. Банкілер мен бөшкелердегі уылдырықты өндіру жеке үй-жайларда жүзеге асырылады.

319. Уылдырықтан шығатын қалдықтарды және бөгде қосындыларды жою үшін жасанды көмескі жарықпен мөлдір инспекторлық үстелдер пайдаланылады.

320. Сақалдырықты алу және уылдырықты тесу участкесі ыстық және суық су келтірілген раковиналармен жабдықталады және қол мен мүкеммалды өндөу үшін антисептик ерітіндісі бар құрылғымен жаракталды.

321. Балықтың уылдырығы таза ыдыстарға жиналады және 00С температурада салқындастылған күйде өлшеп-орау цехына (участкесіне) жеткізіледі.

322. Уылдырықты дайындау үшін қайнатылған сұтылған тұздықтар және қыздырылған тұз қолданылады. Өндірістік зертхана майы алтын түстес стафилококтың болмауына тексеріледі.

323. Уылдырықты салу уақытынан бастап оны пастерлеуге дейінгі уақыт екі сағаттан аспайды. Уылдырық пастерлеуден кейін тоңазытқыш камерасына жіберіледі.

324. Бекіре тұқымдас балықтардың уылдырығын тек ұйқыға кету белгілері жоқ тірі балықтардан алынған уылдырық шикізаттарынан ғана дайындалады.

325. Ақуыз уылдырығы қабығының сілікпесін дайындауға арналған мата сұзгілер әрбір пайдаланылғаннан кейін жуылады, пайдалану алдында қайнатылады.

326. Майларды тұндыру, еріту және сұзгіден өткізу үшін қолданылатын жабдық әрбір өндірістік цикл аяқталғаннан кейін тазартылады, жуылады және дезинфекцияланады. Шайынды су май аулағыштар арқылы шығарылады.

327. Медициналық майды және витамин препараттарын дайындау процесін тұмшалау қамтамасыз етіледі.

328. Тірі балықты автомобиль көлігімен тасымалдау үшін бөгде қосындылары жоқ таза су пайдаланылады.

329. Балық өнімінің өндірісі барысында алынған қалдықтар су өткізбейтін таңбаланған ыдыстарға жиналады және өндірістік үй-жайлардан жиналу мөлшеріне қарай шығарылады.

330. Қалдықтар шикізаттан және дайын өнімнен бөлек, сұтылғатын камералардағы ыдыстарда сақталады. Қалдықтарды сұтпай сақтауды жабық ыдыстарда екі сағаттан асырмай жүзеге асырады.

331. Балық аулайтын кемелерде еріген судың өнімге тұсуіне жол берілмейді.

332. Салқындарылған таза теңіз суында балық аулау өнімдерін салқындау үшін жабдықталған кемелерде барлық цистерналарды бірқалыпты температураға қол жеткізуге арналған құрылғымен жарақтайты. Осы құрылғылар балық пен таза теңіз суы қоспасының температурасын тиегеннен кейін 6 сағ кейін  $+3^0\text{C}$ -дан асырмай және 16 сағ кейін  $0^0\text{C}$  аспайтын температурада қамтамасыз етеді және температураға мониторинг жүргізуге және тіркеуге мүмкіндік береді.

333. Шағын кемелерге балық аулау өнімдерін мұзсыз балық ауланған сәтінен бастап 12 сағ. ішінде балықты сақтау температурасы  $-1^0\text{C}$  бастап  $+4^0\text{C}$  дейін болғанда тұсіруге жол беріледі.

334. Балық аулау өнімдерін салқындақтан кездे кеме бортында балықты таза салқын суда үш тәуліктен асырмай сақтайты.

335. Кемеге құстардың, жәндіктердің немесе басқа да жануарлардың, паразиттер мен зиянкестердің кіруінің алдын алады.

336. Мұздатқыш кемелерді:

1) температураны  $-18^{\circ}\text{C}$  дейін жылдам төмендетуге арналған қуаттылығы жеткілікті мұздатқыш жабдықпен;

2) температураны тіркеуге арналған құрылғылармен жабдықталған  $-18^{\circ}\text{C}$  жоғары емес температурада сақтауга арналған трюмдерде балық аулау өнімдерін ұстау үшін қуаттылығы жеткілікті салқындағыш жабдықпен жабдықталады. Есептеу құрылғысының температура датчигі трюмдегі ең жоғарғы температура аймағына орналастырылады.

337. Тоңазытқыш камералар мен мұздатқыштардың ішкі қабырғалары мен төбелері оған балық аулау өнімдерін тиеу алдында санитариялық өндөуден еткізіледі.

338. Балық аулау өнімдері тоңазытқыш камералары мен мұздатқыштарға ағаш торкөздерге қатар-қатар немесе табандықтарға қойылады. Қатарлар қабырғалар мен салқындағыш құралдарының арақашықтығында орналастырылады. Қатарлар арасына бос жерлер қалдырылады.

339. Егер балық аулайтын кемелерде балықпен бірге пайдаланылатын су беруге арналған құрылғы болса, онда ол берілетін судың ластануын болдырмайтындей етіп орнатылады.

340. Жұзу базасында (жұзу құралдарында):

1) өнімді күннің көзінен және қыздыру элементтерінен және кез келген ластау көзінен қорғайтын құрылғысы бар, жеңіл тазаланатын қабылдау аймағы;

2) санитариялық-гигиеналық талаптарға сәйкес балықты қабылдау аймағынан жұмыс аймағына беруге арналған жүйе;

3) балық аулау өнімдерін дайындау және өндеу үшін жеткілікті түрде ауқымды, жеңіл жуыларатын және дезинфекцияланатын, өнімдердің кез келген ластануын болдырмайтындей етіп орнатылған жұмыс аймақтары;

4) дайын өнімді сақтауға арналған аймақ;

5) өнімді дайындау және өндеу аймағынан алыстағы қаптау материалдарын сақтауға арналған орын;

6) қалдықтарды жоюға арналған арнайы жабдық немесе адамдардың тұтынуы үшін жарамсыз балық аулау өнімдерінің қалдықтарын сақтауға арналған камера, бұл ретте қалдықтар кемеде 24 сағ асырмай сақталады;

7) орналасуы сумен жабдықтау жүйесімен байланысты болдырмайтын су жинау құрылғысы;

8) балық аулау өнімдерін өндеумен айналысатын персоналдың қолын жууға арналған жабдық көзделеді.

Балық аулау өнімдерін мұздатуды жүзеге асыратын жұзу базалары (жұзу құралдары) мұздату кемелеріне арналған қажетті жабдықтармен жарақталады.

341. Салқындағылған балық өнім берушінің ыдысында 0-ден -2<sup>0</sup>С дейінгі температурада екі тәуліктен асырылмай, мұздатылған балық және балық өнімдері -18<sup>0</sup>С аспайтын температурада, консерві өндірісіне арналған тұздықтағы бөлінбеген мұздатылған балық -9<sup>0</sup>С аспайтын температурада сақталады, тірі балық өткізу мерзімін шектемейтін, оның тіршілік әрекетін қамтамасыз ететін жағдайларда ұсталады және тірі балықтарға арналған арнайы көлікпен тасымалданады.

## 10. Құс өндеу объектілеріне қойылатын талаптар

342. Құстарды қабылдаумен, жұмыртқаларды сорттаумен, өндеумен, мамық қауырсын шикізатын бастапқы өндеумен, лас ыдысты жуумен байланысты технологиялық процестер жеке үй-жайларда немесе алаңдарда жүргізіледі.

343. Объектіде осы Санитариялық қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес функционалды оқшауланған участекелер мен бөлімшелер бөлінеді.

344. Құстың әрбір партиясымен ветеринариялық құжаттар қоса жүреді.

345. Құстың тұтас етінің қанын сорғытуды цехта оның шашырауын және жұмыс процесі кезінде науаларда жиналуын болдырмайтын, туннельдерде немесе жабық участекелерде жүргізіледі.

346. Құстың қауырсындарын алған кезде машиналар қоршалады, қауырсын жинауға және өндеуге беруге арналған науалар торлармен жабдықталады.

347. Бастапқы өндеу, ішек-қарның ақтару, салқындау конвейерінің аспасынан құстың тұтас еттерін лақтыру орындарындағы ленталы транспортерде немесе үстелдерде, қаптау және сорттау участекесінде тұтас еттің еденге тұсуін болдырмайтын қоршаулар немесе құралдар орнатылады.

348. Бөлшектегеннен кейін тұтас еттің сыртқы және ішкі беттерін су құбырының суымен жуады. Тұтас еттің ішкі бетін жуу үшін ұштығы бар шлангі пайдаланылады.

349. Құрсақ қуысын жарған кезде және ішкі мүшелерін алған кезде ақазан-ішек жолдарының зақымдалуына және оның ішіндегісінің тұтас етке және жабдықтарға тұсуіне жол берілмейді.

350. Шартты жарамды, ішек-қарыны аршылмаған және жартылай аршылған құстың тұтас етін суға батырып салқындауға жол берілмейді.

351. Құстың тұтас етін өндеу үшін құрамында ауыз суға арналған талаптардан асатын хлоры бар концентрат ерітінділерді қолдануға жол берілмейді.

352. Құстың тұтас еттері алдын ала пергамент қағаз төсөлген жәшіктерге салынады немесе кейіннен жәшіктерге салынатын жеке пакеттерге қапталады.

353. Қапталған құстың тұтас етінің тоңазытқышқа жіберілгенге дейін цехта болу уақыты 30 мин. аспайды.

354. Тоңазыту камераларында тұтас ет салынған жәшіктерді табандықтарға орналастырады, 0 – +2<sup>0</sup>C температурада 5 тәуліктен асырмай сақтайды.

355. Ішек-қарынды алдын ала тазартпай және ішін жумай сақтауға жол берілмейді.

356. Жұмыртқа өнімдерінің өндірісі (меланж, ақуыз, сарыуыз, жұмыртқа ұнтағы) үшін құстардың инфекциялық және инвазиялық аурулар бойынша қолайлышаруашылықтардан түскен жаңа және тоңазытқыштан алынған тауық жұмыртқалары пайдаланылады.

357. Жұмыртқа кептіру цехтарында жұмыртқа ұнтағын дайындау үшін қабығы жарылған ластанбаған, бірақ аққан белгілері жоқ, +8 – +10<sup>0</sup>C температурада жұмыртқалаған күнді қоспағанда бір тәуліктен аспай сақталған тауық жұмыртқалары өндеуге жіберіледі.

358. Мұздатылған және кептірілген жұмыртқа өнімдерін дайындау үшін құстың басқа түрлерінің жұмыртқаларын, әк ерітіндісінде сақталған тауық жұмыртқаларын, тағамдық сапасыз (сынған, кертілген, төгілген, кептірілген, бүйірі майысқан, дағы бар) жұмыртқаларды пайдалануға жол берілмейді.

359. Жұмыртқаларды тасымалдау және сақтау процесінде қабықтың бүтіндігін бұзуға және ластауға жол берілмейді, температуралық режим сақталады, жұмыртқаларды иісі шығатын заттардан және бөгде иістерден қорғайды.

360. Жұмыртқаларды ылғалды, формасы бұзылған және лас ыдыста қаптауға, сақтауға, сондай-ақ оларды агрегатқа беруге жол берілмейді.

361. Өндірістік үй-жайлардан толығымен бөлінген үй-жайларда (жұмыртқаларды жару, өндеу, дайын өнімді алу және сақтау) жұмыртқалардың қаптамасын ашады.

362. Жұмыртқаларды жару участесіне беру алдында кейіннен сапалы және сапасыз, қабығы лас және таза ретінде сұрыптай отырып, көзбен шолып қарайды және овоскопиядан өткізеді.

363. Жұмыртқа қабығының беттерін өндеу қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдарымен жүргізіледі. Санитариялық өндеуден кейін жұмыртқалар сақтауға жатпайды.

364. Қабықты жарғаннан кейін жұмыртқаның ішіндегісі стерилденген таза ыдысқа жиналады және сапалылығы тексеріледі. Қолмен жарған кезде бір ыдысқа кемінде бес жұмыртқаның ішіндегісі құйылады.

365. Жұмыртқаны жарғаннан кейін алынған бұліну белгілері, қан қоспалары, бөгде денелер, тән емес тұс, иіс, консистенция жоқ ішіндегісін пайдаланады.

366. Жұмыртқаны жаруға арналған аспап, оның ішіндегісін жинауға арналған ыдыс және сапалы жұмыртқа массасын жинауға арналған ыдыс жұмыс істеген өрбір сағат сайын таза дезинфекцияланған ыдысқа ауыстырылады.

367. Ішіндегісінің түсі, иісі, консистенциясы мен басқа да көрсеткіштері бойынша өзгерістері бар сапасыз жұмыртқа таза аспаппен ауыстырылатын ластанған аспаппен бірге жойылады, ал жұмыс істейтін персонал қолын жуады және дезинфекциялайды. Ластанған аспапты жууға және стерилдеуге жібереді.

368. Жұмыртқаларды жару участекінде мүкәммалды жууға, дезинфекциялауға және стерилдеуге арналған бөлімше көзделеді.

369. Жұмыртқаларды жарғаннан кейін қабығы осы мақсатта таңбаланған ыдыстарға жиналады және техникалық кәдеге жаратуға жіберіледі.

370. Сұйық жұмыртқа массасы пастерленеді. Пастерлеу процесі аяқталған соң мұздатылған жұмыртқа өнімдерін өндіруге арналған жұмыртқа массасы пастеризатордың арнайы ыдысында  $+5 - +8^{\circ}\text{C}$  температураға дейін салқындалады. Пастеризаторда салқыннатуға арналған ыдыс болмаған жағдайда тоңазыту камерасы көзделеді.

371. Пастерленген сұйық жұмыртқа массасы ыдысқа құю немесе кептіруге жіберу алдында  $+5 - +8^{\circ}\text{C}$  температурада 24 сағ ішінде салқындалған жағдайда, арапастырғыштармен, термометрлермен және салқыннату тыстарымен жабдықталған жабық ыдыстарда ұсталады.

372. Жібітілген жұмыртқа өнімдері тез арада қолдануға немесе қайта өнделуге жатады.

373. Жұмыртқа массасын кептіру үшін ауа арнайы тазарту сұзгілері арқылы таза аймақтан алынады.

## **11. Жеміс өндеу объектілеріне қойылатын талаптар**

374. Жеміс-көкөніс консервілері объектілерінің негізгі өндірісі жабық, жылдытылатын, қалқалары барынша аз үй-жайларда орналастырылады, жылдыту кезеңінде жұмыс істемейтін жабдықтар бар участеклерді қалқаншалармен бөлуге жол беріледі.

375. Негізгі технологиялық операциялардың участеклерін шикізатты бастапқы өндеу участеклерінен және стерилизациялау бөлімшесінен биіктігі 3 м дейінгі қалқамен немесе қабырғамен бөледі.

376. Дайын өнімдердің ақауын жою бөлімшесі, шыны ыдыстарды ашу, шыны ыдыстарды жуу, маринад сорпаларын дайындау, бұршақ және жарма есірінділерін, шырындарды айыру, жуу және дезинфекциялау ерітінділерін орталықтандырылған дайындау станциясы, тез мұздатылатын өнім объектілерінің қаптау бөлімшелері, жеміс-жидекті шоғырланған пастерленбеген

шырындарды сақтау бөлімшелері жеке үй-жайларда орналастырылады. Сондай-ақ жекелеген үй-жайларда тамақ өнімдерінің, хош иісті тамақтық емес өнімдердің, жуу және дезинфекциялау күралдарының қоймалары, металл консерві ыдыстарын штамптау бөлімшелері орналасады.

377. Шикізаттарды қайта өндеді жинақтаушы қайнатпа технологиялық желілерде немесе шикізатты барынша аз уақыт ұстайтын жабдықтар кешенінде еткізеді.

378. Технологиялық процесс үздіксіз, кезендік режимдегі жұмыс кезінде өнімнің екі операция арасындағы желіде болуы 30 мин асырылмай жүзеге асырылады.

379. Консервілерді өндіру кезінде тұздауларды және аштыуларды өндіруге арналған жабдықтар мен мүкәммалды қоспағанда, технологиялық процестің барлық сатыларында шикізатты, материалдарды және жартылай фабрикаттарды сақтауға арналған ағаш ыдыстарды қолдануға жол берілмейді.

380. Жұмысты 30 мин астам уақытқа тоқтатқан жағдайда көкөністерді туралған машиналар, зырылдауықтар, транспортерлер шикізат қалдықтарынан тазаланады және сумен жуылады. Инспекциялық ленталар әрбір 3-4 сағ сайын ыстық су ағынымен жуылады.

381. Шикізатты сұық ағынды суды пайдалана отырып, жуады.

382. Жасыл бұршақты өндіру кезінде булауыштағы су әрбір ауысымда ауыстырылады. Булауыш тәулігіне кемінде бір рет бұршақтан толығымен тазаланады, щеткамен ыстық суда жуылады (әсіресе бұрыштары, санылаулары, қақпағы), дезинфекцияланады, сұық сумен молынан жуылады.

383. Томат қойыртпаққа арналған ыдыстар күн сәулесінің әсерінен қорғалады және қалқаның астына ауасы желдетілетін орында орнатылады. Қолданыстағы ыдыстар тәулігіне кемінде 1 рет кезектесіп толығымен томат қойыртпақтан босатылады, өнім қалдықтарынан тазаланады, шлангі сұымен жуылады, бумен шайылады, дезинфекцияланады.

384. Ыдысты өндеу сапасына бақылауды әрбір ауысымда өндірістік зертхана жүргізеді.

385. Шіріген және көгерген шикізат пен жартылай фабрикаттарды қолдануға жол берілмейді.

386. Көкөністерді, жемістер мен жидектерді қысқа мерзімдік сақтау үшін қатты жабыны бар, ылғалды жинау мүмкіндігін қамтамасыз ететін шикізат алаңдары орнатылады. Көріздік траптар мен науалар тазаланған соң дезинфекцияланады.

387. Көкөністері мен жемістері бар ыдыстар шикізат алаңына қатарлап орналастырылады. Тамыртүйнекті көкөністерді алаңдарда үйіп сақтауға жол

беріледі. Көк арнайы стеллаждарда сақталады, оны шикізат алаңының еденіне жинауға жол берілмейді.

388. Тағамдық мақсат үшін жарамсыз деп танылған консервілер оларды жойғанға дейін жеке үй-жайда жарамсыз банкілер саны мен олардың таңбалары нақты көрсетіле отырып сақталады. Банкілерді жою алдында оларды ашады, ішіндегі металл ыдысқа салынады, өндөледі, дезинфекциялық құрал құйылады және қатты тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады.

389. Томат қойыртпағы тікелей көлік құралына тиесінде алдында дайындалады. Томат қойыртпағын шикізатты бастапқы өндеу пункттерінен объектіге жеткізу уақыты 4 сағ аспайды.

390. Ұсақталған жасыл бұршақты тасымалдауды таза құрғақ сүргіленген дезинфекцияланған жәшіктерде немесе суы бар автоцистерналарда жүргізеді. Жасыл бұршақты бастырған мезеттен бастап оны өндеуге беруге дейінгі жалпы ұзақтық 4 сағ., жеміс-жидек ашытқысын 2 сағ аспайды.

391. Жартылай фабрикат шырынды өндеуге дейін тасымалдау және сақтау ұзақтығы 2 сағ аспайды.

392. Көкөністерді, жемістер мен жидекті тасымалдау ыдыспен жүргізіледі.

393. Кептірілген жемістер мен жүзім өндіру кезінде негізгі үш процесс жүзеге асырылады:

- 1) шикізатты кептіруге дайындау;
- 2) кептіру;
- 3) өнімді тауарлық өндеу.

394. Шикізатты кептіруге дайындаған кезде жемістің түріне қарай тексеру, жуу, сорттау, кесу, сульфитациялау, ортасы мен сүйегін алғып тастау жүргізіледі.

395. Ашыту-тұздау өндірісінде қырыққабатты уақытша сақтау үшін табиғи желдеткіші бар, тауар қойғыштармен немесе жиналмалы қамбалармен жабдықталған жеңіл типтегі жабық қалқаларды пайдаланады.

396. Көкөністерді тұздау және ашыту дошниктарда (ағаш немесе темірбетон), бөшкелерде, полиэтилен қабат жабылған ыдыстарда жүзеге асырылады. Қырыққабатты ашыту және көкөністерді тұздау үшін мемлекеттік тіркеуден өткен сүт қышқылды бактериялардың таза өсірінділерін, сүтқышқылды бактериялардың құрғақ ұйытқыларын пайдаланады. Ашытылған қырыққабатты, тұздалған қиярлар мен томаттарды қолайлы сақтау температурасы  $-2^0\text{C}$  бастап  $+2^0\text{C}$  дейін.

397. Ашытуға арналған дошниктар мен цементтелген ыдыстарды жерге терендетіп орнатады немесе су өткізбейтін материалдар жабылған бетке орналастырады. Олардың құрылғысы жуу үшін және пайдаланылған суды жуғаннан кейін көріз желісіне ағызы үшін қолайлы етіп жасалады. Ашыту

маусымы басталғанға дейін және одан кейін дошниктар мен ыдыстарда судың ағып кетпеуі тексеріледі, ыстық жуғыш ерітіндімен жуады, сілтіні толық кетіргенге дейін таза сумен шаяды.

## **12. Тез мұздатылатын жартылай фабрикаттарды өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын талаптар**

398. Салқындастылған ет шикізатын өндеуге дейін 0-ден  $-2^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада 2 тәуліктен асырмай тоқазыту камерасында сақтайды. Салқындастылған ет шикізатын -18-ден  $-25^{\circ}\text{C}$  дейінгі температурада бір айдан асырмай камераларда сақтайды.

399. Ірі кесек ет және порциялық жартылай фабрикаттар, аспаздық бұйымдар мен салындыларға арналған ет фаршы ауысымдық қажеттілік мөлшерінде дайындалады. Жартылай фабрикаттар мен фаршты келесі күні пайдалану үшін дайындауға жол берілмейді. Дайындалған ірі кесекті және порциялық жартылай фабрикаттар мен фаршты 2 сағ аспайтын уақыт ішінде бұйымға өндейді. Қайта өндеуге дейін фарш салқындастылған үй-жайда сақталады.

400. Жұмыртқаларды пайдалану алдында үш ұялы ваннада 2 % кальций содасы ерітіндісінде жылы сумен ( $+40 - +50^{\circ}\text{C}$ ) жуады, шаяды, әзірлеушінің қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес дезинфекциялау құралымен 5 мин ішінде дезинфекциялады,  $+50^{\circ}\text{C}$  төмен емес температурада 5 мин ішінде таза ағынды сумен шаяды.

401. Ерітілген меланж сақтауға жатпайды.

402. Тек пастерленген сүтті, салындыларға арналған ірімшікке пастерленген сүтті пайдаланады.

403. Етті порциялық жартылай фабрикаттарға (бұқтыратын ет, гуляш) бөлу және фарш дайындау дайын өнімді дайындау цехынан оқшауланған және тиісті жабдықпен жарақталған арнайы үй-жайда жүргізіледі. Үй-жайдағы рұқсат етілген температура  $+12^{\circ}\text{C}$  жоғары болмайды.

404. Одан әрі гарнир ретінде және ет бұйымдарына қоспа ретінде дайындалған тазартылған картопты  $+12^{\circ}\text{C}$  артық емес температурада 2 сағ асырмай сақтайды.

405. Құймақ пен бәліштерге арналған қамыр ауысымға дайындалады. Қамырды сақтауға жол берілмейді.

406. Еттен жасалған бұйымдарды, гарнирлерді, тұздықтарды, құймақтарды, әртүрлі қоспалары бар бәліштерді жылыдай өндеу технологиялық нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

407. Еттің порциялық кесектерін және еттің фарш бұйымдарын пісіру және қуыру уақыты еттің сортына және бұйымның түріне байланысты. Толық дайын болған кезде еттің кесегіндегі немесе фарш бұйымының қалың жеріндегі температура  $+75^0\text{C}$  төмен емес.

408. Фритюрде қуыру үшін тазартылған өсімдік майын пайдаланады. Фритюрдің бір порциясын жалпы пайдалану ұзақтығы қуыру температурасы  $+160^0\text{C}$  болғанда 12 сағ аспайды. Қуырудың басынан бастап 6 сағ кейін майдың сапасын бақылайды.

409. Дайындалған ет бұйымдарын, гарнирлерді және салындыларды  $+50^0\text{C}$  температураға дейін суытады және өлшеп-орауға береді. Салқыннату басталған сэттен бастап мұздатуға дейінгі уақыт 2 сағ аспайды.

410. Дайын өнімді қолмен өлшеп-орауды жұмыскерлер бір рет қолданылатын қолғаптарды қолдану арқылы жүргізеді.

411. Объектіден шыгарылатын бұйымдардың қалың жеріндегі температура  $-18^0\text{C}$  аспауы тиіс.

### **13. Май өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын талаптар**

412. Технологиялық процестер мынадай жүйелі операцияларды көздейді – май шикізатын сақтау (күнбағыс, соя, рапс, қоза тұқымдарын), шикізатты органикалық және бейорганикалық қоспалардан тазарту, жару, қабығынан тазарту, езінділер алу (шикізатты біліктерде уату), мезга алу (езінділерді  $+105^0\text{C}$  дейін қыздыру арқылы бумен және сумен өндеу), мезганы престеу арқылы май алу, тазартылмаған майды престеу немесе тұндыру әдісімен тазарту, майды сақтау, құю және өткізу, күнжараны сақтау және өткізу.

413. Майды экстракция тәсілімен алудың технологиялық процесі мынадай қосымша кезеңдерді қамтиды – экстрагент (еріткіш) арқылы майды алу, мицелланы сұзу (еріткіштің булануы және жиналуы), күнжараны сақтау және өткізу, майды тазарту, майды сақтау және өткізу.

414. Тұқымдар ферроқоспалардың магнит аулағыштары арқылы өткізіледі. Статикалық магниттердің көтерме үлес күші кемінде 10 күнде 1 рет тексеріледі. Магниттер ауысымына кемінде бір рет металл қоспалардан тазартылады.

415. Мицелланы рамалық ашық сұзгілі престерде сұзуге жол берілмейді.

416. Тағамдық майға арналған резервуарлар босатылғаннан кейін және сақталып жатқан майдың сортын ауыстырған кезде тұнбадан толығымен тазартылады, жуу құралдарымен жуылады, 20-30 мин ішінде  $+175^0\text{C}$  температурада және атмосфераның 1,5 қысымында бумен өнделеді.

417. Қотару-құю құрылғылары сорты мен сапасы әртүрлі майларды бөлек қабылдауды және жіберуді қамтамасыз етеді.

418. Улы химикаттармен уланған тұқымдар сақталған үй-жайлар мен осы тұқымдарды өндеуге пайдаланылған жабдықтар мұқият тазартылады және ылғалды жиналады. Улы химикаттармен уланған тұқымдардың шөгінділері мен өндіріс қалдықтары өртеледі.

419. Улы химикаттармен уланған тұқымдардан алынған өсімдік майы техникалық мақсаттарға пайдаланылады.

420. Тікелей және салқындей сығынды майларында тамақ қоспаларының болуына жол берілмейді.

421. Өсімдік майы жабық резервуарларда, бөтелкелерге өлшеп-құйылғаны +18<sup>0</sup>C жоғары емес температурада жабық үй-жайларда сақталады.

422. Маргарин өндіруге арналған майлар арнайы бактарда сақталады. Бактарды кемінде 30 күнде бір рет толығымен майдан босатады, шлангіден буландырады, жуу құралдарын пайдалана отырып жуады, содан кейін сумен шаяды және кептіреді.

423. Эмульгаторға арналған бактар, таразыдағы майлы емес компоненттердің қорабы, дозаторлар мен оларды араластырғышқа беретін құбыр, тұз еріткіш, маргаринді ығыстырғыш салқыннатқыштармен үздіксіз өндіру желісі аптасына кемінде бір рет ішіндегісінен босатылады және жуу құралдарын пайдалана отырып жуылады, содан кейін ыстық сумен шайылады.

424. Бункер мен вакуум-комплекторды жуу құралдарын пайдалана отырып бөлшектелген күйінде жуады, ыстық сумен шаяды және бурайды немесе дезинфекциялайды, бөлшектелген күйінде кептіру үшін қалдырады.

425. Пастерлеу бөлімшесінің танкіне сүтті құйғаннан кейін сүтті қабылдауға және өндіруге байланысты жабдықтар мен барлық коммуникацияларды жылы сумен, содан соң жуу құралымен ыстық сумен жуады, ыстық сумен шаяды, буландырады немесе дезинфекциялайды.

426. Пастерлеу қондырғыларын жуу суық судың айналымы, содан соң +70<sup>0</sup>C температурадағы 1 % азот қышқылы ерітіндісімен сумен шаю, 0,5-1 % сілті ерітіндісімен +70<sup>0</sup>C температурада жуу әдісімен жүргізіледі. Жуудан кейін аппарат пен құбыр ыстық сумен шайылады және кептіріледі. Аптасына кемінде 1 рет қондырғы толық бөлшектеліп жуылады.

427. Сүті бар автоцистерналар немесе флягалар объектіге пломбаланған күйінде түседі.

428. Сүт өндірісте пайдалану алдында сүзіледі, пастерленеді. Сүтті жабық танктерде +2 – +4<sup>0</sup>C температурада оны сүт өндеу объектісі шыгарған сәттен бастап 24 сағ. аспайтын уақыт сақтайды.

429. Құмшекер еленеді, суда немесе сүтте ерітіледі, сүзіледі және +90 –+95 °С температурада пастерленеді.

430. Тұз қақпағы бар ұн қобдиларында немесе сүзгілермен жабдықталған ыдыстарда ерітілген күйінде сақталады. Өндіріске тұз ерітілген және сүзілген күйінде беріледі.

431. Бояғыштар, хош иістендіргіштер, витаминдер, эмульгаторлар өндіріске түсер алдында сүзіледі немесе еленеді.

432. Еденге тұсken маргарин және жабдықты тазалау қалдықтары жуу алдында "Санитариялық ақау" деген белгісі бар арнайы металл ыдысқа жиналады. Санитариялық ақауды жинауға арналған ыдыс күн сайын тазаланады, жуылады және буландырылады.

433. Маргаринді өндірумен және қаптаумен айналысатын жұмыскерлер таза ақ қолғаптармен қамтамасыз етіледі. Қолғаптарды ауыстыру қажеттілігіне қарай жүргізіледі.

## **14. Тұз өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын талаптар**

434. Осы талаптар ас тұзын тас тұздан, тұзды көлдерден қолмен өндіретін, теңіздер мен теңіз лимандарынан бассейн тәсілімен қолмен өндіретін, табиғи және жасанды тұзсудан оны буландыру жолымен қайнататын объектілерге қолданылады.

435. Тұзға мыс сымдар сынықтарының тұсуін болдырмау және металл қоспаларын шығару үшін өлшеп-орау бункерінің алдында электр магниттер орнатылады. Төбeden ас тұзын алу алдында ластанған бетін алып тастайды және техникалық мақсаттарға пайдаланады.

436. Объектінің жабдығы мен тетіктерін тоқтағаннан кейін және іске қосу алдында ластанудан және тottанудан тазартады, содан соң тұздың аз мөлшерін қысқа мерзімдік өткізу жүргізеді, оны одан әрі техникалық мақсаттар үшін пайдаланады.

437. Тұз объектілерінде ас тұзын тасымалдау үшін көмір, кен, әк, бояғыш, химиялық заттар мен басқа да ластаушы материалдарды тиеуге қолданылған транспортерлерді алдын ала мұқият тазартпай немесе транспортер ленталарын ауыстырмай пайдалануға жол берілмейді.

438. Тұз қайнататын зауыттарда тұзды (тұз қалдығын) қайнатуға арналған агрегаттары бар үй-жайлар от жағатын орыннан бөлініп қоршалады.

439. Булаушы тұз қалдықтары тұз қалдығының тасынан тазартылғаннан кейін сумен жуылады. Тұз қалдығының тасы бұлғағаннан кейін жеке қоймаға жіберіледі.

440. Ленталы транспортерлер жабысатын материалдан тазалауға арналған құралдармен жабдықталады.

441. Үгіту, ұнтақтау, өлшеп-орау, тасымалдау процестері механикаландырылады.

442. Аландардағы тұз сақтауға және өлшеуге қолайлыштық конус, қызық пирамида немесе сақтау және өлшеу үшін ыңғайлы басқа түрдегі төбелерге жиналады.

443. Төбелерге арналған аландар ернеулі қоршаулармен және алаңдан суды ағызуға арналған айналма арналармен жабдықталады.

444. Әрбір төбеле оның нөмірін, төбедегі тұздың мөлшерін, төбеле үюдің басталу және аяқталу күнін көрсете отырып паспорт жасалады.

445. Төбелерге келетін жолдар және тұз төбелеріндегі жолдар Қазақстан Республикасының және Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында қолдануға рұқсат етілген аумақтың және тұздың бетінен жоғары тұратын материалдардан орындалады.

446. Ас тұзы мен жемдік тұз йодталады, процестің технологиясы тұз партиясына йодтың біркелкі таралуын көздейді.

447. Қайнатпа тұзды йодтау кезінде қоспа ретінде йодты калий (калий йодиді) және йодты мақталы қышқылды калий (калий йодаты), тас тұзы үшін калий йодаты, сондай-ақ қолдануға рұқсат етілген құрамында йоды бар басқа да заттар пайдаланылады.

448. Йодталған тұз үшін йодтың әлсіз иісінің болуына жол беріледі. Тұздың барлық сорттарының су ерітіндісінің лакмуске реакциясы бейтарап немесе оған жақын болады. Тұрақтандырығыш (натрий тиосульфаты) қосылған тұзды  $+120^{\circ}\text{C}$  жоғары температурада кептіруге жол берілмейді.

## 15. Шай өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын талаптар

449. Роллерлі және ферментациялық бөлімшелердің барлық жабдығы мен мүкәммалы (роллерлер, сорттау машиналары, шиыршықталған жапырақты тиеуге арналған грейферлер, ферментациялық жәшіктер) әрбір ауысым сайын қалдықтардан механикалық тазартылады, жуылады және бумен өндөледі. Кептіру бөлімшесінде пештердің беттері шаңдан тазаланады, жертөлелерге және конвейерлер тілімдеріне шай қалдықтарынан механикалық тазалау жүргізіледі.

450. Машиналарды сыпыру және жинау үшін арнайы жәшіктерде сақталатын арнайы түкті щеткалар мен таза сұрткіш материал қолданылады.

451. Байқау үстелдері, суға шомылдыру барабандары мен бункерге автотаразылар үстінде пайда болатын шай шаңын тазарту үшін шаң сорғылармен жабдықталады.

452. Автотаразылар үстіндегі коронкалардың байқау саңылаулары мен автотаразылардың есіктері сынбайтын органикалық мөлдір шынымен немесе басқа материалмен жабылады.

453. Бастапқы қайта өңдеу фабрикаларындағы шайдың жартылай фабрикаты мен сорттау бөліміндегі шайдың шикізаты магнитті сепараторлар арқылы ферроқоспалардан тазартылады.

454. Шайдың ұсақ бөлшектерін таза шаймен ұсақ бөлшектерді алдын ала мұқият тазалаусыз араластыруға жол берілмейді.

455. Майланған шай мен санитариялық жарамсыз шай (еденге түскен шай) қайта өңдеуге жіберілмейді.

456. Роллерлі және ферментациялық бөлімшелер ауаның температурасы мен ылғалдылығын бақылауға арналған психрометрлермен қамтамасыз етіледі. Ауаның рұқсат етілген температурасы  $+22 - +24^{\circ}\text{C}$ , ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 95-98 %.

457. Сұрыптау цехында шайдың жартылай фабрикаты арнайы жабық қамбаларда сақталады. Шайдың жартылай фабрикатын ашық, еденде, жұқа тақтай табақтарда немесе брезенттерде сақтауға және жәшіктеге қапталмаған дайын шай өнімімен жұмыс жүргізуге жол берілмейді.

458. Табақтарды тасымалдауды қабырғаларында жедетуге арналған саңылаулары бар арнайы жәшіктеге жүргізіледі.

## **16. Нан, нан-тоқаш, макарон бұйымдарын өндіру жәніндегі обьектілерге қойылатын талаптар**

459. Шикізатты өндіріске дайындауды жеке даярлау бөлімшесінде жүргізеді.

460. Шикізатты, жартылай фабрикаттарды және қосалқы материалдарды ыдыстарға салу ыдыстың бетіндегі ластануларды алдын ала тазалағаннан кейін жүргізіледі.

461. Шикізат қоймасында сауда желісінен қайтарылған өнімді қабылдауға арналған үй-жай көзделеді.

462. Шикізат партиясында немесе дайын өнімде бөгде заттар, ұн зиянкестері анықталған жағдайда партия өндіріске жіберілмейді, жарамсыз өнімді одан әрі пайдалану туралы құжат (акт) жасалады.

463. Айналымдағы ыдыста шикізатты өндірістік үй-жайларда сақтауға жол берілмейді. Өндірістік цехтарда қойылтылған сұтті, дайын қоспаларды, толтырылғыштарды асептикалық қаптамада сақтауға жол беріледі.

464. Ұнның қаптары қаптарды қағуға арналған машина орнатылған үй-жайда сақталады. Ұн қалдықтары, қаптардың қағындылары "санитариялық ақау" деген белгісі бар арнайы ыдысқа жиналады және жеке үй-жайда сақталады.

465. Ұнды елеуге арналған жабдық магниттермен жабдықталады. Магниттер әрбір ауысымда тазаланады.

466. Қайта өндөлетін барлық сусымалы шикізат пен дайын өнім пайдалану алдында магнит аулағыштар арқылы өткізіледі және елеуіш арқылы еленеді. Магниттер өнімді төгу нұктелерінде, қайта өндеу үшін өнімді үстелде іріктеу, циклон-ұстағыштардан жиналған ұнды елеуге арналған қондырғыда орнатылады.

467. Құбырлар, бураттар, ұн елеу жүйесі шнектерінің қораптары саңылаусыз пайдаланылады, он күнде кемінде бір рет бөлшектеледі, тазаланады және ұн зиянкестеріне қарсы өндеуден өтеді.

468. Ұнды ыдыссыз қабылдаған және сақтаған кезде:

1) қабылдау құрылғылары жабық, иілмелі қабылдау құбыры үй-жайда ілінген күйінде ұсталады; ұн тасымалдағышты қабылдау құрылғыларына қосу алдында ұн тасымалдағыштың шығаратын патрубкасының ішіндегісіне, ұн тасымалдағыштың тиеу люктарындағы пломбаның сақталуына тексеру жүргізеді ;

2) силостағы және бункерлердегі аяу сұзгілері жарамды күйінде ұсталады және уақтылы тазаланады;

3) барлық соқпақтар мен люктер жабылады. Ұнды елеуге арналған жабдықтан және магнит ұстағыштан өткізбей өндіріске жіберуге жол берілмейді;

4) ұн өткізгіштерге, айырып-қосқыштарға, қуаттандырғыштарға, бункерлер мен силостарға жөндеу және тазалау жүргізгеннен кейін жабдыққа қайта тексеру жүргізіледі.

469. Ұн  $+10^{\circ}\text{C}$  төмен емес температурада және 75 % аспайтын салыстырмалы ылғалдылықта шикізаттың барлық басқа түрлерінен бөлек сақталады. Ұн ыдыссыз сақталған кезде сапалық көрсеткіштеріне сәйкес жеке ыдыстарға салынады.

470. Тұз қақпағы бар жеке ыдыстарда, сондай-ақ еріген күйінде сұзгілермен жабдықталған ыдыстарда сақталады және өндіріске тек еріген және сұзілген күйінде ғана беріледі.

471. Ашытқы объектіге престелген, кептірілген немесе ашытқы сүт түрінде келіп түседі. Престелген ашытқылар мен ашытқы сүті  $0^{\circ}\text{C}$ -тан  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада сақталады. Престелген ашытқылардың ауысымдық немесе тәуліктік қорын цехта сақтауға жол беріледі.

472. Майлар, жұмыртқалар, сүт пен сүт өнімдері тоңазыту камераларында  $0^{\circ}\text{C}$ -тан  $+4^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада сақталады.

473. Шикі және дайын тамақ өнімдерін бөлу үшін жарықтары жоқ, беті тегіс бөлу тақтайшалары пайдаланылады.

474. Бөлү тақтайшаларын, пышақтар мен шикі және дайын өнімдерге арналған басқа да мүкәммалды таңбалайды және тиісті цехтардың (учаскелердің) белгіленген жерлерінде бір-бірінен оқшаулап сақтайды.

475. Қамыр бұлғауыш деждердің, вакуум-аппараттардың, қайнату қазандарының және басқа жабдықтардың ішкі және сыртқы беттері жұмыс аяқталған соң тазаланады және ыстық сумен жуылады, вакуум-аппараттар мен қазандар буланады. Қамыр бұлғауыш деждердің ішкі беттерінің жоғары бөліктері әрбір қамыр бұлғағаннан кейін тазаланады және өсімдік майымен майланаады.

476. Салындылар мен өндөлетін жартылай фабрикаттарды таңбаланған жабық ыдыста  $+6^0\text{C}$  аспайтын температурда сақтайды.

477. Сұтке арналған жабдықтар мен аппаратураны, сироп қайнататын қазандарды, сиропты сақтайтын бактарды, өлшем бактарын, құбырларды құнделікті жұмыс күні аяқталған соң осы Санитариялық қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нан-тоқаш бұйымдарын өндіру жөніндегі объектілердің технологиялық жабдығын, сұтке арналған аппаратурасын, шәrbat қайнатуға арналған қазандарын, шәrbat сақтауға арналған бактарын, өлшеу құбішелерін, құбырларын жуу және дезинфекциялау тәртібіне сәйкес жуады және дезинфекциялайды.

478. Үн бұйымдарын пісіруге арналған жаңа қалыптар мен табақтар пайдалану алдында пештерде қыздырылады. Жиектері тегіс емес, қабыршақтары, майысқан жерлері бар табақтар мен қалыптар пайдаланылмайды. Табақтар мен қалыптар кезең-кезеңмен түзетіледі, тазартылады, күйігін алу үшін құйдіріледі.

479. Нан-тоқаш бұйымдарын өндіру жөніндегі объектілердің цехішілік ыдыстары мен мүкәммалын өндеу осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес тәртіппен жүргізіледі. арнайы жуу бөлімшелерінде өндейді, өнімдерден босағаннан кейін механикалық жолмен тазалайды және жуу машиналарында немесе үш секциялы ваннада жуады.

480. Айналымдағы ыдысты жууды жеке үй-жайдада цехішілік ыдыс пен мүкәммалдан бөлек жүргізеді, жуу және дезинфекциялау құралдарымен жуады, ыстық сумен шаяды және кептіреді.

481. Жұмыртқа массасына арналған жабдық, мүкәммал мен ыдыс жұмыс аяқталған соң осы Санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес өндөледі, ал ұсақ мүкәммал жуылғаннан кейін 30 мин ішінде қайнатылады.

482. Жұмыртқаны өндеуге арналған ванналар мен жұмыртқа жаруға арналған үй-жайдың едені жұмыс аяқталған соң ыстық сумен ( $+50^0\text{C}$  төмен емес) жуылады және дезинфекцияланады.

483. Жаңа піскен жемістер мен жидектер пайдалану алдында жуылады және кептіріледі.

484. Мейіз, цукаттар мен құрғақ жемістер іріктеледі, содан соң торларда немесе арнайы машинада ағынды сумен жуылады және термиялық өнделетін бұйымдарда пайдаланылады.

485. Жеміс-жидек езбесін, қойыртпағын өндірісте пайдалану алдында ұсақтау машинасы арқылы немесе ұяшықтары 1,5 миллиметрден (бұдан әрі – мм) аспайтын еlek арқылы, жеміс-жидек повидлосын, джемді, салындыларды және қайнатпаны ұяшықтары 3 мм аспайтын еlek арқылы өткізеді. Оларды сумен араластыруға жол берілмейді.

486. Жаңғақтар, бадам және май дақылдарының тұқымдары бөгде қоспалардан сорттау машиналарында тазаланады немесе қолмен сортталады.

487. Шәрбаттар, бал, сүйиқ шоколадтың жартылай фабрикаттары, ерітілген майлар, қаймағы айырылмаған сүт арнайы еlek арқылы сүзіледі, сүт сүзілгеннен кейін міндетті түрде қайнатылады. Қант шәрбаттары ұяшықтары 1,5 мм аспайтын металл еlek арқылы сүзіледі.

488. Инфекциялық аурулар бойынша қолайсыз шаруашылықтардың жұмыртқаларын пайдалануға жол берілмейді.

489. Суда жүзетін құстардың жұмыртқаларын тек аз мөлшердегі нан-тоқаш бұйымдарын пісіру үшін ғана пайдалануға рұқсат етіледі.

490. Жұмыртқа қабығы суда жүзетін құстың жұмыртқасын жарғаннан кейін жеке шағын бактарға жиналады, тез арада өртеледі. Шағын бактар босағаннан кейін тазаланады, жылы сумен жуылады және дезинфекцияланады.

491. Суда жүзетін құстардың жұмыртқаларынан жұмыртқа массасын дайындаумен айналысатын жұмысшылар процесс аяқталған соң кейінен дезинфекциялайтын құралдармен өндей отырып, қолдарын сабынмен жуады

492. Пайдалану алдында жұмыртқаларды сорттайды, таңдал овоскоптан өткізеді және өндеуге арналған торлы ыдыстарға салады.

493. Нан-тоқаш бұйымдарын дайындауға арналған жұмыртқаларды өндеу осы Санитариялық қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес тәртіппен жүргізіледі. Жуу ванналарындағы ерітінділер бір ауысымда екі реттен сиретпей ауыстырылады.

494. Еденге құлаған өнімдер (санитариялық ақау) "санитариялық ақау" деген белгісі бар арнайы ыдысқа жиналады.

495. Өнделген жұмыртқаны металл пышақтармен жарады және сыйымдылығы бес жұмыртқадан аспайтын арнайы ыдыстарға құяды. Жұмыртқа массасын сыртқы түріне және иісіне қарай тексерген соң оны үлкен ыдысқа құяды, торкөздерінің көлемі 3-5 мм аспайтын металл елеуіш арқылы сүзеді.

Жартылай фабрикаттарды пісіруге арналған жұмыртқа массасын сақтау мерзімі сол жағдайларда 24 сағ аспайды. Жұмыртқа массасын сұықсыз сақтауға жол берілмейді.

496. Жұмыртқа меланжын  $-6^{\circ}\text{C}$ -тан  $+5^{\circ}\text{C}$ -қа дейінгі температурада сақтайды, дефростацияланған меланжды сақтау мерзімі 4 сағ аспайды. Меланжды қайта мұздатуға жол берілмейді.

497. Сары май қаптамасын шешкеннен кейін мұқият тексеріледі және бетін тазартады. Майды сақтау ұзақтығы үй-жайда тазаланғанға дейін 4 сағ аспайды.

498. Сауда желісінен механикалық бұлінген немесе сыртқы түрі мен қалпында өзгерістері бар, өткізу мерзімі асып кеткен, бірақ өткізу мерзімі аяқталған сәттен 24 сағ кешіктірілмей, тек таза, құрғақ, бөгде иісі жоқ ыдыстағы нан, нан-тоқаш және макарон бұйымдарын қайта өндеуге қайтаруға жол беріледі.

499. Сауда желісінен қайта өндеу үшін қайтарылатын нан және нан-тоқаш бұйымдарына мынадай белгілері бар құжаттар қоса жүреді:

- 1) бұйымның атауы;
- 2) бұйымның салмағы немесе данасының саны;
- 3) шығарылған күні;
- 4) өнімді қайтарған сауда объектісінің атауы;
- 5) қайтарылған күні;
- 6) қайтару себептері.

500. Қайта өндеу үшін қайтарылған бұйымдар сауда желісінде өткізуге арналған өнімдерден бөлек сақталады.

501. Сауда желісінен қайтарылатын бұйымдарды тек тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған арнайы көліктермен ғана тасымалдауға жол беріледі.

502. "Созылмалы" (картоп) ауруымен зақымданған нан, нан-тоқаш бұйымдары тағамдық мақсат үшін жіберілмейді, қайта өндеуге жатпайды және тез арада нан пісіру объектісінен шығарылады, оларды сақтауға арналған сөрелер шұғыл түрде картоп ауруымен құресуге арналған арнайы құралдармен жуылады.

503. Қайта өндеуге жатпайтын нан, нан-тоқаш, макарон бұйымдары арнайы ыдысқа жиналады және жойылуға жатады.

504. Қайта өндеуге арналған жібітілген нан мен нан-тоқаш бұйымдары сол сұрыптың немесе сұрпы төмен ұннан нан өндіру кезінде пайдаланылады. Жібітілген макарон бұйымдарын сақтау мерзімі 5-6 сағ аспайды.

505. Өндірісте жібітуге жататын нан бұйымдарының қалдықтары мен қайтарылғандарын 4 тәуліктен артық сақтауға жол берілмейді.

506. Қайтарылған өнімдерден дайындалған нан-тоқаш, макарон бұйымдары 021/2011 КО ТР талаптарына сәйкес қауіпсіз шығарылады.

Нан және нан-тоқаш бұйымдарында:

1) өндіруші мен тұтынушы арасында шиеленіс болған жағдайда жарамдылық (сақтау) мерзімі 48 сағ артық өнімдерде – зеңнің болуын;

2) ай сайын, жылдың жылы және ауыспалы кезеңінде жарамдылық мерзімі 48 сағ артық бұйымдарда бактериялардың (*Bacillus mesentericus*) болуын айқындайды.

507. Пештен алғынған нандар тартпаларға салынады және вагонеткаларда немесе контейнерлерде сұту үшін экспедицияға жіберіледі.

508. Нан және нан-тоқаш бұйымдарын таза, құрғақ, жақсы желдетілетін үй-жайларда, нан-тоқаш бұйымдарын үй-жайдың қабыргасына және еденге жанасуын болдырмайтын арақашықтықта сақтайды. Нан және нан-тоқаш бұйымдарын үйіп, сондай-ақ картоп ауруы белгілерімен сақтауға және өткізуғе жол берілмейді.

509. Бұйымдарды тартпаларға салуды өнімдерді дайындаушы белгілеген салу, сақтау және тасымалдау қағидаларына сәйкес жүргізеді.

510. Нан және нан-тоқаш бұйымдары сөрелермен жабдықталған арнайы көлікпен науаларда тасымалданады. Нанды үйіп тасымалдауға жол берілмейді.

511. Макарон бұйымдары тұтынушылар ыдысына өлшеніп-оралып және өлшенетін болып шығарылады. Өлшенетін және өлшеніп-оралған макарон бұйымдары жаңа картон қораптарға салынады.

512. Макарон бұйымдарын өндірген кезде күнделікті қамырды илеу астауы ішінде қатпарлануын болдырмайды, престеуші шнектің жұмыс беттері тазартылады. Бастундарды оған өнімнің жабысуына қарай жуады.

513. Матрицаларды жуу, тазалау және сақтау үшін престеу бөлімшесінде арнайы жабдықталған орын бөлінеді.

514. Елеуіштердің жиналғандарын ауысымына кемінде бір рет бөгде заттың түсулерінің болуына тексереді және жеке үй-жайға шығарады. Магнитті сепараторларда 10 күнде 2 рет магнит күшіне тексеру жүргізеді, оның рұқсат етілген деңгейі магниттің өз салмағының 1 кг-на кемінде 8 кг болады. Магниттерді тазалау ауысымына кемінде бір рет жүргізіледі. Ұнды елеу жүйесін тексеру және тазалау нәтижелерін объектінің есепке алу құжаттамасына тіркейді.

515. Объектілерде картоп ауруының алдын алу бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізіледі.

516. Нан, нан-тоқаш, макарон бұйымдарының өндірісі кезінде адамның денсаулығына зиянды әсер етпейтін мөлшерде амин қышқылдарымен, витаминдермен, микроэлементтермен байытылған шикізатты қолдануға жол беріледі.

## **17. Тағамдық концентраттар және тағамдық қышқылдар өндірісіне қойылатын талаптар**

517. Тамақ концентраттарын шығаруға арналған негізгі өндірістік үй-жайларды жерасты үй-жайларында орналастыруға жол берілмейді.

518. Шикізаттар мен қосымша материалдар өндіріске зертханалық зерттеуден кейін ғана жіберіледі.

519. Шикізатты өндіріске дайындау жеке үй-жайда жүзеге асырылады.

520. Шикізаттарды, жартылай фабрикаттар мен қосымша материалдарды ыдысқа салу мұқият тексерілгеннен кейін және ыдыстың бетін ластанудан тазартқаннан кейін ғана ашылады.

521. Тоң май мен майлардан босаған бөшкелер мен бидондар жедел тазартылады, жуылады және буландырылады.

522. Қызанақ пастасы, ақуыз пастасы және басқа да пасталар салынған ыдыстар ашылу алдында жуылады. Ідысты ашқаннан кейін ішіндегінің беткі қабаты тазартыла отырып, мұқият тексеріледі.

523. Қайта өндеуге түсетін барлық шикізаттар бөгде, механикалық қоспаларды алып тастау арқылы мұқият тексеріледі, тазартылады, ұнтақ тәрізді шикізаттар (ұн, құрғақ сүт, құрғақ кілегей, жұмыртқа ұнтағы, крахмал, тамақ қышқылдары, көкөніс ұнтақтары, дәмдеуіштер, қоспалар және басқалары) еленеді, магнит аулағыштардан өткізіледі, дән шикізаты ферроқоспалардан тазарту үшін магнитті қоршаулар арқылы өткізіледі, қос аспирациялы сепараторда тазартылады. Әсіресе бөгде заттардан мұқият тазартылады және жууға жарамайтын ет фаршы және жармалар магнит аулағыштар арқылы өткізіледі.

524. Қайта өндеуге түсетін майлар температуралық режимді қатаң сақтай отырып,  $+55^0\text{C}$  аспайтын температурада ерітіледі. Майды қатты қыздыруға жол берілмейді.

525. Әрбір технологиялық желі шикізатты елеуге арналған жабдықтармен және металл қоспаларды аулауға арналған магнит аулағыштармен қамтамасыз етіледі.

526. Технологиялық желілер бойынша елеу шаруашылығы жүйесі толығымен тиісті нөмірлердегі жарамды електермен жабдықталады. Әрбір ауысым жұмысының алдында електердің жағдайы тексеріледі.

527. Магниттерді тазарту бір ауысымда кемінде 1 рет жүргізіледі. Магниттен түскен жиынтықтар зертханаға тапсырылады. Магнит аулағыштардың жүк көтергіштігі кемінде 12 кг және есептік құжаттамада тіркей отырып, кемінде 10 күнде 1 рет тексеріледі.

528. Технологиялық жабдықтан алынатын өнім қалдықтары "қайтару" деген жазбасы бар арнайы бакқа жиналады және мұқият тазартылған соң және

технологиялық нұсқауларда белгіленген мөлшерде еленгеннен кейін өндірісте пайдаланылады.

529. Еденге құлаған өнім, жабдықтардың сипырындысы "санитариялық ақау" деген белгісі бар арнайы ыдысқа жиналады және өндірістік үй-жайлардан шығарылады. Санитариялық ақауды тағамдық мақсатта пайдалануға жол берілмейді.

530. Жұмыс барысында беті тоң май немесе май қабатымен жабылатын жабдықты, аппаратура мен мүкәммалды тез арада ыстық сумен жуады, дезинфекциялайды.

531. Мүкәммал мен жабдықтарда пайда болған қақтар және күюден қалған дақтар, сондай-ақ жуғаннан кейін қалған май және ақуыз бөлшектері  $+50^{\circ}\text{C}$  температурада 0, 5% кальцийленген сода ерітіндісімен суланады.

532. Сығындыларды тот баспайтын болаттан жасалған арнайы пломбаланған цистерналарда, таза ағаш бөшкелерде, зауыт қаптамасындағы қаңылтыр лакталған немесе шыны ыдыста тасымалдауға жол беріледі.

533. Меласса мен сірнені тек таза металл резервуарларда, цистерналарда сақтауға, тасымалдауға жол беріледі.

534. Меласса мен сірнені төгу үшін су өткізбейтін қатты жабыны бар, шаруашылық ауласының аумағында, топырақ пен ауаны ластайтын жерлерден алыста және жел жағында орналасқан алаңдар жабдықталады.

535. Меласса мен сірнені ағызатын науалар металдан жасалған, жабық пайдаланылады, тазалықта ұсталады. Қабылдағыштардағы люктерді тығыз қақпақтармен жабдықтайды, ал қабылдағыштардың өздерін металдан жасайды. Меласса мен сірне беретін құбырлар механикалық қоспаларды аулауға арналған торлармен жарақталады, кезең-кезеңмен ыстық сумен жуылады және кейіннен сумен мүқият шаю арқылы дезинфекцияланады.

536. Тамақ қышқылдарын өндірген кезде спора бөлімшесінің құрғақ және жақсы желдетілетін үй-жайларын пайдаланады. Үй-жайға құнделікті ылғалды жинау жүргізіледі. Тұқымдалу жүргізілетін үй-жайлардың едені мен қабырғалары кейіннен осы Санитариялық қағидаларға сәйкес бактерицидті шамдармен сәулелендіру арқылы дезинфекцияланады.

537. Ашыту бөлімшесіндегі дәліздер мен қосалқы үй-жайлардың едені мен қабырғалары құнделікті рұқсат етілген құралдармен дезинфекцияланады. Аптасына кемінде 1 рет аппаратура мен құбырлар антисептик ерітіндісімен жуылады. Камераға кіру үшін заарсызданған халаттар мен үшкіл орамалдар қоры көзделеді.

538. Ашыту камерасына кіру алдында қолға және кіргізілетін заттарға спиртпен, арнайы аяқ киімге дезинфекциялық ерітіндімен дезинфекциялау жүргізіледі, ауаны камераға кіру алдында форсунканың сұымен тазалайды.

539. Терең ашыту камерасы участекіндегі еденге, қабырғаларға, аппаратураның беттеріне, ыдыстарға, құбырларға құнделікті дезинфекциялау жүргізіледі.

540. Сұт қышқылын өндіру кезінде ашыту кеспектері әрбір ашыту алдында өнделеді.

541. Шыны және поліэтилен ыдысты обьектіге қабылдау алдында және жуу бөлімшесінен қышқылды құю участекіне берген кезде бракераж жүргізіледі. Сұт қышқылын құюға арналған ыдыс пайдалану алдында жуылады.

542. Сұт қышқылы бар шыны ыдыс бөтен қоспалардың жоқтығына тексеріледі.

543. Шарап қышқылын өндіру кезінде аппаратураны айна кемінде 2 рет шөгінділерден щеткамен тазалайды және сумен жуады. Көгеру белгілері пайда болған кезде жабдық 2-3 сағ ішінде қайнаған сумен өнделеді. Жабдықтың сыртқы беті ауысымына кемінде 1 рет 4 % кальцийленген сода ерітіндісімен сұртіледі және сумен жуылады.

544. Лимон және шарап қышқылдарының дайын кристалдары өлшеп-орағанға дейін таза, қақпақтары бар жарамды бункерлерде сақталады. Сұт қышқылы қолдануға рұқсат етілген материалдардан дайындалған ыдыстарда сақталады.

545. Лимон және шарап қышқылдарын тасымалдаған кезде оларды ылғалдан сақтау үшін шаралар қолданылады.

546. Өндіруші нұсқаулығына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствоны қолдануға рұқсат еткен өзге де жуу құралдарын қолдануға жол беріледі.

## **18. Ашытқылар, желатин өндіру жөніндегі обьектілерге қойылатын талаптар**

547. Ашытқы өсіретін аппараттар ашытқылардың көбею процесінің негізгі параметрлерін автоматты өлшеуге арналған құралдармен, оған су және дезинфекциялық ерітінділер беретін жуу қалпақшаларымен жабдықталады.

548. Дезинфекциялау ерітіндісін дайындау станциясы жұмыс ерітіндісінің бактарынан, ерітіндіні қайтару багынан, су және жуу қалпақшаларына ерітінді беруге арналған және қолданылған ерітіндіні қайтаруға арналған сорғылардан тұрады.

549. Өнім өткізгіштерді жуу және булау үшін су мен бу жүргізіледі.

550. Ашытқының таза өсірінділерін өсіруге арналған цех басқа цехтардан оқшауланады, тазалықта ұсталады.

551. Ашытқылардың таза өсірінділерін әрбір дайындау алдында өсіруге арналған жабдықты, шыны ыдысты, сүзгіні және басқа да пайдаланылатын мүкеммалды заарсыздандыру жүргізіледі.

552. Кептіргіштер мен басқа да жабдықтар вакуумдық қондырғылармен тазартылады.

553. Жабдықтар мен аппараттарды жөндеуден және реконструкциялаудан кейін пайдалануға қосуға жуғаннан, дезинфекциялағаннан кейін және зертханалық бақылаудан кейін жол беріледі.

554. Желатин өндіру кезінде сүйек шикізатын бастапқы өндеуге арналған жабдық (майдың сулы экстракциясына арналған аппараттар, жуу барабандары мен калибрлеу машиналары) одан шикізаттың әрбір партиясын түсірген соң +60 – +70<sup>0</sup>C температурадағы ыстық сумен жуылады.

555. Қайнату қазандары оған тиелген шикізат партиясын қайнату процесі аяқталғаннан кейін өнделеді. Пісірілген қалдықтар тазартылған соң қазандар щеткаларды пайдалана отырып, ыстық жуу ерітіндісімен өнделеді, ыстық сумен шайылады.

556. Сүзгілерді қалыптауға арналған жабдық пен мүкеммал (гидравликалық престер, науалар) әрбір ауысымнан кейін щеткамен сүзгі массалардың қалдықтарынан тазартылады және 10-15 мин ішінде ыстық сумен жуылады. Жабдық апта сайын ыстық жуу ерітіндісімен, содан кейін сумен жуылады және дезинфекцияланады. Дезинфекциядан соң 30-40 мин кейін жабдық сумен жуылады.

557. Истен шыққан сүзгілердің брикеттерін жұмсаартуға қолданылатын машиналар әрбір ауысымның сонында және апта сайын сумен шаю және кейіннен дезинфекциялау арқылы, щетканың көмегімен ыстық жуу ерітінділерімен жуылады. Дезинфекция аяқталған соң 30-40 мин кейін сумен шайылады.

558. Желінің желатинді барабандары әрбір ауысым аяқталғаннан кейін ыстық сумен жуылады және айналатын барабанның үстіңгі қабатына 3 % сутегі тотығы ерітіндісін екі немесе үш рет жаға отырып (шашырату) дезинфекциялайды.

559. Нығызыдағыштың киіз төсемелерін қолданар алдында еріген парафинге 5 мин батыру жолымен ас парафинімен дымқылдайды.

560. Сілікпені салуға арналған жаңа торлар, сондай-ақ жөндеуден кейін торлар щетка қолдана отырып жуу ерітіндісімен жуылады, ыстық сумен шайылады және арнайы камерада 10-15 мин ішінде өткір бүмен

дезинфекцияланады немесе 15-20 мин. ішінде ыстық сумен ( $+90 - +95^{\circ}\text{C}$  температурада) өнделеді.

561. Айналымдағы торлар әрбір желатин плиткаларынан босағаннан кейін ыстық сумен жуылады.

562. Ас желатинің өндіру кезінде вакуум-аппараттарын өндеу апта сайын, технологиялық желатинді өндіру кезінде булау процесі аяқталған соң жүзеге асырылады.

563. Шнектер мен жинауыштар галертадан әрбір босағаннан кейін алдымен сұық, содан соң ыстық сумен 10-15 мин ішінде жуылады және 3 % сутегі тотығы ерітіндісімен шашырату жолымен дезинфекцияланады.

564. Кептіргіш барабандар ас желатинің үнемі кептіру кезінде 10 күн сайын өнделуге жатады. Ас және техникалық желатинді бір жабдықта кептірген кезде өндеуді ас желатинің әрбір кептіру алдында жүргізеді. Өнімді түсірген соң барабандар желатин қалдықтарынан толығымен тазартылғанға дейін жылы сумен жуылады, содан соң 25-30 мин ішінде ыстық сумен өнделеді.

565. Кептіргіш каналдар сілікпені кептіру кезінде ауысымына кемінде 2 рет 15 мин ішінде күкіртті ангидридпен өнделеді.

566. Желатинді ұсақтауға арналған балға тәрізді ұнтақтағыштар әрбір ауысым соңында желатин шаңының қалдықтарынан щеткалармен механикалық тазаланады. Ай сайын ұнтақтағыштар мен құбырлар механикалық тазалау, жуу және 3 % сутегі тотығы ерітіндісімен дезинфекциялау жүргізе отырып, демонтаждалады.

567. Сілікпенің лентасын кесуге арналған мусаттар, пышақтар стерилизаторларда әрбір 2 сағ сайын дезинфекцияланады.

568. Технологиялық жабдықты механикалық тазалауға арналған щеткалар жуу ерітіндісімен жуылады және рұқсат етілген құралдармен дезинфекцияланады.

569. Сұзгі материалы сорпаның әрбір партиясын құйған соң ауыстырылады. Бұрын қолданыста болған дәке сұзгілер ыстық сумен жуылады және стерилденеді.

570. Меласса таза, пломбаланған ыдыстарда тасымалданады. Меласса мен басқа да сұйықтықтарды жерасты ыдыстарына құю жабылатын қақпағы бар қабылдау ұралары арқылы жүргізіледі.

571. Мелассадағы механикалық қоспаларды аулау үшін оның қоймаға және қоймадан өндіріске түсіү алдында металл торлар орнатылады.

572. Биіктігі 3 м астам меласса қоймасында үстіңгі люктерден басқа (бак қақпағында) қойманы тазалау, жуу және жөндеу үшін төменгі люктер жабдықталады.

573. Мелассаны және басқа да сұйық материалдарды  $+25^{\circ}\text{C}$  температураға дейін цистерналарда жылытуға жол берілмейді.

574. Меласса қоймасында және аммиакты суды, күкірт қышқылы мен басқа да сұйық материалдарды сақтауға арналған ыдыстарда атмосфераға газдарды бөлу құрылғылары, жоғарғы деңгейді автоматты блоктау немесе құю қондыргылары көзделеді.

575. Қышқылдарды, сілтілер мен басқа да улы сұйықтықтарды сақтауға арналған ыдыстарда ескертпе жазулар жазылады.

576. Концентратталған күкірт қышқылы болаттан жасалған ыдыстарда сақталады. Күкірт қышқылының сұйылтылған ерітінділерін (70 % төмен) қышқылға төзімді ыдыстарда сақтауға жол беріледі.

577. Қышқылдар мен сілтілерге арналған барлық ыдыстар мен өлшеуіштерде автоматты жұмыс істейтін апattyқ қақпағы немесе қызмет көрсететін персоналдың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін басқа да аспаптар, сондай-ақ бастапқы ыдысқа бөлу арқылы құю құбырлары бар деңгей көрсеткіштері болады.

578. Кептірілген ашытқылар  $+15^{\circ}\text{C}$  жоғары емес температурада, қапталған желатин  $25^{\circ}\text{C}$  жоғары емес температурада және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 85 % аспайтын оқшауланған құрғақ үй-жайларда сақталады. Ашытқы сүті 0-ден  $+10^{\circ}\text{C}$  температурада сақталады және тасымалданады.

## **19. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнеркәсібі объектілерін (оның ішінде элеваторлар мен наан қабылдау пункттерін) күтіп-ұсташаға қойылатын талаптар**

579. Қазақстан Республикасының аумағында өткізуғе арналған шығарылатын бірінші және екінші сұрыпты бидай ұны құрамында темір бар витаминдермен, минералдармен және басқа да заттармен міндettі байытуға (фортификациялауға) жатады.

580. Өндірістік үй-жайлардың құрамында технологиялық процестің ағымдылығын ескере отырып, қаптарды және пакеттерді дайын өніммен толтыруға арналған арнайы жабдықталған үй-жайлар бөлінеді. Дәндерді, жармаларды және ұнды салуға пайдаланылған қаптар тазаланады, кептіріледі және жеке, жылытылатын, сору-сыртқа тарату желдеткішімен жабдықталған үй-жайларда дезинфекцияланады.

581. Ұн тарту, жарма және крахмал-сірне өнімін қаптарға түюге және пакеттерге қаптауға арналған үй-жай басқа өндірістік және қойма үй-жайларынан оқшауландырылады.

582. Суспензия, тұқымдарды дәрілеуге арналған үй-жайлар басқа үй-жайлардан оқшауланады. Тұқымдарды дәрілеуге арналған құралдар жеке оқшауланған үй-жайда сақталады.

583. Қаптарға салынған тұқымдарды сақтауға арналған қоймалардың жүктің орнын ауыстыру үшін еңістер мен көлік құралдарымен көп қабатты болуына жол беріледі.

584. Едендері тегіс механикаландырылған, оның ішінде аэронауалармен жабдықталған астық қоймаларында конвейерге шығару тесіктерінің үстінде олардың ортасында жұмыс істеушілерді шұңқырға тартудан қорғайтын тік бағаналар орнатылады.

585. Механикаландырылған астық қоймаларын тік бағанасыз немесе пирамидалы торсыз пайдалануға жол берілмейді.

586. Азық-тұліктер үймесін шығару қондыргысына ауыстыру процесі механикаландырылады. Жұмысшылардың үймеге баруына жол берілмейді. Едені тегіс қоймалардың өтетін галереялары сору желдеткішімен жабдықталады.

587. Едені еңіс астық қоймаларында жоғарғы конвейер барлық биіктігіне төбеле дейін қоршаумен жабдықталады. Есіктерді ашқан кезде төменгі конвейер жетегінің электр қозғалтқышын автоматты түрде ажырату көзделеді.

588. Силостар мен бункерлердің орналасқан жеріне қарамастан, тиеу және ермелеу люктерінің құрылғылары бар, еденмен бір деңгейде тығыз жабылатын және құлышқа жабылатын ұяшықтары бар сақтандыратын торлармен жабдықталған тұтас жамылғы көзделеді.

589. Барлық силостар мен бункерлер аспирациялық құрылғылармен, жеке қондыргының шаңын жинауға және сақтауға арналған бункермен жабдықталады.

590. Астық сақтауға арналған силостар мен бункерлер толығымен төгуді қамтамасыз ететін құрылғылармен жабдықталады.

591. Ғимараттардың жертөле қабаттары мен жерасты туннельдерінің құрылғысы оларға жерасты сұнының кіруін болдырмайтын болып көзделеді.

592. Жұмыс істеу барысында шаң пайда болатын барлық машиналар мен тетіктер, сондай-ақ силостар мен бункерлер жергілікті аспираторлармен жабдықталады.

593. Циклондардың шығаратын құбырлары өздері орнатылған ғимарат шатырынан 2 м жоғарыға шығарылады. Элеватордың жұмыс ғимаратының сепаратор үй-жайларында сыртқы ауаның кіруі көзделеді.

594. Жылдың сұық және ауыспалы мезгілдерінде жылдытылатын өндірістік үй-жайлардағы тұрақты емес жұмыс орындарында ауаның температурасы  $+10^{\circ}\text{C}$  төмендеген кезде және ауа қозғалысының жылдамдығы 0,7 м/сек артқанда жұмыс істеуге жол беріледі.

595. Объектілер металл магнитті қоспаларды шығаруға арналған арнайы қондырғылармен қамтамасыз етіледі. Магнитті қоршаулар металл магнитті қоспаларды толық ұстая есебімен орнатылады.

596. Сепараторлардың, құрғак қауыздау, щеткалы, жуу машиналарының, триерлердің, қарқынды ылғалдандыру шнектерінің және дән қауызын ылғалды аршуға арналған машиналардың, көлемдік дозаторлардың, білікті станоктардың, ұнтақтағыштың, соққылау, үгу, тегістеу, қауызынан аршу машиналарының, энтөлейторлардың және соққылау әсерін беретін басқа да машиналардың алдында, сондай-ақ дайын өнім мен жемдік дән өнімдерін бақылайтын орындарда магнитті қоршаулар орнатылады.

597. Жабдықтардың аспиранторлары түмшаланған, машиналардың аспирациялық камералары шаң өткізбейтін, клапандары сорулардың еркін шығарылуын, шаңның пайда болмауын және ауаны соруды болдырмауды қамтамасыз етеді.

598. Барлық аспирациялық қондырғылар технологиялық және көлік жабдығымен блокталады, жұмысқа технологиялық және көлік жабдығы қосылғанға дейін 20 сек бұрын қосылады және ол тоқтаған соң 20-30 сек кейін сөнеді. Жабдық жұмыс істеп тұрган кезде аспирациялық қондырғыларды сөндіруге жол берілмейді.

599. Аспирациялық желілер айына кемінде үш рет қаралады, паспорт деректерін салыстыру арқылы жылына кемінде бір рет бақылау сынақтарынан етеді.

600. Пневматикалық көлікке арналған жоғары қысымды ауа үрлейтін машиналар мен желдеткіштер ауа үрлейтін машиналар мен желдеткіштерден кейін, ал жекелеген жағдайларда машиналарға дейін сөндіргіштерді орната отырып жеке дыбыстан оқшауланған үй-жайларда, дірілден оқшаулайтын ұлтандарда орнатылады.

601. Ідис жүктөріне арналған жылжымалы конвейерлерде бүйірлеріндегі ленталар құлаудан сақтайтын биіктікте ернеудің ұзына бойына бекітіледі, транспортерден қаптарды қабылдау үшін арнайы қабылдау үстелі орнатылады.

602. Жуу машиналары жылытылатын үй-жайларда ернеуі бар, металл немесе бетон легендерде орнатылады. Сығу бағанасы бар жуу машинасының қабымықты, саңылаусыз, жуу машинасының айналасындағы еден құрғак болады.

603. Қаптарды қағуға арналған машиналар мен аппараттар қапты шаңнан және қамырдың қабығынан тазалау процесінде оны қолмен ұстая қажеттілігін болдырмайды. Қапты қолмен ұстайтын машиналарды пайдалануға жол берілмейді. Нан қорларының зиянкестерін жүқтывған қаптарды астық қоймасы аумағының ашық ауасында тазалауға және қағуға жол берілмейді.

604. Астықты тазалау жеке үй-жайларда шаң ұстағыштарды пайдалана отырып, жүргізіледі. Осы жұмыстарды астық сақтау қоймаларында жүргізуге жол берілмейді.

605. Силостар мен бункерлерде сақталатын астықтың температурасын тексеру стационарлық немесе жылжымалы қондырғылармен жүзеге асырылады. Жұмыскерлерді астық сақтауға арналған силостар мен бункерлерге тұсіру негізделген қажеттілік болғанда және арнайы жүкарбаның көмегімен жүргізіледі. Тұсіру алдында силос немесе бункер желдетіледі.

606. Дайын өнімдерді сақтауға арналған қойма үй-жайлары мен ыдыстар атмосфералық және жерасты суынан оқшауландырылады.

607. Қойманы немесе оның бір бөлігін әрбір босағаннан кейін механикалық тазарту, нан қорларының зиянкестерін жүқтყырған жағдайда ылғалды немесе газды әдіспен дезинсекциялау жүргізіледі.

608. Зиянкестер жүқтყырған қоқыс, шаң мен астық жүқтყырмаған астық сақтауға арналған қоймадан жеке орналасқан оқшауланған үй-жайды сақталады. Сыптырындыны, қоқысты және шанды қойма үй-жайының ішінде сақтауға жол берілмейді.

609. Бір қоймада зиянкестер (жәндіктер және кеміргіштер) жүқтყырған өнім мен таза өнімді сақтауға жол берілмейді.

610. Қоймаға дайын өнімді орналастыруды және сақтауды өнімнің әрбір түріне, сұрпына және дайындалған күніне қарай жүзеге асырады.

611. Көлік құралдары күн сайын жұмыстан соң тазаланады және жуылады, ал жүқтყырған астықпен жұмыс кезінде дезинфекцияланады.

612. Өндірістік үй-жайларды жинау пневматикалық немесе механикалық әдіспен жүргізіледі. Үй-жайларды жинау кезінде жанғыш сұйықтықтарды пайдалануға жол берілмейді. Жинау кезінде астық таза брезентпен жабылады.

613. Өнімдерді сақтау тاماқ өнімінің нақты түріне арналған қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес олардың сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін, белгіленген температуралық режим жағдайларында жүзеге асырылады.

614. Сусымалы өнімдерді құрғақ, жақсы желдетілетін, зиянкестер (жәндіктер, кеміргіштер) жүқтყырмаған қоймаларда нормативтік құжаттарды сақтай отырып, сақтайды.

615. Қоюландырылған крахмал өнімдері (сірне, шәрбаттар, жасыл сірне), сондай-ақ қоюландырылған жүгері сығындысы ерекше сақтау шарттарын қажет етпейді.

## **20. Тағамға биологиялық белсенді қоспаларды өндіруге қойылатын талаптар**

616. Тағамға биологиялық белсенді қоспаларды даярлау кезінде биологиялық белсенді қоспалардың тиімділігін қамтамасыз ететін және адамның денсаулығына зиянды әсер етпейтін биологиялық белсенді заттар, тамақ компоненттері және олардың көзі болып табылатын өнімдер пайдаланылады.

617. Тағамға биологиялық белсенді қоспаларды өндіру кезінде заманауи ғылыми зерттеулер деректері бойынша адамның өмірі мен денсаулығына қауіп тәндіретін және қолдануға тыйым салынған, мемлекеттік тіркеуден өтпеген биологиялық белсенді заттарды, тамақ компоненттерін және өнімдерді пайдалануға жол берілмейді.

618. Тағамға биологиялық белсенді қоспалар, тамақ компоненттері мен өнімдер құрамына қатты әсер ететін, есірткі немесе улы заттардан тұратын өсімдіктерді, сондай-ақ тағамға биологиялық белсенді қоспалар құрамына пайдалануға Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған басқа да биологиялық белсенді заттарды, тамақ компоненттері мен өнімдерді қосуға жол берілмейді.

619. Тағамға биологиялық белсенді қоспалар өндірісін тамақ өнімінің гигиеналық қауіпсіздік нормативтеріне сәйкес қамтамасыз етеді.

620. Тамақ өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін гигиеналық бағалау Санитариялық қағидалардың 17-қосымшасына айқындалады.

"Тамақ өнімдерін өндіру  
жөніндегі объектілерге қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитариялық қағидаларына  
1-қосымша

нысан

### **Су құбырлары мен кәріздегі аварияларды анықтау және оларды жою мен жөндеу жұмыстарын есепке алу журналы**

p/ с №	Авария орны, күні және уақыты	Бұзылу сипаты	Жөндеу күні және уақыты	Т.А.Ә. (бар болғанда) немесе үйымның атауы, су құбыры желісін дезинфекциялау қалай және қашан жүргізілді	Су құбыры желісіне дезинфекциялау жүргізілгеннен кейінгі су талдауларының нәтижелері	Учаскеге жауапты және жөндеу жүргізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7

"Тамақ өнімдерін өндіру  
жөніндегі объектілерге қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитариялық қағидаларына  
2-қосымша

## **Өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімдерінің жекелеген түрлерінің тізбесі**

1. Қатты сұрыпты ірімшіктер.
2. Маргарин.
3. Майонез.
4. Кетчуп.
5. Балық және балық өнімдері.
6. Консервіленген өнім.

"Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
3-қосымша

Нысан

## **Цех қызметкерлерін медициналық қарап тексеру нәтижелерінің журналы**

Цех (бригада) \_\_\_\_\_

—  
Басшы (бригадир) \_\_\_\_\_

—  
тегі, аты, әкесінің аты (бар болғанда)

Т.А.Ә. (бар болғанда)	Цех, лауазымы	Айы/күні								
		1*	2	3	4	5	6	...	30	

Ескертпе \* дені сау, науқас, еңбек демалысы, демалыс күндері, жұмыстан шеттетілген.

"Тамақ өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларына  
4-қосымша

## **Сүт өніміне арналған ыдыс тазалығының микробиологиялық көрсеткіштері**

p/ с №	Зерттелетін объектілер	Зерттелетін беті (см немесе саны)	см3 бактериялардың жалпы саны немесе ашыту сынамасының нәтижесі	
			жақсы	нашар

1	2	3	4	5
1	Теміржол сұт цистерналары (қақпағы, қабыргасы, бұрышы, түбі)	100 см <sup>2</sup>	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болмауы	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болуы
2	Автомобиль сұт цистерналары (қақпағы, қабыргасы, бұрышы, түбі), қалаішілік айналымдағы сұт цистерналары (қақпағы, қабыргасы, бұрышы, түбі), флягалар, ағаш шелектер, құбыр (крандар), резервуарлар (қақпағы, қабыргасы, бұрышы, түбі)	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
3	Резервуарлар (резенкесі, бұлғауышы, қуыс бұргысы, жоғарғы кран, төменгі кран, ұш жолды кран, шыны тұтіктің саңылауы)	Барлық беті	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болмауы	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болуы
4	Цилиндрлер, кран	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
5	Аяу тұтігі, резенке	Барлық беті	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болмауы	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болуы
6	Шөлмектер, банкілер	1 0 шөлмектің барлық ішкі беті	100 және одан кем	100 астам
8	Құтыларға, банкілерге арналған қақпақтар мен тығындар	Барлық беті	100 және одан кем	100 астам
9	Ашытуға арналған ванналар (қақпағы, қабыргасы, бұрышы, түбі, бұлғауыш, кран мен құбыр)	100 см <sup>2</sup>	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болмауы	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болуы
10	Сұт өнімдеріне арналған жәшіктер (қақпағы, қабыргасы, түбі), сүзбе жасауга арналған ванналар (қабыргасы, бұрышы, түбі, жалғастығы), сүзбеге арналған қапшықтар	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
11	Сұт өнімдерін өлшеп-орауға арналған автоматтар: ОЗК (бункер, бұлғауыш, дозатор, пуссон, өлшеп-оралған өнімге арналған екі ұя, қағаз, транспортер)	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
12	Сұт өнімдерін өлшеп-орауға арналған автоматтар: бұлғауыштар, дозатор, пуссон, өлшеп-оралған өнімге арналған ұшықтар, қағаз, транспортерлер, шөміштің түбі, шөміш қабыргасы)	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
13	Митрофанов пресс-сүйтқышы (қабыргасы, барабан, білікшелер)	100 см <sup>2</sup>	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болмауы	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болуы
14	Сузбенің өздігінен престелуіне арналған ванналар (қабыргасы, бұрышы, түбі, торы)	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай

15	Май жасау және ірімшік жасау өндірістерінің жабдығы (ірімшік ванналары, ірімшік, май дайындаушылар)	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
16	Вакуум-аппарат (сүт кіргізуге арналған келте құбыр, қабырғасы, қақпағы, катализатор тұтікшелері, қойылтылған сүт шығатын сағаның келте құбыры)	100 см <sup>2</sup>	500 және одан кем	500 астам
17	Вакуум-кристалданырғыш (қабырғасы, бұлғауышы, дайын өнім шығатын сағаның келте құбыры)	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
18	Күйгыш-жапқыш машина (шағын бақ, қойытылған сүтті дозалауга арналған өлшеуіш стакан және т.б.)	Бұл да сондай	250 және одан кем	250 астам
19	Басқа да сүт мүккаммалы мен ыдыстар	Бұл да сондай	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болмауы	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болуы
20	Ағаш жабдық	Бұл да сондай	Өңез өсүінің болмауы	Өңездің өсуі
21	Қызметкерлердің қолдары	Екі қолдың (білеқ) барлық беті	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болмауы	Ішек таяқшалары т о б ы бактерияларының болуы

"Тамақ өнімдерін өндіру  
жөніндегі объектілерге қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитариялық қағидаларына  
5-косымша

## Балмұздақ өндірісі объектілерінің үй-жайларының жиынтығы

P/ с №	Үй-жайлардың атауы
1	2
1	Температурасы +6°C аспайтын шикізатты сақтауға арналған салқыннату камералары
2	Балмұздақ өндірісінде пайдаланылатын ингредиенттерді сақтауға арналған салқыннатылмайтын қойма
3	Ыдыстарды, қаптау материалын, мүккаммалы сақтауға арналған қойма үй-жайлары
4	Шикізатты ыдысынан босату және оны өндіріске дайындау үй-жайлары
5	Дайындау бөлімшесі
6	Аппарат бөлімшесі
7	Фризерлеу-өлшеп-орau бөлімшесі
8	Мұздату камерасы
9	Балмұздақты сақтауға арналған камера
10	Құрамында қамыр илейтін үй-жайы мен вафли пісіретін және сақтайтын үй-жайы бар вафли өндіретін бөлімшесі. Дайын вафельді стакандарды пайдаланған кезде осы бөлімшесі болмайды
11	Өндірістік ыдысты, мүккаммалы және ыдысты жууга арналған жуу бөлімшесі
12	Бактериологиялық бөлімшесі бар өндірістік зертхана

"Тамақ өнімдерін өндіру  
жөніндегі объектілерге қойылатын

## Тамақ өнімін қайта өндіу және өндіру жөніндегі объектілерде бактерицидті шамдарды қолдану

Бактерицидті шамдар УК-сәулелерін тарататын, патогендік те, сапрофиттік микрофлораға да жою әсерін тигізді. Сондықтан оларды өндірістік үй-жайлардың, қоймалардың, бактериологиялық зертханалардың және бокстардың ауасын залалсыздандырылу үшін қолданады. Бұдан басқа, бактерицидті шамдарды қаптау материалдарының, ыдыстардың бетін залалсыздандырылу үшін қолданады.

Өнеркәсіpte бірнеше типті бактерицидті шамдар – 127 Вольт және 220 Вольт кернеулігіне арналған бактерицидті шамдар шығарылады. Төменде 220 Вольт кернеулігіне арналған шамдардың сипаттамалары келтірілген.

Шамдар	Куаттылығы, Ватт	Кернеуі, вольт	Шамдар бактерицидтік әсер беретін үй-жайдың температуrasesы, °C
БУВ - 30	30	220	10-25
БУВ - 60-11	60	220	5-25

Бактерицидті шамдарды тиісті қуаты бар жарық беретін люминесценттік шамдар үшін қолданылатын қосу аспаптарының көмегімен қосуға болады. Қосу аспабынсыз желіге қосылған шамдар лезде күйіп кетеді. Шамдар радиокедергілерден конденсаторлармен қорғалуы тиіс. Шамдар ішкі жағынан алюминий бояумен боялған күнқағарлармен немесе шағылыстырылғыштармен жабдықталады.

УК-сәулелендіруді шағылыстырышы бар және шағылыстырышсыз бактерицидті шамдарды пайдалану арқылы ауаны залалсыздандыру үшін қолдану ұсынылады. Шамдарды белгілі бір участекке (қабырға, тәбе, есік және басқалар) немесе жылжымалы қондырғыға тұрақты бекітіп қояды. Қондырғы доңғалақты аяғы бар 1,5-2 метрлік тік металл осытан тұруы мүмкін, оған бір және одан көп шам бекітіледі. Сәулелі бүркеніш жасайтын саңылауы бар софит-шамдар да пайдаланылады.

Бактерицидті шамдардың әсері кестеде көрсетілген белгілі температурасы бар үй-жайлардаған тиімді. Температурасы аса жоғары үй-жайларда шамдар күйіп кетеді, ал температурасы аса төмен үй-жайларда шам жанбайды. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 65-75 % артса, УК-сәулелерінің бактерицидтік әсері төмендейді.

Ауаны УК-сәулелендіруге арналған қондырғылар үй-жайдың: 1 м<sup>2</sup> – 2-2,5 Вольт есебінен жасақталады.

Шамның қуатын үй-жайдың 1 м<sup>2</sup> сәулелендіру үшін қажетті болатын ватт санына бөледі. Мысалы, БУВ-60 шамы болса, 60 Вольт шамның қуатын 2-ге немесе 2,5 бөледі. Нәтижесі көрсеткендей, бір БУВ-60 шамы көлемі 24-30 м<sup>2</sup> болатын үй-жайдың сәулеленуін қамтамасыз ете алады.

Сәулелендіру тәртібі.

Ауаны залалсыздандырылуға кейіннен бір сағатқа үзіліс жасап, одан әрі 2-3 сағат бойы сәулелендіру арқылы үздіксіз сәулелендірумен қол жеткізіледі. Тәулігіне сәулелендіру уақытының жиынтығы 6-8 сағ. сәйкес келеді. Сәулелендірілетін үй-жайда қызметкерлер болған жағдайда, еденнен кемінде 2-2,5 м деңгейде ілінген төмөнгі шағылыстырыштары бар шамдар пайдаланылады . Тұнгі уақытта, ауысымдар арасындағы аралықта, арнайы үзілістерде қосылатын экрандалмаған шамдарды қолдануға жол беріледі. Бұл ретте сәулелендірудің осы алаңындағы шамдар санын арттыруға (1 см<sup>2</sup> –ке 4 Вольт есебінен) және осылайша сәулелендіру уақытын екі есеге қысқартуға жол беріледі.

"Тамак өнімдерін өндіру  
жөніндегі объектілерге қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық  
талаптар" санитариялық қағидаларына  
7-қосымша

## **Сұт және сұт өнімін өндіру жөніндегі қуаттылығы аз объектілердің үй-жайларының жиынтығы және олардың ең аз ауданы**

№ р/ с	Үй-жайлардың атауы	Ең аз ауданы
1	2	3
1	Сұт қабылдау бөлмесі	6 м <sup>2</sup>
2	Өндірістік мүкеммалды жуу бөлмесімен біркітілген өндірістік цех	30 м <sup>2</sup>
3	Айналымдағы ыдысты жуу бөлмесі	6 м <sup>2</sup>
4	Сұт үйітатын бөлме (қолдануға дайын үйітқыларды пайдаланған жағдайда үйіту бөлмесін өндірістік цехпен біркітіруге жол беріледі)	6 м <sup>2</sup>
5	Дайын өнім қоймасы	14 м <sup>2</sup>
6	Қолданыстағы НҚА талаптарына сәйкес үй-жайлар жиынтығы бар өндірістік зертхана	
7	Киім іletін орны бар тұрмыстық үй-жайлар	6 м <sup>2</sup>
8	Дәретхана бөлмесі	3 м <sup>2</sup>
9	Әкімшілік үй-жайлар	-

"Тамак өнімдерін өндіру  
жөніндегі объектілерге қойылатын  
санитариялық-эпидемиологиялық

## **Сүт және сүт өнімдерін өндіру жөніндегі объектілерде микробиологиялық бақылауды ұйымдастыру сыйбасы**

Зерттелетін технологиялық процестер мен материалдар	Зерттелетін объектілер	Талдаудың атауы	Сынама алу орны	Бақылау кезеңділігі
1	2	3	4	5
Объектіге келіп түсетін шикізат	Шикі сүт	Редуктазды сынама Ингибиторлаушы заттар	Өнім берушінің кілегейі мен сүтінің орта сынамасы	Он күнде 1
	Шикі кілегей	Редуктазды сынама	Бұл да сондай	Бұл да сондай
	Стерилдеуге жіберілетін сүт пен кілегей	Мезофильді аэробтық бактериялардың споралары	Бұл да сондай	Дайын өнім бүлінуі пай болған жағдайда
Пастерлеу	Пастерлеуге дейінгі сүт пен кілегей	Бактериялардың жалпы саны	Пастерлеуге дейінгі ыдыстап	Айна 1 ре
	Пастерлеуден кейінгі сүт пен кілегей	Бактериялардың жалпы саны	Салқындану секциясынан шығатын краннан	Он күнде 1
	Пастерленген сүт	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	Он күнде 1
		Бактериялардың жалпы саны	Бөліп құю кезінде танкіден алу	Айна 1 ре
		Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	Бұл да сондай
	Тұтынушының ыдысынан алынған сүт пен кілегей	Бұл да сондай	Бөліп құю цехындағы шөлмектен	Бұл да сондай
	Тұтынушының ыдысынан алынған сүт пен кілегей	Бактериялардың жалпы саны	Экспедициядағы шөлмектен	5 күнде реттен жи емес
		Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	Бұл да сондай
Стерилденген сүт өндірісі	Стерилдеген сүт	Өнеркәсіптік стерилділігін айқындау	Бақылау қолбасынан	Аптасына 2 рет
	Үйдистарға құйылғаннан кейінгі стерилденген сүт	Бактериялардың жалпы саны, термофильді бактериялардың споралар саны	Құйылғаннан кейін шөлмектерден алынған	Ауысымда рет 1 шөлмектен
			Өлшеп-орау автоматынан кейін 1 сағаттан соң 1	

	Стерилденген сүт (дайын өнім)	Өнеркәсіптік стерилділігін айқындау	пакеттен (ВТИС пен Сорди) және ауысым ішінде 2 шөлмектен (сатылы тәсіл жағдайында )	Аптасына 2 рет
	Пастерлеуден кейін ұйытуға арналған сүт	Ішек таяқшалары тобының бактерияларын айқындау  Пастерлеудің тиімділігіне сынама алу	Ұйыстан алынған  Ұйыстан алынған	10 күнде 1 ғ
	Айран ұйытқысы, пастерленген сүттің таза өсірінділердегі ұйытқысы	Ұйыту уақыты, қышқылдығы, органолептикалық бағалау  Микроскопиялық препарат	Саңырауқұлак және өнеркәсіптік ұйытқылары бар барлық ұйыстан	Күнделікті
	Стерилденген сүттегі таза өсірінділердің ұйытқысы	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	Бұл да сонд
	Пастерлеуге дейінгі сүт	Ұю уақыты, микроскопиялық препарат	Бұл да сондай	Бұл да сонд
Ашыған сүт өнімдерін өндіруге арналған ұйытқыны бакылау		Бактериялардың жалпы саны  Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Партияның 1 бидонынан ірікten алу  Тенгеру күбішесінен  Бұл да сондай	Ашыту ұзактығы арткан жағдайда күнделікті
		Бактериялардың жалпы саны	Салқыннату секциясынан шығатын краннан	Айна 1 реттен сиретпей шікі сүт зерттеумен мезгілде)
		Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	10 күнде 1 ғ
	Ұйытқыны қосу алдындағы сүт	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Ванналардан	Айна 1 сиретпей

	Ұйытқыны косқаннан кейінгі сүт	Бұл да сондай	Ванналардан немесе танкілерден	Бұл да сонд
	Бөліп құю алдындағы ашытылған сүт (резервуарлық тәсіл жағдайында)	Бұл да сондай	Танкілерден	Бұл да сонд
	Бөліп құйылғаннан кейінгі ашытылған сүт (резервуарлық тәсіл жағдайында)	Бұл да сондай	Шөлмектерден	Бұл да сонд
	Шөлмектерге құйылғаннан кейінгі ашыған сүт (резервуарлық тәсіл кезінде )	Бұл да сондай	Құю цехындағы шөлмектерден	Бұл да сонд
	Шөлмектерге құйылғаннан кейінгі ашытылған сүт (термостаттық тәсіл жағдайын да)	Бұл да сондай	Құю цехындағы шөлмектерден	Бұл да сонд
Дайын өнім		Бұл да сондай	Экспедициядағы ыдыстардан	5 күнде реттен сирептей
	Микроскопиялық препарат	Бұл да сондай		Бұл да сонд
Сұзбе өндірісі	Ваннадағы пастерленген сүт	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Ванналардан	Айна кемінде 2 р
		Термотұрақты сүт қышқылды таяқшалардың болуы	Ванналардан ірікten алынған	"Шамадан қышқылдың пайда болға кезде
	Ашытылған сүт және үйітынды	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Ванналардан	Айна 2 реттен сирептей
	Престеуден кейінгі сұзбе	Бұл да сондай	Партиясынан	Күніне 1 реттен сирептей
	Салқыннатылғаннан кейінгі сұзбе (дайын өнім)	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	Күніне 1 реттен сирептей
		Микроскопиялық препарат	Бұл да сондай	
	Ірі сүт зауыттарына немесе тоңазытқыш базаларына жөнелтілетін сұзбе	Бұл да сондай	Бөшкелерден немесе кораптардан	Әр партиясы
	Зауыттар мен тоңазытқыш базалары қабылдайтын сұзбе	Бұл да сондай	Бұл да сондай	5 күнде реттен сирептей

	Ақ ірімшік коспасы (дайын өнім)	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	5 күнде реттен сирептей
	Ақ ірімшік (дайын өнім)	Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай
Қаймақ өндірісі	Пастерлеуге дейінгі кілегей	Бактериялардың жалпы саны	Ваннадан	Айна 2 реттен сирептей
		Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	Бұл да сондай
	Пастерлеуден кейінгі кілегей	Бактериялардың жалпы саны	Пастеризатордан	10 күнде 1 рет
		Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Пастеризатордан	Айна 2 рет
	Ашыту алдындағы кілегей	Бұл да сондай	ваннынадан	Бұл да сондай
		Термотұрақты сүт қышқылды таяқшалардың болуы	Бұл да сондай	Өнімде Шамадан т қышқылды пайда болға жағдайда
Май мен ірімшікке арналған ұйытқы өндірісі	Аштылғаннан кейінгі кілегей	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Ваннадан	Айна 2 рет
	Салқындастылғаннан және елшеп-оралғаннан кейінгі қаймақ (дайын өнім)	Бұл да сондай	Күбілерден, флягтардан, құтылардан, қораптардан	3 күнде реттен сирептей
		Микроскопиялық препарат	Бұл да сондай	3 күнде реттен сирептей ж өнімде "кең" пайда болға жағдайда
	Ірі сүт зауыттарына немесе тоңазытқыш базаларына жөнелтілетін қаймақ	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Флягтардан	Әр партиясы
	Зауыттар мен тоңазытқыш базалары қабылдайтын қаймақ	Бұл да сондай	Бұл да сондай	5 күнде реттен сирептей
	Шикі сүт	Редуктазды сынама	Сүттің әр партиясынан	Аптасына 2 рет
	Пастерлеуден кейінгі сүт	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Ұйытқы салғыштан	10 күнде 1 рет
	Ұйытқы (бастапқы, аустырып отырғызылатын және өндірістік)	Микроскоппен қарау	Әр ыдыстан	Күнделікті
		Бұл да сондай	Бұл да сондай	Бұл да сондай

	Өндірістік ұйытқы	Ацетоин+ диацетил мен көмір қышқылының болуы	Нұсқаулыққа сәйкес	Айна 1 ретten сиретпей
	Аналық және өндірістік ұйытқылар	3.23.3 бойынша бақылау	Бұл да сондай	Бұл да сонд
Ірімшік өндірісі	Шикі сүт	М ә й е к ашытқысының сынамасы	Әр өнім берушіден сүттің орта сынамасы	10 күнде 1 ғ
		Ашу сынамасы	Бұл да сондай	Бұл да сонд
		Мезофильді, анаэробты, сүтті ашытатын бактериялардың жалпы саны	Бұл да сондай	Бұл да сонд
	Пастеризатордан алынган сүт	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бұл да сондай	Бұл да сонд
		Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Пастеризатордан	10 күнде 1 ғ
	Пастерлеуден кейінгі сүт (ұйытқыны қосу алдында)	Бұл да сондай	Ваннадан немесе ірімшік дайындағыштан	Бұл да сонд
		Мезофильді, анаэробты, сүтті ашытатын бактериялардың жалпы саны	Бұл да сондай	Бұл да сонд
	Престеуден кейінгі ірімшік	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бір бастан іріктеп	10 күнде 1 ғ
		pH айқындау	Әр пісрімде	
	Пісіп жетілу соңындағы ірімшік	Ішек таяқшалары тобының бактериялары	Бір бастан іріктеп	Әр партиян
		Мезофильді, анаэробты, сүтті ашытатын бактериялар спораларының жалпы саны	Бұл да сондай	Кебу болған жағдайда
